Жакипбеков Кайрат Сапарханович – PhD, ассоцированный профессор, Заведующий кафедрой организации, управления и экономики фармации и клинической фармации, НАО «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова», город Алматы, РК, e-mail: zhakipbekov.k@kaznmu.kz
Азаматова Әнел Қайратқызы – Магистр медицинских наук, инженер технолог, АО «Научный центр противоинфекционных препаратов», город Алматы, РК, тел.: +77473859268, e-mail: azamatovaanel@mail.ru , https://orcid.org/0009-0001-1344-2882
Шепилов Даниил Алексеевич – магистр технических наук**,** научный сотрудник АО «Научный центр противоинфекционных препаратов», Алматы, Казахстан, e-mail: shepilov2002@gmail.com, https://orcid.org/0009-0003-0471-0587
Жантуриев Болат Меирбекович – кандидат медицинских наук, заведующий лабораторией биологических испытаний Испытательного центра с лабораториями территориального филиала в г. Алматы Национального центра экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий Министерства здравоохранения Республики Казахстан, Алматы, Қазақстан, e-mail: bubameyer62@gmail.com, https://orcid.org/0009-0007-0775-4226
Азембаев Амиркан Аканович – доктор фармацевтических наук, директор АО «Научный центр противоинфекционных препаратов», город Алматы, РК, тел.: +77013526847; e-mail: amirakan@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0044-9233

Авторлар жайлы ақпарат:
Таганов Жасур Ибрагимович – Техника ғылымдарының магистрі, «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ, Тәжірибелік өндіріс меңгерушісі, Алматы қ., ҚР, +77767253735, e-mail: taganovjasur@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2765-785X
Сүйін Еңлік Мұратқызы – Техника ғылымдарының магистрі, «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ, GMP сапаны қамтамасыз ету жөніндегі бас маман, Алматы қ., ҚР, aisaoff@mail.ru, тел.: +77085533190, https://orcid.org/0009-0002-0618-4034
Джумагазиева Ардак Бисенбаевна – PhD, «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ, Микробиология зертханасының меңгерушісі, Алматы қ., ҚР. тел.: +77753083368. e-mail: r_dawa@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-8610-7321
Каржаубаева Роза Аскаровна – Техника ғылымдарының кандидаты, «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ, Бақылау-аналитикалық зертхана меңгерушісі, Алматы қ., ҚР. тел.: +77772549919. e-mail: karzhaubayeva@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-5321-3232
Жакипбеков Кайрат Сапарханович – PhD, қауымдастырылған профессор, дәріхана ісін ұйымдастыру, басқару және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасының меңгерушісі, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы. e-mail: zhakipbekov.k@kaznmu.kz
Азаматова Әнел Қайратқызы – Медицина ғылымдарының магистрі, инженер технолог, «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ, Алматы қ., ҚР, тел.: +77473859268, e-mail: azamatovaanel@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-1344-2882
Шепилов Даниил Алексеевич – техника ғылымдарының магистрі, «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан, e-mail: shepilov2002@gmail.com, https://orcid.org/0009-0003-0471-0587
Жантуриев Болат Меирбекович – медицина ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы Алматы қаласындағы аумақтық филиалының зертханалары бар Сынақ орталығы биологиялық сынақтар зертханасының меңгерушісі, Алматы, Қазақстан, e-mail: bubameyer62@gmail.com, https://orcid.org/0009-0007-0775-4226
Азембаев Амиркан Аканович – фармацевтика ғылымдарының докторы, «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ директоры, Алматы қ., ҚР, тел: +77013526847; e-mail: amirakan@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0044- 9233

Information about the authors:
Taganov Zhassur Ibragimovich – Master of Technical Sciences, Head of Experimental production JSC «Scientific Center for Anti-infectious Drugs», Almaty, RK, phone: +77767253735, e-mail: taganovjasur@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2765-785X
Suiin Yenglik Muratkyzy – Master of Technical Sciences, Senior GMP Quality Assurance Specialist, JSC «Scientific Center for Anti-infectious Drugs», Almaty, RK, aisaoff@mail.ru, phone: +77085533190, https://orcid.org/0009-0002-0618-4034
Jumagaziyeva Ardak Bissenbayevna - PhD, Head of microbiology laboratory JSC «Scientific Center for Anti-infectious Drugs», Almaty, RK, phone: +77753083368. e-mail: r_dawa@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-8610-7321

Karzhaubayeva Roza Askarovna - Candidate of Technical Sciences, Head of the Contral Analytical laboratory JSC «Scientific Center for Anti-infectious Drugs», Almaty, RK, phone: +77772549919. E-mail: karzhaubayeva@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-5321-3232
Zhakipbekov Kairat Saparkhanovich – PhD, Associate Professor, Head of the Department of Organization, Management and Economics of Pharmacy and Clinical Pharmacy, Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Republic of Kazakhstan. e-mail: zhakipbekov.k@kaznmu.kz.
Azamatova Anel Kairatkyzy – master of Medical Sciences, engineer-technologist, JSC «Scientific Center for Anti-infectious Drugs», Almaty, RK, phone: +77473859268, e-mail: azamatovaanel@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-1344-2882
Shepilov Daniil Alexeyevich – master of engineering sciences, scientific researcher, JSC "Scientific Center for Anti-Infectious Drugs", Almaty, Kazakhstan, e-mail: shepilov2002@gmail.com, https://orcid.org/0009-0003-0471-0587
Zhanturiyev Bolat Meirbekovich – candidate of medical sciences, head of the biological testing laboratory, testing center with laboratories, Almaty territorial branch of the National Center for Expertise of Medicines and Medical Devices, Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan, e-mail: bubameyer62@gmail.com, https://orcid.org/0009-0007-0775-4226
Azembayev Amirkan Akanovich – Doctor of Pharmaceutical Sciences, Director of «Scientific Center for Anti-Infectious Drugs», Email: amirakan@mail.ru, phone: +77013526847, https://orcid.org/0000-0002-0044-9233
Автор для корреспонденции: **Таганов Жасур Ибрагимович** - e-mail: taganovjasur@mail.ru, +77767253735.

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

ФАРМАКОГНОЗИЯ
ФАРМАКОГНОЗИЯ
PHARMACOGNOSY

Алынды: 2026 жылғы 27 шілде
Қабылданды: 2026 жылғы 05 қазан
Онлайн жарияланды: 2026 жылғы 30 қазан
ӘОЖ: 615.322:615.076.8
10.53511/pharmkaz.2026.5.12

Мақала түрі: *Түпнұсқа ғылыми мақала*

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ӨСЕТІН *Galium Spurium* L. ШӨБІНДЕГІ ГИПЕРОЗИД ПЕН ЖАЛПЫ ФЛАВОНОИДТАРДЫ САНДЫҚ АНЫҚТАУ

Шерхан А.М.[1*], Орынбасарова К.К.[2], Турсубекова Б.И.[1], Рахманова Г.С.[2]
[1]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.
[2]Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

Кіріспе. Мақалада Түркістан облысында өсетін *Galium spurium* L. шөбіндегі флавоноидтар спектрофотометрия және жоғары тиімді сұйықтық хроматографиясы (ЖЭСХ) әдістерімен зерттелді. Зерттелген шикізат үлгісінде жалпы флавоноидтардың мөлшері гиперозидке шаққанда 2,10 ± 0,16% (n=5), ал гиперозид мөлшері ЖЭСХ әдісімен 1,383% болды.
Зерттеудің мақсаты. Түркістан облысынан жиналған *Galium spurium* L. шөбіндегі гиперозидті ұсталу уақыты бойынша алдын ала сәйкестендіру және оның мөлшерін ЖЭСХ әдісімен, ал жалпы флавоноидтардың мөлшерін спектрофотометриялық әдіспен сандық анықтау.
Материалдар мен әдістер. Зерттеу нысаны – Түркістан облысы Қазығұрт ауданында 2026 жылғы маусымда гүлдеу кезеңінде жиналған және кептірілген *Galium spurium* L. шөбі. ЖЭСХ нәтижесі біріккен шикізат үлгісіне жүргізілген бір анықтаудан (n=1), ал жалпы флавоноидтарды қорытынды сандық анықтау бес параллель өлшеуден (n=5) алынды. Сандық талдауда ЖЭСХ және алюминий хлоридімен кешен түзу реакциясына негізделген спектрофотометриялық әдіс қолданылды.
Экстракция параметрлерін таңдауда 40%, 50%, 70% және 90% этанол, 0,5–3,0 мм ұсақталу дәрежесі және 30–90 минут аралығы зерттелді.
ЖЭСХ Agilent 1260 Infinity хроматографында, ал СФ-2000 спектрофотометрінде 378 нм толқын ұзындығында жүргізілді. Бес параллель өлшеу тек жалпы флавоноидтарды қорытынды спектрофотометриялық анықтауға қатысты; ЖЭСХ нәтижесі біріккен үлгінің бір анықтауымен (n=1) берілді.
Нәтижелері. ЖЭСХ бойынша гиперозидтің ұсталу уақыты 1,704 мин, мөлшері 1,383% болды. Спектрофотометриялық әдіспен жалпы флавоноидтар 2,10 ± 0,16% (n=5; RSD=7,53%) деңгейінде анықталды. Зерттелген жағдайларда оңтайлы параметрлер 1,0 мм, 70% этанол және 60 минут болды.
Талқылау. *Galium* түрлерінде флавоноидтар мен басқа фенолдық қосылыстардың болуы әдеби деректермен расталған. Бұл зерттеуде алынған көрсеткіштер бір шикізат жиынтығына қатысты. УК әдісіндегі RSD=7,53% қайталанғыштықтың шектеулі екенін көрсетті, ал ЖЭСХ әдісі толық валидацияланбағандықтан, нәтижелер алдын ала сандық сипаттама ретінде қарастырылды**.**
Қорытынды. Түркістан облысы Қазығұрт ауданынан жиналған *Galium spurium* L. шөбінің зерттелген үлгісінде ЖЭСХ әдісімен гиперозид мөлшері 1,383%, ал спектрофотометриялық әдіспен гиперозидке шаққандағы жалпы флавоноидтар мөлшері 2,10 ± 0,16% болды. Зерттеу нәтижелері бір ғана шикізат партиясы негізінде алынғандықтан, олар бүкіл түрге немесе дәрілік өсімдік шикізатына тән тұрақты көрсеткіштер ретінде алдын ала бағаланады. Алынған нәтижелер алғашқы сипаттама және болжамды қорытынды ретінде қарастырылып, зерттеу жұмыстары бірнеше шикізат партиясында жалғастырылады.
Түйінді сөздер: *Galium spurium* L., флавоноидтар, УК-спектроскопия, ЖЭСХ, сандық талдау, дәрілік өсімдік шикізаты.

КОЛИЧЕСТВЕННОЕ ОПРЕДЕЛЕНИЕ ГИПЕРОЗИДА И СУММЫ ФЛАВОНОИДОВ В ТРАВЕ *Galium Spurium* L., ПРОИЗРАСТАЮЩЕЙ В ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Шерхан А. М.[1*], Орынбасарова К. К.[2], Турсубекова Б. И.[1], Рахманова Г.С.[2]
[1]Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Республика Казахстан, г. Шымкент
[2]АО "Южно-Казахстанская медицинская академия", Республика Казахстан, г. Шымкент

Введение. Флавоноидный состав травы *Galium spurium* L., произрастающей в Туркестанской области, изучали методами спектрофотометрии и высокоэффективной жидкостной хроматографии (ВЭЖХ). В исследованном образце содержание суммы флавоноидов в пересчете на гиперозид составило 2,10 ± 0,16% (n=5), содержание гиперозида по данным ВЭЖХ – 1,383%.
Цель исследования. Предварительно идентифицировать гиперозид по времени удерживания и количественно определить его методом ВЭЖХ, а также определить сумму флавоноидов спектрофотометрическим методом в траве *Galium spurium* L., собранной в Туркестанской области.
Материалы и методы. Объектом служила высушенная трава *Galium spurium* L., собранная в июне 2026 г. в период цветения в Казыгуртском районе Туркестанской области. Результат ВЭЖХ получен для одной объединенной пробы (n=1), а итоговое спектрофотометрическое определение суммы флавоноидов выполнено в пяти параллельных измерениях (n=5).
Для выбора условий экстракции исследовали 40%, 50%, 70% и 90% этанол, степень измельчения 0,5–3,0 мм и продолжительность экстракции 30–90 мин.
ВЭЖХ выполняли на Agilent 1260 Infinity; оптическую плотность измеряли на спектрофотометре СФ-2000 при 378 нм. Пять параллельных измерений относились только к итоговому спектрофотометрическому определению суммы флавоноидов; результат ВЭЖХ представлен для одной объединенной пробы (n=1).
Результаты. Время удерживания гиперозида составило 1,704 мин, содержание – 1,383%. Сумма флавоноидов по данным спектрофотометрии составила 2,10 ± 0,16% (n=5; RSD=7,53%). Оптимальными в исследованном диапазоне были степень измельчения 1,0 мм, 70% этанол и экстракция в течение 60 мин.
Обсуждение. Полученные данные согласуются с сообщениями о наличии флавоноидов и других фенольных соединений у видов *Galium*. Значение RSD=7,53% указывает на ограниченную повторяемость УФ-методики. Поскольку ВЭЖХ-методика не прошла полную валидацию, результаты следует рассматривать как предварительную количественную характеристику исследованного образца.
Заключение. В исследованном образце травы *Galium spurium* L. из Казыгуртского района Туркестанской области содержание гиперозида по данным ВЭЖХ составило 1,383%, а сумма флавоноидов в пересчете на гиперозид – 2,10 ± 0,16%. Поскольку результаты исследования получены на основе одной партии сырья, они оцениваются как предварительные показатели, характерные для данного вида лекарственного растительного сырья. Полученные данные рассматриваются как первичная характеристика и предварительное заключение, а исследования продолжаются на нескольких партиях сырья.
Ключевые слова: *Galium spurium* L., подмаренник ложный, флавоноиды, УФ-спектроскопия, ВЭЖХ, количественный анализ, лекарственное растительное сырье.

QUANTITATIVE DETERMINATION OF HYPEROSIDE AND TOTAL FLAVONOIDS IN *Galium Spurium* L. HERB GROWING IN THE TURKESTAN REGION

Sherkhan A. M.[1]*, Orynbassarova K. K.[2], Tursubekova B. I.[1], Rakhmanova G. S.[2]
[1]M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Republic of Kazakhstan
[2]South Kazakhstan Medical Academy JSC, Shymkent, Republic of Kazakhstan

Introduction. The flavonoid composition of *Galium spurium* L. herb growing in the Turkestan Region was studied using spectrophotometry and high-performance liquid chromatography (HPLC). In the investigated sample, the total flavonoid content calculated as hyperoside was 2,10 ± 0,16% (n=5), while the hyperoside content determined by HPLC was 1,383%.
Aim of the study. To preliminarily identify hyperoside by comparing retention times and quantify it by HPLC, as well as to determine the total flavonoid content in *Galium spurium* L. herb collected in the Turkestan Region using spectrophotometry.
Materials and Methods. The study material was dried *Galium spurium* L. herb collected during the flowering period in June 2026 in the Kazygurt District of the Turkestan Region. The HPLC result was obtained from one pooled sample (n=1), while the final spectrophotometric determination of total flavonoids was performed in five parallel measurements (n=5).
To select the extraction conditions, ethanol concentrations of 40%, 50%, 70%, and 90%, particle sizes ranging from 0,5 to 3,0 mm, and extraction times ranging from 30 to 90 min were investigated.

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

HPLC analysis was performed using an Agilent 1260 Infinity system. Absorbance was measured at 378 nm using an SF-2000 spectrophotometer. The five parallel measurements applied only to the final spectrophotometric determination of total flavonoids; the HPLC result was obtained from one pooled sample (n=1).

Results. The retention time of hyperoside was 1,704 min, and its content was 1,383%. The total flavonoid content determined by spectrophotometry was 2,10 ± 0,16% (n=5; RSD=7,53%). Within the investigated ranges, the selected extraction conditions were a particle size of 1,0 mm, 70% ethanol, and an extraction time of 60 min.

Discussion. The obtained data are consistent with reports on the presence of flavonoids and other phenolic compounds in *Galium* species. The RSD value of 7,53% indicates limited repeatability of the UV spectrophotometric method. Since the HPLC method has not undergone full validation, the results are considered a preliminary quantitative characterization of the investigated sample.

Conclusion. In the investigated sample of *Galium spurium* L. herb from the Kazygurt District of the Turkestan Region, the hyperoside content determined by HPLC was 1,383%, while the total flavonoid content calculated as hyperoside was 2,10 ± 0,16%. Since the results were obtained from a single batch of plant material, they are considered preliminary indicators for this type of medicinal plant material. The obtained data are regarded as an initial characterization and a preliminary conclusion, while studies involving several batches of plant material are ongoing.

Keywords: *Galium spurium* L., false cleavers, flavonoids, UV spectrophotometry, HPLC, quantitative analysis, medicinal plant material.

Кіріспе. *Galium spurium* L. – Rubiaceae тұқымдасының *Galium* туысына жататын біржылдық шөптесін өсімдік. *Galium* туысының фитохимиялық шолуларында флавоноидтар, фенол қышқылдары, иридоидтар және сапониндер сипатталған [1-2].

Galium spurium L. сығындысының фитохимиялық құрамы UPLC–TOF-MS көмегімен зерттеліп, негізгі қосылыстар қатарында фенол қышқылдары, флавоноидтар және иридоидтар көрсетілген [3]. Осыған байланысты Қазақстанда өсетін түр үлгілерінің құрамын салыстырмалы зерттеу өзекті.

Galium spurium L. табиғи жағдайда бұталар арасында, өзен жағалауларында, құмды алқаптарда, тау беткейлерінде, сондай-ақ егістік пен бақтарда кездеседі. Гүлдеу кезеңі негізінен маусым–тамыз айларына сәйкес келеді [4-8].

Зерттеудің мақсаты – Түркістан облысынан жиналған *Galium spurium* L. шөбіндегі гиперозидті ұсталу уақыты бойынша алдын ала сәйкестендіру және оның мөлшерін ЖЭСХ әдісімен, ал жалпы флавоноидтардың мөлшерін спектрофотометриялық әдіспен сандық анықтау.

Нәтижелер осы зерттеуде қолданылған біріккен шикізат үлгісіне қатысты бағаланды.

Материалдар мен әдістер. Жалған қызылбояу (*Galium spurium* L.) шөбінің флавоноидтық құрамы жоғары тиімді сұйық хроматография (ЖЭСХ) және спектрофотометрия әдістерімен зерттелді. Салыстырудың стандарттық үлгілері ретінде рутин, кверцетин және гиперозид қолданылды.

Өсімдіктің ботаникалық сәйкестендірілуін Н.В.Павловтың бас редакторлығымен жарық көрген «Қазақстан флорасы» анықтағышы бойынша жүргізді[9]. Гербарийлік үлгі М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Биология және география кафедрасы қорында SKU-BG-GS-2026-01 коды бойынша сақталады (сурет-1). Өсімдік шикізаты Түркістан облысы Қазығұрт ауданында, N 42°09.2071′, E 070°22.6041′ географиялық координаттарында 2026 жылғы маусым айында, гүлдеу кезеңінде жиналды. Жиналған шикізат бөлме температурасында, жақсы желдетілетін бөлмеде табиғи жолмен кептірілді. Кептірілген шикізат қағаз қаптарда, құрғақ әрі желдетілетін бөлмеде сақталды. Шикізаттың белгіленген сақтау мерзімі – 2 жыл. Зерттеуде GS-2026-01 нөмірімен тіркелген, жалпы массасы 1,0 кг болатын біріккен өсімдік шикізатының партиясы пайдаланылды.




Сурет 1 – *Galium spurium* L. өсімдігінің гербарийлік үлгісі


Флавоноидтардың жалпы мөлшерін сандық анықтау майдаланған *Galium spurium* L. шөбінде «2.5.1 Флавоноидтарды спектрофотометриялық әдіспен сандық анықтау әдістемесі» бөлімінде келтірілген әдістемеге сәйкес жүргізілді. Зерттеу барысында СФ-2000 спектрофотометрі («ОКБ Спектр», Санкт-Петербург, Ресей Федерациясы) пайдаланылды. Зерттелетін ерітінді мен стандарттық үлгі ерітіндісінің оптикалық тығыздығы толқын ұзындығы 378 нм болғанда, оптикалық жолының ұзындығы 10 мм кюветада параллель өлшенді.

ЖЭСХ талдауы «ОҚМА» АҚ «Дәрілік өсімдіктер» ғылыми-зерттеу зертханасында Agilent 1260 Infinity жүйесінде (Agilent Technologies, АҚШ), диодты-матрицалық детекторды пайдалану арқылы 250,4 нм толқын ұзындығында жүргізілді. Жалпы талдау уақыты – 10 мин. Хроматографиялық бөлу Zorbax Eclipse XDB-C18 колонкасында (150 × 4,6 мм, бөлшектерінің өлшемі 5 мкм) жүргізілді. Қозғалмалы фаза ретінде 0,1%-дық фосфор қышқылының сулы ерітіндісі мен ацетонитрилдің 80:20 көлемдік қатынастағы қоспасы қолданылып, талдау изократиялық режимде орындалды. Қозғалмалы фазаның ағын жылдамдығы 1,0 мл/мин**,** колонка температурасы 25 °С, енгізілетін үлгі көлемі 10 мкл болды. Зерттелетін үлгінің көрсеткіштері рутин, кверцетин және гиперозидтің стандартты үлгілерімен салыстырылды; гиперозид ұсталу уақыты бойынша алдын ала сәйкестендірілді.

Зерттеу нәтижелері. ЖЭСХ әдісімен жалған қызылбояу шөбінің флавоноидтық құрамы зерттелді. Рутин, кверцетин және гиперозид стандартты үлгілерімен ұсталу уақыттарын салыстыру нәтижесінде гиперозид алдын ала сәйкестендірілді. Бір ғана ұсталу уақыты түпкілікті құрылымдық сәйкестендіру үшін жеткіліксіз болғандықтан, нәтиже алдын ала сәйкестендіру ретінде бағаланды.



Сурет 1 – *Galium spurium* L. шөбінің 70 %-дық сулы-спиртті сығындысының хроматограммасы (абсцисса осі – ұсталу уақыты, мин; ордината осі – сигнал, mAU; гиперозид шыңы tR = 1,704 мин)



Сурет 2 – Гиперозид стандартты үлгісі ерітіндісінің хроматограммасы (абсцисса осі – ұсталу уақыты, мин; ордината осі – сигнал, mAU; tR = 1,692 мин)

Зерттелетін үлгінің сандық мөлшерін мына формула (1) бойынша анықталады, құрғақ шикізатқа шаққандағы:

$$X = \frac{S_1 * n * 100 * 100 * 100}{S * 50 * m * (100 - W)} \quad (1)$$

Мұндағы S_1 – зерттелетін үлгідегі гиперозид шыңының ауданы; S – гиперозидтің стандартты үлгісі шыңының ауданы; m – талдауға алынған шикізат массасы, г; n – стандарт ерітіндісінің жалпы сұйылту коэффициенті; 50 – үлгі ерітіндісін дайындаудағы аликвотаға байланысты коэффициент; W – шикізаттың ылғалдылығы, %. Формуладағы үш «100» көбейткіші нәтижені пайызға және қолданылған көлемдік сұйылтуларға қайта есептеуден туындайды.

Кесте 1 – Жалған қызылбояу шөбіндегі гиперозидтің сандық мөлшерін анықтау нәтижелері

№	Атауы	Ұсталу уақыты, мин	Сандық мөлшері, %
1	Гиперозид	1,704	1,383

УК – спектроскопия әдісі арқылы жалған қызылбояу шөбіндегі флавоноидтардың сандық мөлшерін анықтау

Жалған қызылбояу шөбінің құрамындағы флавоноидтардың сандық мөлшерін анықтау үшін бірнеше талдау тәсілдері пайдаланылды. Зерттеу нәтижелерінің нақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында инструментальды талдау әдістеріне басымдылық берілді. Солардың ішінде кеңінен қолданылатын әдістердің бірі – спектрофотометриялық әдіс.

Дәрілік өсімдік шикізатынан флавоноидты қосылыстардың барынша толық экстракциялануын қамтамасыз ету үшін экстракция процесіне әсер ететін негізгі факторлар зерттелді. Атап айтқанда, шикізаттың ұсақталу дәрежесі, экстракциялау ұзақтығы, қолданылатын еріткіштің табиғаты және еріткіш пен шикізаттың арақатынасының ықпалы бағаланды.

Шикізаттың ұсақталу дәрежесінің флавоноидтарды экстракциялау тиімділігіне ықпалын алдын ала бағалау үшін бөлшектерінің мөлшері 0,5; 1,0; 2,0 және 3,0 мм болатын үлгілер бірдей жағдайларда зерттелді. Нәтижелер абсолютті құрғақ шикізатқа қайта есептелді. Бұл аралық технологиялық алдын ала скрининг жүргізу үшін таңдалды. Әрбір зерттеу жағдайында бес параллель өлшеу жүргізілді. Нәтижелер орташа мән ± стандартты ауытқу (орташа ± SD) түрінде ұсынылды. Факторлардың әсері бірфакторлы дисперсиялық талдау (ANOVA), ал жұптық айырмашылықтар Tukey тесті арқылы бағаланды; статистикалық мәнділік деңгейі $p<0,05$ деп қабылданды. Нәтижелер 2–4-кестелерде келтірілді.

Кесте 2 – *Galium spurium* L. шөбінен флавоноидтарды экстракциялауға шикізаттың ұсақталу дәрежесінің әсерін алдын ала скринингтеу (n=5)

Ұсақталу дәрежесі, мм	Флавоноидтардың абсолютті құрғақ шикізатқа қайта есептегендегі мөлшері, %, орташа ± SD
0,5	1,1± 0,16[ab]
1,0	1,2± 0,16[ab]
2,0	1,0± 0,16[ab]
3,0	0,9± 0,16[ab]

Ескерту: нәтижелер орташа ± SD түрінде берілген (n=5). Бірфакторлы ANOVA: F=7,161; p=0,0029. Әртүрлі әріптермен белгіленген мәндер Tukey тесті бойынша статистикалық тұрғыдан ерекшеленеді (p<0,05).

Флавоноидтардың ең жоғары орташа мөлшері шикізаттың ұсақталу дәрежесі 1,0 мм болғанда анықталды — 1,2 ± 0,16%. Ұсақталу дәрежесінің әсері жалпы алғанда статистикалық мәнді болды (ANOVA, p=0,0029); Tukey тесті бойынша 1,0 және 3,0 мм топтары арасында мәнді айырмашылық анықталды (p=0,0017), ал қалған жұптық айырмашылықтар статистикалық мәнді болмады. Осы нәтижелерге сүйене отырып, 1,0 мм кейінгі зерттеулер үшін жұмыс жағдайы ретінде таңдалды.

Флавоноидтарды экстракциялауға қолайлы экстрагентті таңдау мақсатында концентрациясы 40, 50, 70 және 90% болатын этанол ерітінділері зерттелді. Барлық тәжірибелерде шикізаттың ұсақталу дәрежесі 1,0 мм деңгейінде сақталды. Зерттеу нәтижелері 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Экстрагент концентрациясының флавоноидтар шығымына әсерін алдын ала скринингтеу (ұсақталу дәрежесі 1,0 мм; n=5)

Спирттің концентрациясы,%	Флавоноидтардың абсолютті құрғақ шикізатқа қайта есептегендегі мөлшері, %, орташа ± SD
40	1,0 ± 0,16[ab]
50	1,1 ± 0,16[ab]
70	1,2 ± 0,16[a]
90	0,9 ± 0,16[b]

Ескерту: нәтижелер орташа ± SD түрінде берілген (n=5). Бірфакторлы ANOVA: F=3,333; p=0,0461. Әртүрлі әріптермен белгіленген мәндер Tukey тесті бойынша статистикалық тұрғыдан ерекшеленеді (p<0,05).

Зерттелген экстрагенттердің ішінде флавоноидтардың ең жоғары орташа мөлшері 70%-дық этанол қолданылғанда анықталды - 1,2 ± 0,16%. 90%-дық этанолда бұл көрсеткіш 0,9 ± 0,16% болды. Этанол концентрациясының әсері статистикалық мәнді болды (ANOVA, p=0,0461); Tukey тесті 70 және 90% этанол топтары арасындағы айырмашылықты растады (p=0,0382). Осыған байланысты 70%-дық этанол кейінгі тәжірибелер үшін жұмыс экстрагенті ретінде таңдалды.

Экстракция ұзақтығының флавоноидтардың бөлініп шығуына әсерін бағалау мақсатында үдеріс 30, 45, 60, 75 және 90 минут бойы жүргізілді. Тәжірибелерде шикізаттың ұсақталу дәрежесі 1,0 мм және экстрагент ретінде 70%-дық этанол қолданылды. Алынған нәтижелер 4-кестеде берілген.

Кесте 4 – Экстракция уақытының флавоноидтар шығымына әсерін алдын ала скринингтеу (1,0 мм; 70 %-дық этанол; n=5)


Экстракциялау уақыты, мин	Абсолютті құрғақ шикізатқа қайта есептегендегі флавоноидтар мөлшері, %, орташа ± SD
30	1,1 ± 0,16[a]
45	1,0 ± 0,16[a]
60	1,2 ± 0,16[a]
75	1,15 ± 0,14[a]
90	0,98 ± 0,19[a]

Ескерту: нәтижелер орташа ± SD түрінде берілген (n=5). Бірфакторлы ANOVA нәтижесінде экстракция уақытының әсері статистикалық мәнді болмады: F=1,764; p=0,1758. Бірдей әріптер топтар арасында мәнді айырмашылық жоқ екенін көрсетеді (Tukey тесті, p>0,05).

Флавоноидтардың ең жоғары орташа мөлшері 60 минуттық экстракция кезінде анықталды - 1,2 ± 0,16%; 75 минутта алынған нәтиже 1,15 ± 0,14% болды. Экстракция уақытының әсері статистикалық мәнді болған жоқ (ANOVA, p=0,1758; Tukey тесті, барлық салыстыруларда p>0,05). Сондықтан 60 минут ең жоғары орташа мән алынған жұмыс экстракция уақыты ретінде қабылданды, алайда оның басқа уақыт нүктелерінен статистикалық артықшылығы дәлелденбеді.

Осылайша, жүргізілген алдын ала зерттеулердің нәтижелері бойынша *Galium spurium* L. шөбінен флавоноидтарды бөліп алудың жұмыс жағдайлары ретінде шикізатты 1,0 мм-ге дейін ұсақтау, 70%-дық этанолды қолдану және экстракцияны 60 минут бойы жүргізу таңдалды.

Жүргізілген талдау нәтижелері 4 – кестеде келтірілген. Сонымен қатар, жалған қызылбояу шөбінің алюминий хлориді ерітіндісімен түзілген сығындысының және гиперозидтің стандартты ерітіндісінің алюминий хлоридімен алынған УК – спектрлері төменде көрсетілген (сурет 3).



Сурет 3 – *Galium spurium* L. шөбі сығындысының алюминий хлоридімен түзілген кешенінің (1) және гиперозид стандартты үлгісінің (СУ) алюминий хлоридімен түзілген кешенінің УК-спектрлері (абсцисса осі – толқын ұзындығы, нм; ордината осі – оптикалық тығыздық, D)

Гиперозидке шаққандағы флавоноидтардың жалпы мөлшері Х (%) 2-формула бойынша анықталды:

$$X = \frac{D * m_0 * 100 * 25 * 100}{D_0 * m * 2 * (100 - W)} \quad (2)$$

Мұндағы D – зерттелетін ерітіндінің алюминий хлоридімен 378 нм-де өлшенген оптикалық тығыздығы; D_0 – гиперозид стандартты үлгісі ерітіндісінің алюминий хлоридімен 378 нм-де өлшенген оптикалық тығыздығы; m – талдауға алынған шикізат массасы, г; m_0 – гиперозид стандартты үлгісінің массасы, г; W – шикізатты кептіргендегі масса шығыны (ылғалдылық), %. Формуладағы 25 – стандарт ерітіндісінің көлемі, мл; 2 – зерттелетін ерітінді аликвотасының қайта есептеу коэффициенті; 100 көбейткіштері көлемдік сұйылтуларды және нәтижені пайызға қайта есептеуді көрсетеді.

Кесте 5 – Жалған қызылбояу шөбінің құрамындағы жалпы флавоноидтардың сандық анықтау нәтижелері

Флавоноидтардың құрамы Х, %	Оптикалық тығыздығы	Метрологиялық сипаттама
2,3	0,4009	n=5 X=2,1 S_x^2=0,025 S_x=0,15811 d=0,12 e=7.53%
2,0	0,3477	
2,1	0,3651	
2,2	0,3825	
1,9	0,3304	

Зерттеу нәтижелері бойынша гиперозидке шаққандағы жалпы флавоноидтардың мөлшері 2,10 ± 0,16 % (n=5; RSD=7,53 %) болды [10-16].

Талқылау. Экстракция параметрлерін алдын ала салыстыруда ең жоғары мәндер 1,0 мм ұсақталу дәрежесінде, 70 %-дық этанол қолданғанда және 60 минут экстракциялағанда алынды (әр жағдайда 1,20 %). 2–4-кестелерде факторлық скрининг нәтижелері орташа мәндер түрінде ұсынылды. Зерттеу барысында факторлардың флавоноидтар мөлшеріне әсері салыстырылып, ең жоғары көрсеткіштер негізінде кейінгі зерттеулерге арналған оңтайлы жұмыс жағдайлары таңдалды. ЖЭСХ нәтижесінде гиперозидтің ұсталу уақыты 1,704 мин, мөлшері 1,383 % болды.

Maximilian Sixt және Jochen Strube долана (Crataegus monogyna Jacq.) шикізатын зерттеу барысында фенолдық қосылыстарды экстракциялау үшін 70%-дық этанолды қолданудың тиімді екенін

көрсеткен [17]. Jun Wang, Haibo Sun және әріптестері доланадан гиперозидті бөліп алу үшін 70%-дық этанолды қолданып, тазалығы 98%-дан жоғары гиперозид алған [18]. Lu Zhang, Qi-Min Zhou және әріптестері лотос жапырағынан гиперозидті бөліп алудың оңтайлы жағдайы ретінде 70%-дық этанолмен 40 минут бойы ультрадыбыстық экстракция жүргізуді ұсынған [19]. Ho-Shin Huang және Yien-Tun Liau флавоноидтардың ең жоғары шығымы 73,5%-дық этанолмен экстракциялау кезінде алынатынын анықтаған [20].

Спектрофотометрия әдісіндегі бес өлшеудің орташа мәні 2,10%, стандарттық ауытқуы 0,158%, RSD көрсеткіші 7,53% болды. Бұл қайталанғыштықтың орташа деңгейде екенін көрсетеді. Shen және әріптестері гиперозидті ЖЭСХ арқылы анықтау әдісін валидациялап, сызықтылық, LOD, LOQ, дәлдік, қайталанғыштық, тұрақтылық және қалпына келуі 0,42-3,285% аралығында болған [21]. Бұл зерттеуде ЖЭСХ әдісіне толық валидация жүргізілмегендіктен және бір ғана ұсталу уақыты қосылысты абсолютті сәйкестендіру үшін жеткіліксіз болғандықтан, алынған нәтиже алдын ала сандық сипаттама ретінде ұсынылды.

Қорытынды. Зерттелген біріккен *Galium spurium* L. шикізат үлгісі үшін 1,0 мм ұсақталу дәрежесі, 70 %-дық этанол және 60 минуттық экстракция кейінгі талдауларға арналған жұмыс жағдайлары ретінде таңдалды. ЖЭСХ әдісімен ұсталу уақыты бойынша алдын ала сәйкестендірілген гиперозидтің мөлшері 1,383 % (n=1), ал спектрофотометриялық әдіспен анықталған жалпы флавоноидтардың мөлшері гиперозидке шаққанда 2,10 ± 0,16 % (n=5; RSD=7,53 %) болды. ЖЭСХ әдісімен жүргізілген бір реттік талдау нәтижелері зерттелген шикізат үлгісінің құрамын сипаттайтын алдын ала болжамдық деректер ретінде қолданылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Bradic J, Petkovic A, Tomovic M. Phytochemical and pharmacological properties of some species of the genus *Galium* L. (*Galium* verum and *Galium mollugo*). Experimental and Applied Biomedical Research. 2021;22(3). https://doi.org/10.1515/SJECR-2017-0057.

2 Kanso MA, Hijazi MA, El-Lakany A, Aboul-Ela M. Review on phytochemical constituents and pharmacological activities of genus *Galium*. Journal of Applied Pharmaceutical Science. 2024;14(9):46–56. https://doi.org/10.7324/JAPS.2024.195572.

3 Orhan N, Orhan DD, Aslan M, Şüküroğlu M, Orhan IE. UPLC–TOF-MS analysis of *Galium spurium* towards its neuroprotective and anticonvulsant activities. Journal of Ethnopharmacology. 2012;141(1):220–227. https://doi.org/10.1016/j.jep.2012.01.056.

4 Thompson, I.R. (2009). A revision of *Asperula* and *Galium* (Rubieae: Rubiaceae) in Australia. *Muelleria*, 27, 36-112.

5 Веселова П.В., Кудабаева Г.М., Нелина Н.В., Билибаева Б.К., Осмонали Б.Б. Антропофильный элемент флоры пустынной части долины р. Сырдарья (Кызылординская область). Алматы: Институт ботаники и фитоинтродукции; 2017. 38 с. ISBN 978-601-7511-31-9.

6 Chen T., Ehrendorfer F. *Galium spurium* L. In: Wu Z.Y., Raven P.H., Hong D.Y., editors. *Flora of China*. Vol. 19: Cucurbitaceae through Valerianaceae, with Annonaceae and Berberidaceae. Beijing: Science Press; St. Louis: Missouri Botanical Garden Press; 2011.

7 Nasir E., Ali S.I., editors. *Galium spurium* L. In: *Flora of Pakistan*. Karachi: Department of Botany, University of Karachi.

8 Lauber K., Wagner G., Gygax A. Flora Helvetica: Illustrierte Flora der Schweiz. 6th ed. Bern: Haupt Verlag; 2018.

9 Флора Казахстана: в 9 т. / под главной редакцией Н.В. Павлова. — Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР; Наука, 1956–1966.

10 Фармакопея Соединенных Штатов Америки: USP 29–NF 24 — USP 33–NF 28. Москва: ГЭОТАР-Медиа; 2012. С. 637–640.

11 Смирнова Л. П., Первых Л. Н. Количественное определение суммы флавоноидов в цветках бессмертника песчаного. Химико-фармацевтический журнал. 1998;32(6):35–38.

12 Zhao CC, Shao JH, Li X, Kang XD, Zhang YW, Meng DL, Li N. Flavonoids from *Galium verum* L. Journal of Asian Natural Products Research. 2008;10(7–8):613–617. https://doi.org/10.1080/10286020802133217.

13 Shynkovenko I.L., Ilyina T.V., Goryacha O.V., Kovalyova A.M., Komissarenko A.M., Shemchuk N.S., Golembiovska O.I. Phenolic compounds of the liquid extract from cleavers herb (*Galium aparine* L.) // *News of Pharmacy*. 2018. DOI: https://doi.org/10.24959/nphj.18.2213.

14 Sagaradze V.A., Babaeva E.Yu., Kalenikova E.I. HPLC-UV Method for Determining Flavonoids in Hawthorn Flowers and Leaves // *Pharmaceutical Chemistry Journal*. 2017. Vol. 51. P. 277–280. DOI: https://doi.org/10.1007/s11094-017-1597-0.

15 Pękal A., Pyrzynska K. Evaluation of Aluminium Complexation Reaction for Flavonoid Content Assay // *Food Analytical Methods*. 2014. Vol. 7. P. 1776–1782. DOI: https://doi.org/10.1007/s12161-014-9814-x.
16 Shraim A.M., Ahmed T.A., Rahman M.M., Hijji Y.M. Determination of total flavonoid content by aluminum chloride assay: A critical evaluation // *LWT – Food Science and Technology*. 2021. Vol. 150. Article 111932. DOI: https://doi.org/10.1016/j.lwt.2021.111932.
17 Sixt M, Strube J. Systematic design and evaluation of an extraction process for traditionally used herbal medicine on the example of hawthorn (Crataegus monogyna Jacq.). Processes. 2018;6(7):73. https://doi.org/10.3390/pr6070073.
18 Wang J, Sun H, Su M, Li Z, Li L, Zhao F, et al. Natural hyperoside extracted from hawthorn exhibits antiviral activity against porcine epidemic diarrhea virus in vitro and in vivo. Virology. 2024;594:110037. https://doi.org/10.1016/j.virol.2024.110037.
19 Zhang L, Zhou QM, et al. Extraction optimization and identification of four advanced glycation end-product inhibitors from lotus leaves and interaction mechanism analysis. Food Chemistry. 2023;414:135712. https://doi.org/10.1016/j.foodchem.2023.135712.
20 Huang HS, Liaw ET. Extraction optimization of flavonoids from Hypericum formosanum and matrix metalloproteinase-1 inhibitory activity. Molecules. 2017;22(12):2172. https://doi.org/10.3390/molecules22122172.
21 Shen J, Yang K, Jiang C, Ma XQ, Zheng MX, Sun CH. Development and application of a rapid HPLC method for simultaneous determination of hyperoside, isoquercitrin and eleutheroside E in Apocynum venetum L. and Eleutherococcus senticosus. BMC Chemistry. 2020;14:35. https://doi.org/10.1186/s13065-020-00687-1.

REFERENCES

1 Bradic J, Petkovic A, Tomovic M. Phytochemical and pharmacological properties of some species of the genus *Galium* L. (*Galium verum* and *Galium mollugo*). Experimental and Applied Biomedical Research. 2021;22(3). https://doi.org/10.1515/SJECR-2017-0057.
2 Kanso MA, Hijazi MA, El-Lakany A, Aboul-Ela M. Review on phytochemical constituents and pharmacological activities of genus *Galium*. Journal of Applied Pharmaceutical Science. 2024;14(9):46–56. https://doi.org/10.7324/JAPS.2024.195572.
3 Orhan N, Orhan DD, Aslan M, Şüküroğlu M, Orhan IE. UPLC–TOF-MS analysis of *Galium spurium* towards its neuroprotective and anticonvulsant activities. Journal of Ethnopharmacology. 2012;141(1):220–227. https://doi.org/10.1016/j.jep.2012.01.056.
4 Thompson, I.R. (2009). A revision of *Asperula* and *Galium* (Rubieae: Rubiaceae) in Australia. *Muelleria*, 27, 36-112.
5 Veselova P.V., Kudabayeva G.M., Nelina N.V., Bilibayeva B.K., Osmonali B.B. Anthropophilic Element of the Flora of the Desert Part of the Syr Darya River Valley (Kyzylorda Region). Almaty: Institute of Botany and Phytointroduction; 2017. 38 p. ISBN 978-601-7511-31-9.
6 Chen T., Ehrendorfer F. *Galium spurium* L. In: Wu Z.Y., Raven P.H., Hong D.Y., editors. *Flora of China*. Vol. 19: Cucurbitaceae through Valerianaceae, with Annonaceae and Berberidaceae. Beijing: Science Press; St. Louis: Missouri Botanical Garden Press; 2011.
7 Nasir E., Ali S.I., editors. *Galium spurium* L. In: *Flora of Pakistan*. Karachi: Department of Botany, University of Karachi.
8 Lauber K., Wagner G., Gygax A. Flora Helvetica: Illustrierte Flora der Schweiz. 6th ed. Bern: Haupt Verlag; 2018.
9 Flora of Kazakhstan: in 9 vols. / under the general editorship of N.V. Pavlov. Alma-Ata: Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR; Nauka; 1956–1966.
10 United States Pharmacopeia: USP 29–NF 24 — USP 33–NF 28. Moscow: GEOTAR-Media; 2012. pp. 637–640.
11 Smirnova L.P., Pervykh L.N. Quantitative determination of total flavonoids in sandy immortelle flowers. Pharmaceutical Chemistry Journal. 1998;32(6):35–38.
12 Zhao CC, Shao JH, Li X, Kang XD, Zhang YW, Meng DL, Li N. Flavonoids from *Galium verum* L. Journal of Asian Natural Products Research. 2008;10(7–8):613–617. https://doi.org/10.1080/10286020802133217.
13 Shynkovenko I.L., Ilyina T.V., Goryacha O.V., Kovalyova A.M., Komissarenko A.M., Shemchuk N.S., Golembiovska O.I. Phenolic compounds of the liquid extract from cleavers herb (*Galium aparine* L.) // *News of Pharmacy*. 2018. DOI: https://doi.org/10.24959/nphj.18.2213.
14 Sagaradze V.A., Babaeva E.Yu., Kalenikova E.I. HPLC-UV Method for Determining Flavonoids in Hawthorn Flowers and Leaves // *Pharmaceutical Chemistry Journal*. 2017. Vol. 51. P. 277–280. DOI: https://doi.org/10.1007/s11094-017-1597-0.
15 Pękal A., Pyrzynska K. Evaluation of Aluminium Complexation Reaction for Flavonoid Content Assay // *Food Analytical Methods*. 2014. Vol. 7. P. 1776–1782. DOI: https://doi.org/10.1007/s12161-014-9814-x.
16 Shraim A.M., Ahmed T.A., Rahman M.M., Hijji Y.M. Determination of total flavonoid content by aluminum chloride assay: A critical evaluation // *LWT – Food Science and Technology*. 2021. Vol. 150. Article 111932. DOI: https://doi.org/10.1016/j.lwt.2021.111932.
17 Sixt M, Strube J. Systematic design and evaluation of an extraction process for traditionally used herbal medicine on the example of hawthorn (Crataegus monogyna Jacq.). Processes. 2018;6(7):73. https://doi.org/10.3390/pr6070073.
18 Wang J, Sun H, Su M, Li Z, Li L, Zhao F, et al. Natural hyperoside extracted from hawthorn exhibits antiviral activity against porcine epidemic diarrhea virus in vitro and in vivo. Virology. 2024;594:110037. https://doi.org/10.1016/j.virol.2024.110037.

19 Zhang L, Zhou QM, et al. Extraction optimization and identification of four advanced glycation end-product inhibitors from lotus leaves and interaction mechanism analysis. Food Chemistry. 2023;414:135712. https://doi.org/10.1016/j.foodchem.2023.135712.
20 Huang HS, Liaw ET. Extraction optimization of flavonoids from Hypericum formosanum and matrix metalloproteinase-1 inhibitory activity. Molecules. 2017;22(12):2172. https://doi.org/10.3390/molecules22122172.
21 Shen J, Yang K, Jiang C, Ma XQ, Zheng MX, Sun CH. Development and application of a rapid HPLC method for simultaneous determination of hyperoside, isoquercitrin and eleutheroside E in Apocynum venetum L. and Eleutherococcus senticosus. BMC Chemistry. 2020;14:35. https://doi.org/10.1186/s13065-020-00687-1.

Авторлардың үлесі:
Шерхан А.М.* - жалған қызылбояу шөбінің фитохимиялық құрамын зерттеу, биологиялық белсенді заттарды (флавоноидтар, иілік заттар, полисахаридтер, сапониндер) анықтау және ЖЭСХ мен УК-спектроскопия әдістері бойынша зертханалық талдаулар жүргізу, алынған эксперименттік нәтижелерді өңдеу.
Орынбасарова К.К. - зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, мақсаты мен міндеттерін айқындау, Түркістан облысында өсетін жалған қызылбояу шөп шикізатын жинауды ұйымдастыру, зерттеу нәтижелерін талдау және қолжазбаны ғылыми редакциялау.
Турсубекова Б.И. - зерттеудің әдістемелік қамтамасыз етілуіне қатысу, фитохимиялық талдау әдістерді таңдау және негіздеу, алынған нәтижелерді статистикалық өңдеу және ғылыми тұрғыда талдау.
Рахманова Г.С - зертханалық зерттеулерді жүргізуге қатысу, эксперименттік деректерді өңдеу және түсіндіру, сандық талдау нәтижелерін бағалау, қолданылған әдістемелердің дұрыстығын негіздеуге қатысу.
Мүдделер қақтығысы: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.
Қаржыландыру: Зерттеу сыртқы ұйымдар, фармацевтикалық компаниялар немесе медициналық өкілдіктер тарапынан қаржыландырылмаған.
Түпнұсқалық туралы мәлімдеме: Бұл материал бұрын жарияланбаған және қазіргі уақытта басқа басылымдарда қарастырылып жатқан жоқ.

Вклад авторов:
Шерхан А.М.* - исследование фитохимического состава травы подмаренника ложного, выявление биологически активных веществ (флавоноидов, дубильных веществ, полисахаридов, сапонинов), проведение лабораторных анализов методами ВЭЖХ и УФ-спектроскопии, обработка полученных экспериментальных результатов.
Орынбасарова К.К. - разработка концепции исследования, определение цели и задач, организация сбора растительного сырья подмаренника ложного, произрастающего в Туркестанской области, анализ результатов исследования и научное редактирование рукописи.
Турсубекова Б.И. - участие в методическом обеспечении исследования, выбор и обоснование методов фитохимического анализа, статистическая обработка полученных результатов и их научная интерпретация.
Рахманова Г.С. - участие в проведении лабораторных исследований, обработка и интерпретация экспериментальных данных, оценка результатов количественного анализа, участие в обосновании корректности применяемых методик.
Конфликт интересов: Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.
Финансирование: Исследование не финансировалось внешними организациями, фармацевтическими компаниями или медицинскими представительствами.
Заявление об оригинальности: Данный материал ранее не публиковался и в настоящее время не находится на рассмотрении в других изданиях.

Author Contributions:
Sherkhan A.M.* - investigation of the phytochemical composition of *Galium spurium* herb, identification of biologically active compounds (flavonoids, tannins, polysaccharides, and saponins), conducting laboratory analyses using HPLC and UV spectroscopy methods, and processing the obtained experimental results.
Orynbassarova K.K. - development of the research concept, formulation of the aim and objectives, organization of the collection of *Galium spurium* plant material growing in the Turkestan Region, analysis of the research results, and scientific editing of the manuscript.
Tursubekova B.I. - participation in the methodological support of the study, selection and justification of phytochemical analysis methods, statistical processing of the obtained results, and their scientific interpretation.
Rakhmanova G.S. - participation in laboratory studies, processing and interpretation of experimental data, evaluation of quantitative analysis results, and participation in substantiating the validity of the applied analytical methods.
Conflict of Interest: The authors declare no conflict of interest.
Funding: This research did not receive funding from external organizations, pharmaceutical companies, or medical representatives.
Statement of Originality: This material has not been previously published and is not currently under consideration by other journals.

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

Авторлар туралы мәліметтер:
*Шерхан Арайлым Маратқызы: магистрант, М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы. e-mail: sherkhanovaa03@mail.ru, +77082855913, https://orcid.org/0009-0000-4090-0108
Орынбасарова Кулпан Кенжебаевна: фарм.ғ.к., профессор, Фармация ғылыми зерттеу орталығының басшысы, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы. e-mail: kulpan_ok@mail.ru , +77017537260, https://orcid.org/0000-0002-2610-9261
Рахманова Гулнара Саттархановна: жаратылыстану ғылымдарының магистрі, Фармация ғылыми зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы. e-mail: rakhmanova.gulnara.prc@mail.ru , https://orcid.org/0009-0007-4814-415X
Турсубекова Баян Изтелуовна: доцент, химия және фармацевтикалық инженерия кафедрасының меңгерушісі, М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы. e-mail: btursubekova@inbox.ru , https://orcid.org/0009-0001-6164-7233
***Корреспонденцияға жауапты автор:** Шерхан А. М., М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.
E-mail: sherkhanovaa03@mail.ru

Сведения об авторах:
*Шерхан Арайлым Маратовна: магистрант, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова, г. Шымкент, Республика Казахстан. E-mail: sherkhanovaa03@mail.ru, тел.: +7 708 285 5913, ORCID: https://orcid.org/0009-0000-4090-0108
Орынбасарова Кулпан Кенжебаевна: кандидат фармацевтических наук, профессор, руководитель Научно-исследовательского центра фармации, Южно-Казахстанская медицинская академия, г. Шымкент, Республика Казахстан. E-mail: kulpan_ok@mail.ru, тел.: +7 701 753 7260, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2610-9261
Рахманова Гулнара Саттархановна: магистр естественных наук, научный сотрудник Научно-исследовательского центра фармации, Южно-Казахстанская медицинская академия, г. Шымкент, Республика Казахстан. E-mail: rakhmanova.gulnara.prc@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0007-4814-415X
Турсубекова Баян Изтелуовна — доцент, заведующая кафедрой химии и фармацевтической инженерии Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, г. Шымкент, Республика Казахстан. E-mail:btursubekova@inbox.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0001-6164-7233
***Автор для корреспонденции:** Шерхан А. М., Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, г. Шымкент, Республика Казахстан.
E-mail: sherkhanovaa03@mail.ru

Information about the Authors:
Sherkhan Arailym Maratkyzy*: Master's student, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan. E-mail: sherkhanovaa03@mail.ru, tel.: +7 708 285 5913, ORCID: https://orcid.org/0009-0000-4090-0108
Orynbassarova Kulpan Kenzhebaevna: Candidate of Pharmaceutical Sciences, Professor, Head of the Research Center for Pharmacy, South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan. E-mail: kulpan_ok@mail.ru, tel.: +7 701 753 7260, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2610-9261
Rakhmanova Gulnara Sattarkhanovna: Master of Natural Sciences, Researcher at the Research Center for Pharmacy, South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan. E-mail: rakhmanova.gulnara.prc@mail.ru, ORCID:https://orcid.org/0009-0007-4814-415X
Bayan I. Tursubekova — Associate Professor, Head of the Department of Chemistry and Pharmaceutical Engineering, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan. E-mail:btursubekova@inbox.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0001-6164-7233
***Corresponding author:** A. M. Sherkhan, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Republic of Kazakhstan. E-mail: sherkhanovaa03@mail.ru

Алынды: 2026 жылғы 18 тамыз
Қабылданды: 2026 жылғы 13 қазан
Онлайн жарияланды: 2026 жылғы 30 қазан
ӘОЖ: 615.322:547.9:582.998.1
DOI: 10.53511/pharmkaz.2026.5.13

Мақала түрі: *Шолу мақаласы*

CIRSIUM ARVENSE (L.) SCOP.: ҚОЛДА БАР ҒЫЛЫМИ ДӘЛЕЛДЕРДІ СЫНИ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ СТАНДАРТТАУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Серикбаева Э.А.[1], Жакипбеков К.С.[1], Бақытжанова А.Б.[1], Pavel Mucaji[2], Аширов М.З[1], Рахымбаев Н.А.[1]

[1]С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
[2] Братиславадағы Коменский университеті, Братислава қ., Словакия Республикасы

Кіріспе. *Cirsium arvense* (L.) Scop. - дәстүрлі медицинада қолданылған және құрамында әртүрлі биологиялық белсенді қосылыстары бар Asteraceae тұқымдасының өкілі. Бұл өсімдікке ғылыми қызығушылық оның фитохимиялық құрамы мен ықтимал фармакологиялық белсенділігіне байланысты.
Мақсаты. *Cirsium arvense* өсімдігі бойынша жарияланған фитохимиялық және фармакологиялық деректердің дәлел деңгейін сыни бағалау, зерттеулердің әдістемелік шектеулерін анықтау және өсімдік шикізаты мен экстрактыларын фармацевтикалық стандарттауға қажетті негізгі көрсеткіштерді негіздеу.
Материалдар мен әдістер. PubMed, Scopus, Web of Science, ScienceDirect және Google Scholar дерекқорларында ұсынылған жарияланымдарға сыни шолу жүргізілді. Іздеу 2026 жылғы мамыр айына дейін жарияланған еңбектерді қамтыды және «*Cirsium arvense*», «phytochemistry», «traditional use», «antioxidant activity», «antimicrobial activity», «pharmacological activity» түйінді сөздері мен олардың комбинацияларын пайдалану арқылы жүзеге асырылды. Талдауға қарастырылып отырған өсімдікке тікелей қатысты түпнұсқалық зерттеулер, шолу мақалалары, кітаптар және ресми дереккөздер енгізілді.
Нәтижелер. Қолжетімді зерттеулердің басым бөлігі стандартталмаған сығындыларды пайдаланған *in vitro* жұмыстардан тұрады. Антиоксиданттық және микробқа қарсы белсенділіктер бойынша деректер салыстырмалы түрде көбірек болғанымен, өсімдік бөліктері, экстракция әдістері, еріткіштер, дозалар және бағалау модельдері арасындағы елеулі айырмашылықтар нәтижелерді тікелей салыстыруды шектейді. Шолуға енгізілген жарияланымдар арасында адамдарға жүргізілген клиникалық зерттеулер анықталған жоқ. Шикізаттың сәйкестендірілуі, маркерлік қосылыстардың сандық мөлшері, экстрактылардың құрамы, қоспалар, тұрақтылық және серияаралық біркелкілік жөніндегі мәліметтер жеткіліксіз. Осы деректер негізінде *C. arvense* шикізаты мен экстрактыларын бағалауға арналған стандарттау көрсеткіштерінің ұсыныстық матрицасы әзірленді.
Талқылау. Әдебиеттерді талдау Cirsium arvense (L.) Scop. өсімдігінің фитохимиялық құрамы мен биологиялық белсенділігі зерттеуге қызығушылық тудырады болғанымен, қолжетімді дәлелдердің әдістемелік тұрғыдан біркелкі еместігін көрсетті. Зерттеулерде қолданылған өсімдік бөліктерінің, экстракция әдістерінің және бағалау модельдерінің айырмашылықтары нәтижелерді салыстыруды қиындатады, ал клиникалық зерттеулердің болмауы өсімдіктің тиімділігі мен қауіпсіздігін толық бағалауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан болашақ зерттеулер өсімдік шикізатын фармацевтикалық стандарттауға, химиялық маркерлерді анықтауға және стандартталған клиникаға дейінгі зерттеулер жүргізуге бағытталуы тиіс.
Қорытынды. Қазіргі дәлелдер *C. arvense* өсімдігін клиникалық қолдануға немесе дайын дәрілік өсімдік препараты ретінде ұсынуға жеткіліксіз. Болашақ зерттеулер ботаникалық сәйкестендіруге, химиялық маркерлерді таңдауға, сандық стандарттауға, экстрактылардың серияаралық біркелкілігіне, қауіпсіздігіне және стандартталған клиникаға дейінгі модельдерге бағытталуы тиіс.

Түйінді сөздер: *Cirsium arvense;* дәлел деңгейі; сыни бағалау; фармацевтикалық стандарттау; сапаны бақылау; дәрілік өсімдік шикізаты; клиникаға дейінгі зерттеулер.

CIRSIUM ARVENSE (L.) SCOP.: КРИТИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА НАУЧНЫХ ДОКАЗАТЕЛЬСТВ И ПЕРСПЕКТИВЫ ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОЙ СТАНДАРТИЗАЦИИ

Серикбаева Э.А.[1], Жакипбеков К.С.[1], Бакытжанова А.Б.[1], Pavel Mucaji[2], Аширов М.З[1], Рахымбаев Н.А[1]

[1]Казахский национальный медицинский университет им. С.Д.Асфендиярова, г. Алматы, Республика Казахстан
[2] Университет Коменский в Братиславе, г. Братислава, Словацкая Республика

Введение. *Cirsium arvense* (L.) Scop. - представитель семейства Asteraceae, традиционно используемый в качестве лекарственного и пищевого растения. Научный интерес к данному виду связан с его разнообразным фитохимическим составом и потенциальной биологической активностью.
Цель. Провести критическую оценку уровня доказательности опубликованных фитохимических и фармакологических данных о *Cirsium arvense*, определить методологические ограничения имеющихся исследований и обосновать основные показатели, необходимые для фармацевтической стандартизации сырья и экстрактов.
Материалы и методы. Проведен нарративный обзор публикаций, представленных в базах данных PubMed, Scopus, Web of Science, ScienceDirect и Google Scholar. Поиск охватывал публикации до мая 2026 года и выполнялся с использованием ключевых слов «*Cirsium arvense*», «phytochemistry», «traditional use», «antioxidant activity», «antimicrobial activity», «pharmacological activity» и их комбинаций. В анализ включали оригинальные исследования, обзоры, книги и официальные источники, непосредственно относящиеся к рассматриваемому растению.
Результаты. Большинство доступных данных получено в исследованиях *in vitro* с использованием нестандартизированных экстрактов. Несмотря на сравнительно больший объем сведений об антиоксидантной и антимикробной активности, существенные различия в используемых частях растения, способах экстракции, растворителях, дозах и экспериментальных моделях ограничивают прямое сопоставление результатов. Среди публикаций, включённых в настоящий обзор, клинических исследований с участием людей не выявлено. Недостаточно данных об идентификации сырья, количественном содержании маркерных соединений, составе экстрактов, примесях, стабильности и межсерийной воспроизводимости. На основе выявленных пробелов предложена матрица показателей для стандартизации сырья и экстрактов *C. arvense*.
Обсуждение. Анализ литературы показал, что, несмотря на перспективный фитохимический состав и биологическую активность *Cirsium arvense* (L.) Scop., имеющиеся данные остаются методологически неоднородными. Различия в используемых частях растения, методах экстракции и моделях оценки ограничивают сопоставимость результатов, а отсутствие клинических исследований не позволяет объективно оценить эффективность и безопасность растения. В связи с этим дальнейшие исследования должны быть направлены на фармацевтическую стандартизацию растительного сырья, идентификацию химических маркеров и проведение стандартизированных доклинических исследований.
Заключение. Имеющиеся доказательства недостаточны для рекомендации *C. arvense* к клиническому применению или для признания его готовым источником лекарственного растительного препарата. Дальнейшие исследования должны быть направлены на ботаническую идентификацию, выбор химических маркеров, количественную стандартизацию, межсерийную воспроизводимость экстрактов, оценку безопасности и применение стандартизированных доклинических моделей.
Ключевые слова: *Cirsium arvense*; уровень доказательности; критическая оценка; фармацевтическая стандартизация; контроль качества; лекарственное растительное сырьё; доклинические исследования.

CIRSIUM ARVENSE (L.) SCOP.: A CRITICAL APPRAISAL OF THE AVAILABLE EVIDENCE AND PROSPECTS FOR PHARMACEUTICAL STANDARDIZATION

Elmira Serikbayeva[1], Kairat Zhakipbekov[1], Ardak Bakytzhanova[1], Pavel Mucaji[2], Murat Ashirov[1], Nurgali Rakhymbayev[1]

[1]Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Republic of Kazakhstan
[2]Comenius University in Bratislava, Bratislava, Slovak Republic

Introduction. *Cirsium arvense* (L.) Scop. is a member of the Asteraceae family that has traditionally been used as a medicinal and edible plant. Scientific interest in this species is associated with its diverse phytochemical composition and potential biological activities.
Objective. To critically appraise the level of evidence supporting the published phytochemical and pharmacological data on *Cirsium arvense*, identify the methodological limitations of the available studies, and propose key parameters required for the pharmaceutical standardization of its plant material and extracts.

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

Materials and methods. A narrative review of publications indexed in PubMed, Scopus, Web of Science, ScienceDirect, and Google Scholar was conducted. The search covered publications available up to May 2026 and used the keywords «*Cirsium arvense*», «phytochemistry», «traditional use», «antioxidant activity», «antimicrobial activity», and «pharmacological activity», alone and in combination. Original research articles, reviews, books, and official sources directly related to the plant were included.

Results. Most of the available evidence was derived from *in vitro* studies using non-standardized extracts. Although antioxidant and antimicrobial activities were investigated more frequently, substantial heterogeneity in plant parts, extraction procedures, solvents, doses, and experimental models limits direct comparison of the findings. No human clinical studies were identified among the publications included in this review. Data on botanical authentication, quantitative marker compounds, extract composition, impurities, stability, and batch-to-batch consistency remain insufficient. Based on these gaps, a proposed matrix of parameters for the standardization of *C. arvense* plant material and extracts was developed.

Discussion. The literature review demonstrated that, despite the promising phytochemical composition and biological activity of *Cirsium arvense* (L.) Scop., the available evidence remains methodologically heterogeneous. Differences in plant parts, extraction procedures, and evaluation models limit the comparability of the reported findings, while the absence of clinical studies prevents a comprehensive assessment of its efficacy and safety. Therefore, future research should focus on the pharmaceutical standardization of the plant material, identification of chemical markers, and the implementation of standardized preclinical studies.

Conclusion. The available evidence is insufficient to support the clinical use of *C. arvense* or its consideration as a ready source of a herbal medicinal product. Future studies should focus on botanical authentication, selection of chemical markers, quantitative standardization, batch-to-batch consistency, safety assessment, and standardized preclinical models.

Keywords: *Cirsium arvense;* level of evidence; critical appraisal; pharmaceutical standardization; quality control; herbal raw material; preclinical studies.

1.Кіріспе. Ежелден бері дәрілік өсімдіктер әртүрлі халықтардың емшілік тәжірибесінде кеңінен қолданылып, олардың негізінде аюрведа, дәстүрлі қытай медицинасы және ежелгі грек медицинасы сияқты емдеу жүйелері қалыптасқан [1, 2]. Соңғы жылдары дәрілік өсімдіктерге ғылыми қызығушылықтың артуы синтетикалық дәрілік заттардың жағымсыз әсерлерімен, кейбір препараттардың жоғары құнымен және микроорганизмдердің дәрілік заттарға төзімділігінің күшеюімен байланыстырылады. Табиғи текті қосылыстар жаңа дәрілік заттарды іздеу мен әзірлеудің маңызды көздерінің бірі болып табылады. Алайда өсімдік текті өнімдердің табиғи шығу тегі олардың қауіпсіздігін автоматты түрде қамтамасыз етпейді. Сондықтан олардың химиялық құрамын, фармакологиялық белсенділігін, уыттылығын, ықтимал дәрілік өзара әрекеттесулерін және клиникалық қолдану мүмкіндіктерін кешенді бағалау қажет [3, 4]. Астралылар (*Asteraceae*) тұқымдасына жататын *Cirsium* туысына негізінен Солтүстік жарты шардың қоңыржай климаттық белдеуінде таралған екіжылдық және көпжылдық тікенекті шөптесін өсімдіктер жатады. Бұл туыстың өкілдері Еуропада, Азияда, Солтүстік Америкада және Солтүстік Африкада кездеседі [5]. *Cirsium* атауы гректің *kirsos* – «ісінген көктамыр» деген сөзінен шыққан және бұл туыс өсімдіктерінің көктамыр ауруларын емдеуде дәстүрлі түрде қолданылуымен байланыстырылады [6, 7]. Фитохимиялық және фармакологиялық зерттеулер *Cirsium* туысына жататын кейбір өсімдіктердің гепатопротекторлық, антиоксиданттық, микробқа қарсы және антипролиферативтік белсенділік танытуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл әсерлер олардың құрамындағы флавоноидтармен, фенолдық қосылыстармен, терпеноидтармен және басқа да биологиялық белсенді заттармен байланысты болуы ықтимал. Сонымен қатар туыстың жекелеген түрлерінің химиялық құрамы айтарлықтай ерекшеленеді, сондықтан бір түрге қатысты алынған нәтижелерді екінші түрге тікелей қолдануға болмайды. Осыған байланысты *Cirsium* туысы өкілдерінің фитохимиялық құрамы мен биологиялық белсенділігін түрлік деңгейде зерттеу ғылыми және практикалық тұрғыдан маңызды [8, 9].

Cirsium туысының көптеген өкілдерінің ішінде *Cirsium arvense* (L.) Scop. (дала тікенқурайы; ағылшынша *creeping thistle* немесе *Canada thistle*) кең таралған және ауыл шаруашылығы мен фармацевтикалық зерттеулер тұрғысынан қызығушылық тудыратын өсімдіктердің бірі болып табылады. Бұл түр жоғары экологиялық бейімделгіштігімен, қолайсыз орта

жағдайларына төзімділігімен және вегетативтік жолмен қарқынды таралу қабілетімен ерекшеленеді. *C. arvense* құрамынан әртүрлі биологиялық белсенді қосылыстардың анықталуы және өсімдіктің дәстүрлі медицинада қолданылуы оның ықтимал фармакологиялық қасиеттерін зерттеуге негіз болды. Алайда жарияланған зерттеулерде өсімдік шикізатының түрлік сәйкестендірілуі, жиналған орны мен мерзімі, пайдаланылған өсімдік мүшесі, экстракция жағдайлары және алынған экстрактылардың химиялық сипаттамалары әрдайым толық көрсетіле бермейді. Сонымен қатар *C. arvense* жоғары инвазивтілігімен ерекшеленетіндіктен, оны жинау, таралуын бақылау және шикізат көзі ретінде қауіпсіз пайдалану мәселелері экологиялық талаптарды ескере отырып қарастырылуға тиіс [9, 10].

Бұған дейін жарияланған шолуда *C. arvense* өсімдігінің ботаникалық сипаттамасы, дәстүрлі қолданылуы, фитохимиялық құрамы және ықтимал фармакологиялық әсерлері жүйеленген [48]. Бастапқы зерттеулердегі өсімдік үлгілерінің түрлік сәйкестігі, қолданылған тәжірибелік модельдердің негізділігі, экстрактылардың химиялық сипатталу дәрежесі, нәтижелердің әдістемелік шектеулері және олардың фармацевтикалық стандарттау үшін қолданылу мүмкіндігі арнайы сыни тұрғыдан бағаланбаған. Бұл жұмыста бұрын жарияланған мәліметтерді сипаттамалық тұрғыдан қайталауға емес, қолда бар зерттеулердің дәлелділік деңгейін және фармацевтикалық стандарттау мақсаттары үшін жарамдылығын бағалауға басымдық берілді. Бағалау нәтижелері өсімдік шикізатына, экстрактыларға және биологиялық белсенділікті бағалау әдістеріне қойылатын талаптарды қамтитын үш бөлімді ұсыныстар матрицасы түрінде жүйеленді.

Осы сыни әдеби шолудың мақсаты – *Cirsium arvense* (L.) Scop. бойынша жарияланған фитохимиялық және фармакологиялық деректердің сенімділігі мен дәлелділік деңгейін бағалау, қолданылған зерттеу әдістерінің негізгі шектеулерін анықтау және өсімдік шикізаты мен одан алынатын экстрактыларды фармацевтикалық стандарттауға қажетті көрсеткіштерді ғылыми тұрғыдан негіздеу.

2. Зерттеу әдістері. Жұмыс *Cirsium arvense* (L.) Scop. өсімдігінің фитохимиялық құрамы, фармакологиялық белсенділігі, қауіпсіздігі және фармацевтикалық стандарттау мүмкіндіктері жөніндегі жарияланған деректерді сыни бағалауға арналған әдеби шолу ретінде орындалды. Ғылыми әдебиеттерді іздеу PubMed, Scopus, Web of Science, ScienceDirect және Google Scholar ақпараттық ресурстарында жүргізілді. Іздеу барысында 2026 жылғы мамыр айына дейін жарияланған еңбектер қарастырылды. Іздеу стратегиясында “*Cirsium arvense*”, “Canada thistle”, “creeping thistle”, “phytochemistry”, “chemical composition”, “extract standardization”, “quality control”, “antioxidant activity”, “antimicrobial activity”, “pharmacological activity”, “toxicity” және “safety” терминдері пайдаланылды. Кілт сөздер әрбір ақпараттық ресурстың іздеу мүмкіндіктеріне сәйкес AND және OR логикалық операторлары арқылы біріктірілді. Қосымша дереккөздерді анықтау мақсатында іріктелген мақалалардың әдебиеттер тізімдері қолмен қаралды.

Шолуға *C. arvense* өсімдігіне тікелей қатысты түпнұсқалық фитохимиялық, аналитикалық, фармакологиялық, токсикологиялық және этнофармакологиялық зерттеулер енгізілді. Шолу мақалалары, анықтамалық және әдістемелік еңбектер зерттеу мәселесінің жалпы ғылыми мәнмәтінін сипаттау және қосымша бастапқы дереккөздерді анықтау үшін пайдаланылды, алайда дербес бастапқы эксперименттік дәлел ретінде бағаланбады. Бұрын жарияланған тақырыптас шолу [48] осы жұмыстың ғылыми бағыты мен жаңалығын ажырату мақсатында қарастырылды.

C. arvense түріне тікелей қатысы жоқ зерттеулер, қайталанған жарияланымдар, жеткілікті эксперименттік немесе әдістемелік мәліметтер берілмеген конференция материалдары және толық мәтіні қолжетімсіз еңбектер талдаудан

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

алынып тасталды. Басқа *Cirsium* түрлеріне қатысты зерттеу нәтижелері салыстырмалы ғылыми мәнмәтін ретінде ғана пайдаланылып, *C. arvense* үшін тікелей дәлел ретінде қабылданбады.

Әрбір енгізілген зерттеу зерттелген таксонның нақты көрсетілуі және сәйкестендіру әдісі, пайдаланылған өсімдік мүшесі мен шикізаттың шығу тегі, экстракция әдісі мен экстрагенттің құрамы, тәжірибелік модель, бақылау тобы және салыстыру жағдайлары, биологиялық қайталамалар мен статистикалық өңдеу әдістері, экстрактының химиялық профилі мен сандық маркерлері, негізгі нәтижелердің тәуелсіз зерттеулерде расталуы, уыттылық пен қауіпсіздік жөніндегі мәліметтердің болуы және зерттеу әдістемелік шектеулері бойынша талданды.

Жарияланымда белгілі бір көрсеткіш туралы ақпарат болмаған жағдайда, ол «хабарланбаған» деп белгіленді. Химиялық профилі немесе сандық маркерлері көрсетілмеген экстрактылар құрамы мен биологиялық әсері бойынша баламалы деп саналмады. Бағалау «таксон – өсімдік мүшесі – экстракция әдісі – тәжірибелік модель – өлшенген көрсеткіш – бақылау – аналитикалық стандарттау – негізгі шектеу» тізбегі бойынша жүргізілді. Формалды GRADE жүйесі, жүйелі қателік қаупін бағалау құралдары және сандық сапа балдары қолданылмады. Зерттеулер алдын ала белгіленген көрсеткіштер бойынша сапалық-сипаттамалық әдіспен бағаланып, нәтижелер метаталдаусыз, қолжетімді дәлелдерді сыни жинақтау арқылы ұсынылды.

Әдебиеттерді іздеудің бастапқы журналдары толық сақталмағандықтан, әрбір ақпараттық ресурстан табылған, қайталануына байланысты шығарылған, толық мәтіні қаралған және қорытынды талдауға енгізілген жарияланымдардың нақты санын сенімді түрде анықтау мүмкін болмады. Расталмаған сандық мәліметтер мен әдебиеттерді іріктеу ағын-схемасы ұсынылған жоқ. Бұл жағдай іздеу рәсімінің толық қайта орындалуын шектейді. Сондықтан жұмыс жүйелі шолу ретінде емес, қолжетімді әдеби деректерді сыни сапалық тұрғыдан жинақтайтын әдеби шолу ретінде қарастырылды.

3. Зерттеу нысанының қысқаша сипаттамасы. *Cirsium arvense* (L.) Scop. - Asteraceae тұқымдасына жататын, Еуропа, Азия және Солтүстік Америкада кең таралған көпжылдық өсімдік. Дәстүрлі медицинада оның әртүрлі бөліктері қан кету, қабыну және жұқпалы аурулар кезінде қолданылған, ал жапырақтары мен жас өркендері кейбір өңірлерде тағам ретінде пайдаланылған [9,10,14,15]. Алайда этноботаникалық қолданылу терапиялық тиімділіктің дәлелі болып табылмайды және оны эксперименттік әрі клиникалық деректерден бөлек қарастыру қажет.

4. *C. arvense* фитохимиялық деректерінің сыни бағалануы. Жарияланған еңбектерде *C. arvense* құрамынан көптеген қосылыстар анықталғанымен, зерттеулердің елеулі бөлігі сапалық идентификациямен шектеледі. Бірдей химиялық маркерлерді пайдаланатын салыстырмалы сандық зерттеулер аз, ал өсімдіктің географиялық шығу тегі, жинау мерзімі, кептіру жағдайлары және экстракция параметрлері көптеген жұмыстарда толық көрсетілмеген. Сондықтан жеке зерттеулерде қосылыстардың анықталуы олардың өсімдік шикізаты үшін тұрақты стандарттау маркерлері бола алатынын автоматты түрде білдірмейді.

4.1 Флавоноидтар және биологиялық белсенді гликозидтер. *C. arvense* өсімдігінің фитохимиялық құрамы оның биохимиялық тұрғыдан күрделі екенін көрсетеді. Өсімдік құрамындағы екіншілік метаболиттердің ішінде флавоноидтар басым орын алады және оның көптеген фармакологиялық қасиеттерінің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Әсіресе *C. arvense* флавондар мен флавонолдарға бай болғандықтан, олардың болуы өсімдіктің биологиялық белсенділігіне елеулі үлес қосуы мүмкін. Қазіргі уақытқа дейін *C. arvense* құрамынан апигенин, лютеолин, кверцетин, кемпферол, рутин, эспидулин, линарин, пектолинаригенин-7-О-глюкозиді, апигенин-7-О-глюкозиді, лютеолин-7-О-глюкозиді, кемпферол-7-О-глюкозиді және кверцетин-7-О-глюкозиді сияқты көптеген

флавоноидтар мен олардың гликозидтері анықталған. Бұл қосылыстар әртүрлі фармакологиялық әсерлерге ие болып, өсімдіктің антиоксиданттық, қабынуға қарсы және басқа да биологиялық белсенділіктерінің қалыптасуына елеулі үлес қосады. Аталған фитохимиялық компоненттерді анықтау үшін негізінен диодты матрицалық детектормен жабдықталған жоғары тиімді сұйық хроматография (HPLC-DAD) әдісі қолданылған. Сонымен қатар, оларды бөліп алу және тазарту мақсатында вакуумдық сұйық хроматография және басқа да классикалық хроматографиялық әдістер пайдаланылған [21-25].

4.2 Фенолдық қышқылдар мен гидроксибензой қышқылының туындылары. Фенолдық қышқылдар *C. arvense* өсімдігінің фитохимиялық құрамындағы маңызды қосылыстардың бірі болып табылады. Олардың ішінде хлороген қышқылы, кофе қышқылы және ферул қышқылы басым компоненттер ретінде анықталған. *Cirsium* туысына жататын әртүрлі түрлерді салыстырмалы түрде зерттеу нәтижелері фенолдық қышқылдардың сапалық және сандық құрамы қоршаған орта жағдайларына, өсімдіктің өсу ортасына және маусымдық өзгерістерге тәуелді екенін көрсетеді. Дегенмен, дәл осындай факторлардың *C. arvense* құрамындағы фенолдық қышқылдардың жиналуына әсері жөніндегі зерттеулер әлі де жеткіліксіз және қосымша ғылыми ізденістерді қажет етеді [21,26]. Соңғы жылдары кофе қышқылының туындылары болып саналатын кафтар қышқылы мен неохлороген қышқылына ерекше назар аударылуда. Бұдан басқа, *C. arvense* өсімдігінің әртүрлі морфологиялық мүшелерінен гидроксибензой қышқылының туындылары, соның ішінде протокатехин қышқылы мен протокатехин альдегиді анықталған. Бұл фенолдық қосылыстар өсімдіктің антиоксиданттық белсенділігіне және басқа да фармакологиялық қасиеттерінің қалыптасуына ықпал ететін маңызды фитохимиялық компоненттер болып табылады [9,22].

4.3 Ұшпа және олармен байланысты фитохимиялық компоненттер. *C. arvense* құрамында өсімдіктің өзіне тән иісін қалыптастыратын және оның биологиялық белсенділігіне ықпал ететін көптеген ұшпа және жартылай ұшпа қосылыстар кездеседі. Олардың қатарына цитронеллол, 2-пентадеканон, сондай-ақ бензопиран және кумарин туындылары, оның ішінде 6,7-диметоксикумарин жатады. Бұл қосылыстар газды хроматография-масс-спектрометрия (GC-MS) әдісі арқылы анықталған [27]. Сонымен қатар, өсімдік құрамынан акацетин мен пектолинаригениннің гликозидтері, сондай-ақ скополетин сияқты флавоноидтармен құрылымдық жағынан байланысты қосылыстар табылған. Бұл заттар өсімдіктің фитохимиялық профилінің құрамдас бөлігі болып табылады, фитонцидтік қасиеттерімен ерекшеленеді [28]. Деректер бойынша, өсімдікті патогенді микроорганизмдерден қорғауға, микробқа қарсы белсенділік көрсетуге және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуіне, ішінде тозаңдандырғыш жәндіктерді тартуға қатысады. *C. arvense* құрамындағы полиацетилендер туралы мәліметтер әзірге шектеулі болғанымен, *Cirsium* туысының басқа түрлерінде анықталған ұқсас қосылыстар олардың осы өсімдіктің биологиялық белсенділігіне де белгілі бір дәрежеде үлес қосуы мүмкін екенін көрсетеді [9, 29,30].

Бұдан басқа ирандық ғалымдар тобы жүргізген зерттеуде *C. arvense* құрамынан эфир майының бар екенін анықтаған және негізгі құрамына α-пинен, δ-3-карен, 1,8-цинеол, камфора, борнеол және эстрагол сияқты монотерпендер, сондай-ақ δ-элемен, (E)-β-кариофиллен, α-гумулен, гермакрен, D,β-селинен, δ-кадинен және кариофиллен оксиді сияқты сесквитерпендер кіреді. Сонымен қатар, кейбір экстрактілерден α-бисаболол мен оплопанон сияқты оттекті қосылыстардың басым мөлшерде кездесетіні анықталған. Сондай-ақ құрамында октадекан, эйкозан, докозан, тетракозан, гексакозан, гептакозан және нанокозан тәрізді ұзын тізбекті алифатты көмірсутектер, фитол сияқты биологиялық белсенді дитерпеноидтар және басқа да

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

липофильді компоненттер кездеседі [31]. Эфир майларының сандық құрамын салыстыру нәтижесінде гүл майында α-бисаболол (17,4%), гексакозан (12,6%), δ-кадинен (9,7%) негізгі компоненттер ретінде анықталған. Жапырақ майында α-бисаболол (34,8%), δ-кадинен (20,7%) мен β-селинен (15,6%) басым болса, сабақ майында α-бисаболол (45,8%), δ-кадинен (23,2%) ең жоғары мөлшерде кездескен [31].

4.4 Тритерпендер, стеролдар және липофильді компоненттер. *C. arvense* құрамында тритерпендер, стеролдар және басқа да липофильді табиғаттағы қосылыстардың алуан түрлі тобы анықталған. Бұл заттар өсімдіктің биологиялық белсенділігі мен фармакологиялық қасиеттерінің қалыптасуына елеулі үлес қосатын негізгі фитохимиялық компоненттердің қатарына жатады. Жүргізілген фитохимиялық зерттеулер нәтижесінде өсімдіктің, әсіресе жерүсті бөліктері мен гүлдерінен алынған метанолды экстрактілерінен α-амирин, β-амирин және тараксастерол сияқты тритерпеноидтар анықталған. Сонымен қатар, γ-ситостерол мен стигмастерин сияқты фитостеролдардың, сондай-ақ олеан-12-ен-3-ол ацетатының өсімдік құрамында болатыны туралы мәліметтер келтірілген. Газды хроматография-масс-спектрометрия (GC-MS) әдісінің көмегімен *C. arvense* құрамынан май қышқылдары, олардың метил эфирлері, фитол, камфора және басқа да полярлығы төмен липофильді молекулалары анықталған [32,9,27]. Бұдан басқа, өсімдіктен стероидты гликозидтер тобына жататын даукостерол, сондай-ақ көмір қышқылының 2-этилгексилгептадецил эфирі сияқты ұзын тізбекті эфирлері бөлініп алынған. Аталған қосылыстарды анықтау және сәйкестендіру үшін әртүрлі хроматографиялық әдістер қолданылған [24,28].

Кесте 1 - *C. arvense* өсімдігінің фитохимиялық құрамының анықталған компоненттері

Фитохимиялық класс	**Анықталған қосылыстар**	**Өсімдік бөлігі/экстракт**	**Әдебиет**
Флавоноидтар	Апигенин, лютеолин, кверцетин, кемпферол, рутин, эспидулин, линарин, апигенин-7-О-глюкозиді, лютеолин-7-О-глюкозиді, кемпферол-3-О-глюкозиді, кверцетин-3-О-глюкозиді, пектолинаригенин-7-глюкозиді	Жерүсті бөліктері, жапырақтары, гүлдері	[11,21,22-26,29]
Фенолдық қышқылдар	Хлороген қышқылы, кофе қышқылы, ферул қышқылы, кафтар қышқылы, неохлороген қышқылы, протокатехин қышқылы, протокатехин альдегиді, р-кумар қышқылы	Бүтін өсімдік, жерүсті бөліктері	[9,21,26,30]
Тритерпендер және стеролдар	α-Амирин, β-амирин, тараксастерол, γ-ситостерол, стигмастерин, олеан-12-ен-3-ол ацетаты, даукостерол	Гүл, жерүсті бөліктері	[11,24,27]
Ұшпа қосылыстар	Цитронеллол, 2-пентадеканон, камфора, фитол, скополетин, акацетин, пектолинаригенин	Гүл, жапырақ және сабақ экстрактілері	[27,31]
Эфир майының компоненттері	α-Пинен, δ-3-карен, 1,8-цинеол, борнеол, эстрагол, δ-элемен, Е-β-кариофиллен, α-гумулен, гермакрен D, β-селинен, δ-кадинен, кариофиллен оксиді, α-бисаболол, оплопенон	Гүл, жапырақ және сабақ экстрактілері	[31]
Май қышқылдары және туындылары	9,12,15-октадекатриен қышқылы, гексадекан қышқылының метил эфирі, 10-октадецен қышқылының метил эфирі, 9,12-октадекадиен қышқылының метил эфирі	Гүлдері	[27,28]
Басқа компоненттер	Холин, алкалоидтар, гликозидтер, сапониндер, цианогенді гликозидтер, таниндер, каротиноидтар, токоферолдар	Өсімдіктің әртүрлі бөліктері	[32,9,21]

1-кестедегі флавоноидтар мен фенолдық қышқылдар өсімдіктің антиоксиданттық, микробқа қарсы және басқа да фармакологиялық белсенділігіне ықпал ететін негізгі метаболиттер болып табылады. Олардың құрамы өсімдік

мүшесіне, экстракция әдісіне, географиялық аймақ пен қоршаған орта жағдайларына байланысты өзгеріп отырады.

Әдебиеттерді талдау фитохимиялық зерттеулердің көбіне қосылыстарды сапалық анықтаумен шектелетінін көрсетті. Сондықтан C. arvense метаболиттерінің нақты фармакологиялық әсерлерге қосатын үлесі толық анықталмаған. Болашақ зерттеулерде белсенді қосылыстарды бөліп алу, сандық мөлшерін анықтау, құрылым–белсенділік байланысын (SAR) және терапевтік әлеуетін бағалау маңызды.

5. Биологиялық белсенділік бойынша дәлел деңгейін бағалау

5.1 Антиоксиданттық белсенділік: салыстырмалы түрде жақсырақ зерттелген доклиникалық бағыт. Антиоксиданттар - бос радикалдар мен оттегінің белсенді түрлерін бейтараптандыру арқылы жасушаларды тотығу стрессінің зиянды әсерінен қорғайтын биологиялық белсенді заттар. Тотығу стрессі қатерлі ісік, жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары, нейродегенеративті патологиялар және созылмалы қабыну процестері сияқты көптеген аурулардың дамуында маңызды патогенетикалық факторлардың бірі болып саналады. *C. arvense* өсімдігінің әртүрлі морфологиялық бөліктерінен алынған сығындылардың бірнеше антиоксиданттық механизмдер арқылы жоғары белсенділік көрсететіні анықталған. Мысалы тамырдан алынған сығындылар DPPH бос радикалдарын залалсыздандыру қабілеті бойынша α-токоферол мен бутилденген гидрокситолуол (BHT) сияқты стандартты антиоксиданттардан жоғары нәтиже көрсеткен. Сонымен қатар, бұл сығындылар FRAP әдісі бойынша тотықсыздандыру қабілеті мен супероксид аниондарын бейтараптандыру белсенділігі жағынан да жоғары көрсеткіштерге ие болған [24]. ABTS әдісі арқылы анықталған жалпы антиоксиданттық белсенділік көрсеткіштері 2,31-2,78 ммоль/л аралығында өзгергені анықталды [33]. Бұдан басқа, *C. arvense* гүлдерінің метанолды сығындысы жоғары жалпы антиоксиданттық белсенділік (TAS = 2,2 ммоль/л) және фенолдық қосылыстардың жоғары жалпы мөлшерін көрсеткен. Әртүрлі еріткіштік фракцияларды салыстырғанда, *n*-бутанол фракциясында TAS антиоксиданттық белсенділік көрсеткіші жоғары болып, 2,69 ммоль/л-ге жеткен [34]. Бұл нәтижелер фенолдық қосылыстардың C. arvense сығындыларының антиоксиданттық белсенділігіне елеулі үлес қосуы мүмкін екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, DPPH, азот оксиді, сутегі асқын тотығы және супероксид аниондарының радикалдарын залалсыздандыруға негізделген әртүрлі *in vitro* модельдерде *C. arvense* этанолды сығындыларының антиоксиданттық белсенділігі дозаға тәуелді сипатта болатыны анықталған. Мұндай әсер, ең алдымен, құрамындағы кверцетин, рутин, кемпферол және *p*-кумар қышқылы сияқты фенолдық қосылыстармен байланысты екендігі көрсетілген [30]. Осы қосылыстардың ішінде кверцетиннің мөлшері жоғары болғандықтан, оның антиоксиданттық әсерге қосатын үлесі маңызды. Сонымен қатар, метанол және этанол негізінде алынған жапырақ пен гүл сығындылары ең жоғары антиоксиданттық белсенділік көрсеткен, бұл олардың құрамындағы хлороген қышқылы мен лютеолин туындыларының мол болуымен түсіндіріледі [21].

Жануарлардың гиперхолестеринемия моделінде *C. arvense* сығындысының антиоксиданттық көрсеткіштерге ықтимал оң әсері байқалған. Гиперхолестеринемия моделінде өсімдіктің метанолды сығындысы жалпы антиоксиданттық белсенділікті (TAC), супероксиддисмутаза (SOD), каталаза, параоксоназа, және арилэстераза ферменттерінің белсенділігін едәуір арттырған. Сонымен қатар, жалпы тотығу статусы (TOS) мен малондиальдегид (MDA) деңгейлері айтарлықтай төмендеген. Бұған қоса, сығынды жалпы холестериннің, төмен тығыздықтағы липопротеиндердің (LDL) және триглицеридтердің мөлшерін азайтып, жоғары тығыздықтағы липопротеиндердің (HDL) деңгейін жоғарылатқан. Бұл нәтижелер *C. arvense* өсімдігін тотығу

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

стрессімен байланысты метаболикалық өзгерістер кезінде табиғи антиоксиданттардың ықтимал көзі ретінде әрі қарай зерттеуге негіз береді. Алайда жануарлар моделінде алынған нәтижелерді адамның клиникалық тиімділігіне тікелей көшіруге болмайды [35]. Соған қарамастан, қолда бар зерттеулердің нәтижелері бірқатар шектеу. Зерттеулердің басым бөлігінде әртүрлі еріткіштер арқылы алынған стандартталмаған сығындылар пайдаланылғандықтан, олардың нәтижелерін өзара салыстыру қиынға соғады [24,30,34]. Жалпы антиоксиданттық белсенділіктің қалыптасуындағы жекелеген фитохимиялық қосылыстардың нақты үлесі толық анықталмаған. Көптеген авторлар флавоноидтар, фенолдық қышқылдар және басқа метаболиттер арасындағы синергиялық өзара әрекеттесудің маңызды рөл атқаруы мүмкін екенін атап өтеді [21]. *in vivo* зерттеулер тотығу стрессінің биомаркерлеріне оң әсерін көрсеткенімен [35], бұл қосылыстардың молекулалық әсер ету механизмдері, биожетімділігі, фармакокинетикалық ерекшеліктері және ұзақ мерзімді қауіпсіздігі жөніндегі мәліметтер әлі де жеткіліксіз [36]. Осыған байланысты жүргізілетін болашақ зерттеулер *C. arvense* негізіндегі стандартталған сығындыларды әрі қарай клиникаға дейінгі бағалаудың ғылыми негізін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады *C. arvense* өсімдігінің антиоксиданттық белсенділігіне қатысты негізгі мәліметтер 2-кестеде жинақталған.

Бес Cirsium түрінің жапырақтарының сулы сығындыларын салыстырған [33] зерттеудегі TAS 2,31–2,78 ммоль/л аралығы барлық қарастырылған түрлерге тиесілі жиынтық диапазон болып табылады. Бұл аралықты C. arvense түріне тән жеке нәтиже ретінде көрсету дұрыс емес. Түрге тән сандық мән бастапқы жарияланымнан бөлек расталмайынша келтірілмейді.

Кесте 2 - *C. arvense* өсімдігінің антиоксиданттық белсенділігі

Өсімдік бөлігі/сығынды	Талдау әдісі	Белсенділігі/нәтижесі	Оң бақылау	Дереккөз
Тамыр сығындысы	DPPH	Жоғары концентрацияларда α-токоферол мен BHT-тен жоғары белсенділік (C. arvense subsp. vestitum)	α-токоферол, BHT	[24]
Тамыр сығындысы	FRAP	Жоғары тотықсыздандыру қабілеті	BHT	[24]
Тамыр сығындысы	Супероксид радикалдарын залалсыздандыру	BHT-тен жоғары	BHT	[24]
Гүлдің метанолды сығындысы	TAS	TAS = 2,2 ммоль/л	-	[34]
Гүлдің n-бутанолды фракциясы	TAS	Ең жоғары антиоксиданттық белсенділік (TAS = 2,69 ммоль/л)	-	[34]
Этанолды сығынды	DPPH, NO, H_2O_2, супероксид	Дозаға тәуелді белсенділік	Стандартты антиоксиданттар	[30]
етанолды сығынды (жануарларға тәжірибе)	TAC, SOD, CAT, MDA	Антиоксиданттық статус пен липидтік профиль жақсарды	Бақылау тобы	[35]

DPPH - 2,2-дифенил-1-пикрилгидразил; FRAP - ferric reducing antioxidant power; TAS - total antioxidant status; TAC - total antioxidant capacity; SOD - superoxide dismutase;

CAT - catalase; MDA - malondialdehyde; BHT - butylated hydroxytoluene.

5.2 Микробқа қарсы белсенділік: салыстырмалы түрде жақсырақ зерттелген доклиникалық бағыт. Микробқа қарсы агенттерге ғылыми қызығушылық антибиотиктерге төзімді микроорганизмдердің кең таралуымен және қолданыстағы микробқа қарсы препараттар тиімділігінің төмендеуімен байланысты [36,37].

C. arvense сығындыларының әртүрлі бактериялық және саңырауқұлақтық қоздырғыштарға қарсы микробқа қарсы белсенділік көрсетуі мүмкін екені туралы эксперименттік мәліметтер бар. Бірқатар эксперименттік зерттеулерде *C. arvense* өсімдігінің әртүрлі мүшелерінен алынған сығындылардың бактерияға және саңырауқұлақтарға қарсы белсенділігі бағаланған. Жапырақ, сабақ, тамыр және гүлдерінің метанолды сығындылары *Macrophomina phaseolina* саңырауқұлағына қарсы әртүрлі деңгейдегі фунгицидтік әсер көрсеткен. Олардың ішінде жапырақ сығындысы ең жоғары белсенділік танытып, саңырауқұлақ биомассасын шамамен 74 %-ға дейін төмендеткен. Белсенді жапырақ сығындысын GC-MS әдісімен талдау нәтижесінде 10-октадецен қышқылының метил эфирі, бензопиран туындылары, гексадекан қышқылының метил эфирі және 9,12-октадекадиен қышқылының метил эфирі сияқты саңырауқұлаққа қарсы белсенділігі жоғары деп саналатын қосылыстар анықталған. Сол сияқты метанолды сығындының әртүрлі фракциялары *Staphylococcus aureus, Escherichia coli, Pseudomonas aeruginosa, Klebsiella pneumoniae* және *Micrococcus luteus* сияқты грамоң және грамтеріс бактерияларға қатысты айқын бактерияға қарсы белсенділік көрсеткен. Зерттеу нәтижелері бойынша хлороформды фракцияның *Staphylococcus aureus*-қа қарсы ең жоғары тиімділік танытқаны анықталса, *n*-гексан және хлороформ фракциялары *Aspergillus niger* саңырауқұлағына қарсы күшті фунгицидтік әсер көрсеткен (3-кесте) [39]. Кейінгі уақытта жүргізілген зерттеулерде *C. arvense* сығындыларын дәстүрлі антибиотиктермен бірге қолданудың тиімділігі бағаланған. Атап айтқанда, *C. arvense* сығындысы мен цефиксимнің комбинациясы метицилинге төзімді *Staphylococcus aureus (MRSA), Escherichia coli* және *Acinetobacter baumannii* штамдарына қарсы толық немесе ішінара синергиялық әсер көрсеткен. Өсу кинетикасын талдау барысында бактериялардың көбею қарқыны мен жалпы ақуыз синтезінің айқын төмендігі анықталған, бұл өсімдік сығындыларының антибиотиктердің әсерін күшейте алатынын көрсетеді [40]. Сонымен қатар, өсімдіктің жерүсті бөліктерінен алынған сығындылары әртүрлі патогенді бактерияларға қатысты концентрацияға тәуелді бактерияға қарсы белсенділік танытқан [40]. Жалпы алғанда, қолда бар *in vitro* нәтижелер *C. arvense* сығындыларының микробқа қарсы әлеуетін көрсетеді. Алайда оларды резистентті бактериялық инфекцияларды емдеуде қолдану мүмкіндігін бағалау үшін белсенді қосылыстарды анықтау, қауіпсіздігін зерттеу және стандартталған клиникаға дейінгі зерттеулер жүргізу қажет. *C. arvense* өсімдігінің микробқа қарсы белсенділігіне қатысты негізгі мәліметтер 3-кестеде жинақталып ұсынылған.

Әдеби деректерге сәйкес, флавоноидтар, фенолдық қышқылдар, терпеноидтар және ұшпа қосылыстар микроорганизмдерге бірнеше ықтимал механизм арқылы әсер етуі мүмкін. Оларға жасуша мембранасының өткізгіштігін өзгерту, кейбір ферменттердің белсенділігін төмендету және жасушалық метаболизмге ықпал ету жатады. Алайда бұл механизмдердің нақты *C. arvense* сығындылары үшін тікелей эксперименттік дәлелдері шектеулі. Сондықтан оларды дәлелденген механизмдер емес, ықтимал әсер ету жолдары ретінде қарастырған жөн.

Соған қарамастан, қазіргі таңда жарияланған зерттеулердің нәтижелері әлі де жүйеленбеген және қолданылған экстракция әдістеріне, өсімдік материалының шығу тегіне, сондай-ақ тәжірибе жүргізу шарттарына айтарлықтай тәуелді [17,22,38]. Өсімдіктің әртүрлі морфологиялық бөліктерінен алынған және

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

әртүрлі еріткіштер пайдаланылған сығындылардың микробқа қарсы белсенділігі арасында елеулі айырмашылықтардың болуы зерттеулер нәтижелерін тікелей салыстыруды қиындатады [27,38]. Сонымен қатар, жұмыстардың аз ғана бөлігінде нақты белсенді қосылыстар анықталған, ал олардың фармакокинетикалық қасиеттері, қауіпсіздігі және клиникалық тиімділігі жөніндегі мәліметтер жеткіліксіз [17]. Сондықтан алдағы зерттеулер белсенді компоненттерді биологиялық белсенділікке негізделген тәсілдер арқылы оқшаулауға, микробқа қарсы белсенділікті бағалаудың стандартталған хаттамаларын әзірлеуге, әсер ету механизмдерін молекулалық деңгейде зерттеуге және *C. arvense* негізіндегі препараттарды дәстүрлі микробқа қарсы емдеуге қосымша терапия ретінде қолдану мүмкіндігін бағалауға бағытталуы тиіс.

S. aureus микроорганизміне қатысты [39] зерттеуінде MIC = 0,312 мг/мл тіркелген. Бастапқы авторлар MIC мәндерін жоғары деп сипаттағандықтан, оны алдын ала анықталған белсенділік шегінсіз «күшті әсер» деп бағалау негізсіз. Цефиксиммен біріктіріп қолдану жөніндегі [40] дерек конференция материалында жарияланған және клиникалық синергияны дәлелдемейді.

Кесте 3 - *C. arvense* өсімдігінің микробқа қарсы белсенділігі

Сығынды	**Өсімдік бөлігі**	**Нысана микроорганизм**	**Белсенділігі**	**Негізгі нәтижелері**	**Дереккөз**
Метанолды сығынды	Жапырақ	*Macrophomina phaseolina*	Саңырауқұлаққа қарсы	Биомассаның 10-74% төмендеуі	[27]
Метанолды сығынды	Сабақ	*M. phaseolina*	Саңырауқұлаққа қарсы	Биомассаның 6-57% төмендеуі	[27]
Метанолды сығынды	Тамыр	*M. phaseolina*	Саңырауқұлаққа қарсы	Биомассаның 11-39% төмендеуі	[27]
Хлороформ фракциясы	Бүкіл өсімдік	*Staphylococcus aureus*	Бактерияға қарсы	MIC = 0,312 мг/мл	[39]
Әртүрлі фракциялар	Бүкіл өсімдік	*E. coli, P. aeruginosa, K. pneumoniae*	Бактерияға қарсы	Белсенділігі әртүрлі	[39]
n-Гексан фракциясы	Бүкіл өсімдік	*Aspergillus niger*	Саңырауқұлаққа қарсы	Салыстырылған фракциялар арасында белсенділік байқалды	[39]
Жерүсті бөлігінің сығындысы + цефиксим	Жерүсті бөлігі	*MRSA, E. coli, A. baumannii*	Синергиялық әсер	Біріктірілген әсер туралы конференциялық хабарлама; клиникалық растау жоқ	[40]
Жерүсті бөлігінің сығындысы	Жерүсті бөлігі	Әртүрлі бактериялар	Бактерияға қарсы	Дозаға тәуелді тежелу	[40]

5.3 Алдын ала фармакологиялық деректер. C. arvense subsp. vestitum таксонын тікелей зерттеген [24] еңбекте антипролиферативтік және антиоксиданттық көрсеткіштер қарастырылған. Нәтижелер нақты осы түр тармағына, алынған экстрактіге және қолданылған in vitro модельдерге қатысты түсіндіріледі; оларды C. arvense түрінің барлық популяцияларына немесе адамдарға жалпылауға болмайды. Asteraceae өкілдеріне арналған салыстырмалы скрининг [41] тек қосымша контекст береді және C. arvense әсерінің негізгі тікелей дәлелі ретінде қарастырылмайды.

Қабынуға, диабетке қарсы, нейропротекторлық, гепатопротекторлық және акарицидтік әсерлер жөніндегі деректер жеткіліксіз әрі сапасы шектеулі. Сондықтан олар қосымша зерттеуді қажет ететін ықтимал әсерлер ретінде қарастырылады.

Кесте 4 - C. arvense жөніндегі зерттеулердің үлгісі мен әдістемелік шектеулерінің сипаттамалық салыстырылуы

Зерттеу бағыты	Қолжетімді дәлелдер	Дәлелдердің сапалық бағасы	Негізгі шектеулер
Антиоксидантты қ белсенділік	Бірнеше *in vitro* зерттеу және жануарлар моделіндегі жекелеген зерттеу	Бірнеше доклиникалық модельде байқалған; сапаны толық бағалау үшін дерек жеткіліксіз	Стандартталмаған сығындылар, әртүрлі әдістер мен еріткіштер, клиникалық зерттеулердің болмауы
Микробқа қарсы белсенділік	Бактериялар мен саңырауқұлақтарға жүргізілген *in vitro* зерттеулер	Бірнеше доклиникалық модельде байқалған; сапаны толық бағалау үшін дерек жеткіліксіз	MIC анықтау тәсілдерінің әркелкілігі, белсенді қосылыстардың толық анықталмауы, қауіпсіздік деректерінің жеткіліксіздігі
Антипролифератив тік белсенділік	Жасушалық желілердегі жекелеген *in vitro* зерттеулер	Шектеулі бастапқы in vitro деректер	*C. arvense* әсерінің басқа Asteraceae түрлерінен толық ажыратылмауы, механизмдердің расталмауы
Қабынуға қарсы, диабетке қарсы және нейропротекторлық әсерлер	Жекелеген эксперименттік немесе жанама мәліметтер	Жекелеген немесе жанама эксперименттік деректер	Зерттеулер саны аз, стандартталған модельдер мен тәуелсіз растаулар жоқ
Клиникалық тиімділік	Шолуға енгізілген әдебиеттерде клиникалық зерттеулер анықталмады	Қарастырылған әдебиеттерде клиникалық зерттеу анықталмады	Адамдарға жүргізілген зерттеулердің болмауы

Ескерту: кесте сандық немесе GRADE шкаласы бойынша дәлел дәрежесін бермейді. «Бірнеше», «шектеулі» және «жекелеген» деген атаулар тек жарияланған зерттеу бағыттарының сипаттамасы болып табылады; зерттеу сапасы туралы тексерілетін балдық қорытынды шығарылмайды. C. arvense өсімдігінің фитохимиялық топтары мен тәжірибелік белсенділік бағыттарының жинақталған сызбасы 1-суретте ұсынылған. Сызба клиникалық тиімділік деңгейін немесе сандық дәлел рейтингін білдірмейді.



Сурет 1 - Cirsium arvense (L.) Scop. бойынша зерттелген фитохимиялық топтар мен тәжірибелік белсенділік бағыттарының сызбасы (клиникалық дәлел дәрежесі көрсетілмейді)

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

C. arvense өсімдігінің фармакологиялық әсерлері негізінен in vitro, in silico, сығындыларды бағалау және шектеулі жануарлар тәжірибелері арқылы зерттелген. Бұл нәтижелер өсімдіктің биологиялық әлеуетін көрсеткенімен, клиникалық тиімділігін дәлелдемейді. Сондықтан оларды сақтықпен түсіндіріп, стандартталған клиникаға дейінгі зерттеулермен, молекулалық механизмдерді анықтаумен және клиникалық сынақтармен растау қажет.

6. *C. arvense* шикізаты мен экстрактыларын фармацевтикалық стандарттауға ұсынылатын көрсеткіштер. Қолжетімді әдебиеттерді сыни бағалау *C. arvense* өсімдігінің фармацевтикалық қолдануды шектейтін негізгі мәселелердің бірі зерттелген шикізат пен экстрактылардың жеткіліксіз стандартталуы екенін көрсетті. Әртүрлі жұмыстарда өсімдіктің әртүрлі бөліктері, еріткіштер, экстракция режимдері және биологиялық модельдер пайдаланылғандықтан, зерттеу нәтижелерін қайталау және салыстыру қиын.

Осыған байланысты *C. arvense* шикізаты мен экстрактыларын болашақта фармацевтикалық әзірлеу үшін төмендегі минималды сапа көрсеткіштерін қолдану ұсынылады.

Кесте 5 - C. arvense шикізаты, экстрактісі және зерттеу биосынақтары үшін ұсынылатын көрсеткіштердің алдын ала матрицасы

Нысан	Параметр	Бағалау мазмұны	Мәртебесі
А. Өсімдік шикізаты	Ботаникалық сәйкестендіру	Макро-, микроскопиялық белгілер; гербарий ваучері; қажет болса ДНҚ-баркодтау	Фармакопеялық қағидат; түрге тән әдіс нақтыланады
А. Өсімдік шикізаты	Өсімдік мүшесі, шыққан жері және жинау кезеңі	Өсімдік бөлігі, географиялық орын, жинау, кептіру және сақтау құжаттамасы	Болашақ спецификацияға үміткер
А. Өсімдік шикізаты	Кептіргендегі масса жоғалту / ылғал	Тиісті фармакопеялық әдіспен анықтау; шектік норма тәжірибемен белгіленеді	Фармакопеялық қағидат
А. Өсімдік шикізаты	Жалпы күл; қышқылда ерімейтін күл	Минералдық қалдық пен минералдық қоспаларды бақылау	Фармакопеялық қағидат
А. Өсімдік шикізаты	Экстрактивті заттар	Белгіленген еріткішпен, қолдануға жарамдылығы негізделсе анықтау	Шартты фармакопеялық көрсеткіш
А. Өсімдік шикізаты	Бөгде қоспалар	Бөтен өсімдік бөліктері мен өзге механикалық қоспаларды жеке бағалау	Фармакопеялық қағидат
А. Өсімдік шикізаты	Қауіпті ластағыштар және микробиологиялық тазалық	Ауыр металдар, пестицидтер, микотоксиндер, микробтық контаминация тәуекеліне сәйкес	Фармакопеялық қағидат; шектер қолданылуына тәуелді
Б. Экстракт	Экстракция параметрлері	Экстрагент, шикізат/экстракт қатынасы, шығым, температура, уақыт, құрғақ қалдық	Болашақ спецификацияға үміткер
Б. Экстракт	Химиялық профиль	HPLC-DAD / LC-MS арқылы сәйкестендіру, партияаралық салыстыру	Әдіс әзірлеу және валидациялау қажет
Б. Экстракт	Кандидат маркерлер	Хлороген, кофе қышқылдары; лютеолин/апигенин туындылары. Селективтілік, тұрақтылық, стандарт қолжетімділігі тексеріледі	Валидацияны талап ететін кандидаттар
Б. Экстракт	Сандық талдау және тұрақтылық	Маркерлердің мөлшері, сериияаралық вариабельдік, сақтау кезіндегі өзгерістер	Валидацияны талап етеді
Б. Экстракт	Қалдық еріткіштер және ластағыштар	Экстрагентке, дәрілік нысан мен қауіптерге сай бақылау	Фармакопеялық қағидат

B. Зерттеу көрсеткіштері	Антиоксиданттық сынақтар	DPPH/FRAP/TAS: протокол, бақылаулар, қайталаным және химиялық профильмен байланыс	Зерттеушілік тест; сапа нормасы емес
B. Зерттеу көрсеткіштері	Микробқа қарсы және өзге биотесттер	MIC, жасушалық модельдер: бақылаулар, биологиялық қайталаным, қауіпсіздік	Зерттеушілік тест; клиникалық әсерді дәлелдемейді

Кесте 5 нормативтік спецификация емес. Маркер ретінде ұсынылған қосылыстардың селективтілігі, аналитикалық анықталуы, референс-стандарттарының қолжетімділігі, химиялық тұрақтылығы, партияаралық өзгергіштігі және зерттелетін биологиялық көрсеткішпен ықтимал байланысы эксперименттік түрде дәлелденуі қажет [21,26,30]. Нақты рұқсат етілетін шектер жеткілікті сериялар бойынша валидациялық деректер жиналғаннан кейін ғана белгіленеді.

Антиоксиданттық немесе микробқа қарсы белсенділікке арналған тәжірибелік тесттер шикізаттың сәйкестендіру, тазалық және сандық анықтау көрсеткіштерін алмастырмайды. Оларды өнімнің болашақ сапа спецификациясына қосу үшін талдамалық әдістің жарамдылығы, сынақтың қайталанғыштығы және мақсатты қолданумен байланысы бөлек негізделуі тиіс.

7. Болашақ зерттеу бағыттары. *C. arvense* өсімдігінің фармацевтикалық әлеуетін объективті бағалау үшін болашақ зерттеулер төрт негізгі бағытта жүргізілуі тиіс. Біріншіден, өсімдіктің әртүрлі географиялық аймақтарда және жинау кезеңдерінде алынған үлгілерінің фитохимиялық профилін HPLC-MS, UPLC-MS және басқа да заманауи аналитикалық әдістер арқылы салыстыру қажет [42,43]. Екіншіден, биологиялық белсенді қосылыстарды бөліп алып, олардың сандық құрамын және әсер ету механизмдерін анықтау маңызды. Үшіншіден, стандартталған экстрактылардың жедел және ұзақ мерзімді уыттылығын, фармакокинетикасын және биожетімділігін бағалайтын клиникаға дейінгі зерттеулер жүргізілуі тиіс. Төртіншіден, шикізат пен экстрактылардың сапа көрсеткіштерін әзірлеп, доклиникалық деректер жеткілікті болған жағдайда ғана клиникалық зерттеулерді жоспарлау қажет. Бұл бағыттар *C. arvense* негізіндегі өнімдердің тиімділігі мен қауіпсіздігін дәлелді түрде бағалауға мүмкіндік береді.

8. Шолудың шектеулері. Осы жұмыстың бірқатар шектеулері бар. Біріншіден, шолу сыни сипатта болғандықтан, жарияланымдарды іріктеу жүйелі шолуларға тән толық хаттама бойынша жүргізілген жоқ. Екіншіден, зерттеулерде өсімдіктің әртүрлі бөліктері, экстракция әдістері, еріткіштер, концентрациялар және биологиялық модельдер қолданылған, бұл нәтижелерді тікелей салыстыруды қиындатады. Үшіншіден, қолжетімді деректердің басым бөлігі *in vitro* зерттеулерге негізделген, ал жануарларға және адамдарға жүргізілген зерттеулер саны шектеулі. Сондықтан шолуда сипатталған фармакологиялық әсерлерді клиникалық тиімділік ретінде түсіндіруге болмайды.

Қауіпсіздік деректері жөніндегі шектеу: токсикологиялық зерттеулердің, фармакокинетика мен биожетімділік деректерінің жеткіліксіздігі қауіптің жоқтығын білдірмейді. Қолжетімді клиникалық жарияланымдардың анықталмауы да толыққанды клиникалық іздеудің теріс нәтижесімен тең емес. Сондықтан емдік доза, қауіпсіздік шегі немесе клиникалық көрсетілім туралы қорытынды жасалмайды.

9. Қорытынды. *Cirsium arvense* бойынша жарияланған зерттеулер өсімдіктің әртүрлі фенолдық қосылыстардың, флавоноидтардың, тритерпендер мен стеролдардың көзі екенін көрсетеді. Антиоксиданттық және микробқа қарсы белсенділіктер жөніндегі деректер басқа фармакологиялық бағыттармен салыстырғанда көбірек болғанымен, олардың басым бөлігі стандартталмаған сығындыларды пайдаланған in vitro зерттеулерден алынған.

Ұсынылған матрица фармакогностикалық зерттеулерді жоспарлауға арналған

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

бастапқы әдістемелік негіз болып табылады. Антиоксиданттық және микробқа қарсы бағыттарда бастапқы эксперименттік деректер бар, ал антипролиферативтік және өзге ықтимал әсерлерді растау шектеулі. Шикізат пен экстрактілер үшін бекітілген түрге тән сандық нормалар, салыстырылатын сериялар және клиникалық қауіпсіздік дәлелдері жеткіліксіз. Сондықтан зерттелген объектіні стандартталған дайын дәрілік өнім ретінде бағалау ерте.

Зерттеулер арасындағы өсімдік бөліктері, экстракция тәсілдері, еріткіштер, дозалар және бағалау модельдері бойынша айырмашылықтар нәтижелердің қайталанғыштығын шектейді. Клиникалық тиімділік, ұзақ мерзімді қауіпсіздік, фармакокинетика және биожетімділік жөніндегі дәлелдер жеткіліксіз.

Қазіргі кезеңде *C. arvense* клиникалық қолдануға дайын дәрілік өсімдік шикізаты ретінде емес, әрі қарай зерттеуді қажет ететін перспективалы фармакогностикалық нысан ретінде бағалануы тиіс. Келесі кезеңі ботаникалық сәйкестендіруді, химиялық маркерлерді таңдауды, экстрактылардың серияаралық біркелкілігін, қауіпсіздігін және стандартталған доклиникалық модельдерді қамтуы қажет.

Осы шолуда ұсынылған стандарттау көрсеткіштерінің матрицасы *C. arvense* шикізаты мен экстрактыларына арналған болашақ сапа спецификацияларын әзірлеудің бастапқы әдістемелік негізі ретінде қолданылуы мүмкін.

REFERENCES

1 Latif R, Nawaz T. Medicinal plants and human health: A comprehensive review of bioactive compounds, therapeutic effects, and applications. Phytochemistry Reviews. 2026;25:2299-2342. https://doi.org/10.1007/s11101-025-10194-7

2 Shah AB, Kim YJ, Lee KS, Han SH, Byun Y, Lee KY, Natural products modulating interleukin-mediated pathways for anti-allergic and immunomodulatory effects. Natural Product Reports. 2026;43:685–717. https://doi.org/10.1039/d5np00074b/v1/review2

3 Chihomvu P, Ganesan A, Gibbons S, Woollard K, Hayes MA. Phytochemicals in Drug Discovery-A Confluence of Tradition and Innovation. Int J Mol Sci. 2024;25(16):8792. doi:10.3390/ijms25168792.

4 Hasan F, Thippamma K, Kumar V, Baiseitova A, Ikram M, Shah AB. Natural products targeting Alzheimer's disease via NF-κB pathway: A review. CNS & Neurological Disorders Drug Targets. 2025;24. https://doi.org/10.2174/0118715273397045250922054643

5 Vaou N, Stavropoulou E, Voidarou C, Tsigalou C, Bezirtzoglou E. Towards advances in medicinal plant antimicrobial activity: A review study on challenges and future perspectives. Microorganisms. 2021;9:2041. https://doi.org/10.3390/microorganisms9102041

6 Plants of the World Online. Kew Science. Cirsium Mill. Available online: http://powo.science.kew.org/taxon/urn:lsid:ipni.org:names:30001899-2 (accessed on 14 April 2026).

Рахманова Гульнара Саттархановна – магистр естественных наук, научный сотрудник Научно-исследовательского центра фармации, Южно-Казахстанская медицинская академия, г. Шымкент, Республика Казахстан. E-mail: rakhmanova.gulnara.prc@mail.ru. https://orcid.org/0009-0007-4814-415X
Турсубекова Баян Изтелуовна – доцент, заведующая кафедрой химии и фармацевтической инженерии, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, г. Шымкент, Республика Казахстан. E-mail: btursubekova@inbox.ru.
Автор для корреспонденции:
Мерханова Балжан Нурлановна. E-mail: m.b.n_2004@bk.ru. https://orcid.org/0009-0006-3013-9830

Information about the Authors:
Balzhan N. Merkhanova – First-year Master's student, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.
E-mail: m.b.n_2004@bk.ru, Tel.: +7 707 143 8334. https://orcid.org/0009-0006-3013-9830
Kulpan K. Orynbasarova - Candidate of Pharmaceutical Sciences, Professor, Head of the Research Center of Pharmacy, South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan. E-mail: kulpan_ok@mail.ru, Tel.:+77017537260 https://orcid.org/0000-0002-2610-9261
Gulnara S. Rakhmanova - Master of Natural Sciences, Researcher at the Research Center of Pharmacy, South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan. E-mail: rakhmanova.gulnara.prc@mail.ru. https://orcid.org/0009-0007-4814-415X
Bayan I. Tursubekova – Associate Professor, Head of the Department of Chemistry and Pharmaceutical Engineering, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Republic of Kazakhstan. E-mail: btursubekova@inbox.ru. https://orcid.org/0009-0001-6164-7233
Corresponding Author: Balzhan N. Merkhanova E-mail: m.b.n_2004@bk.ru

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

Алынды: 2026 жылғы 22 шілде
Қабылданды: 2026 жылғы 09 қазан
Онлайн жарияланды: 2026 жылғы 30 қазан
ӘОЖ: 582.6/.9
DOI: 10.53511/pharmkaz.2026.5.15

Мақала түрі: *Түпнұсқалық ғылыми мақала*

ШЫҒЫСТЫҚ ТЕКЕСАҚАЛ (*DODARTIA ORIENTALIS*) ШӨБІНДЕГІ ФЛАВОНИДТАРДЫ АНЫҚТАУ

Мұхидин Ж.Н. [1], Орынбасарова К.К. [2], Рахманова Г.С. [2], Турсубекова Б.И. [1]
[1]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
[2]«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент, Қазақстан

Кіріспе. Мақала отандық фармацевтика ғылымы мен өндірісі үшін қолжетімді өсімдік шикізаты негізінде тиімді фитопрепараттар жасаудың өзекті мәселесіне арналған. Әдеби мәліметтерге сүйенсек өсімдіктің биологиялық белсенді қосылыстарға бай екені және қабынуға қарсы, микробқа қарсы, сондай-ақ аллергияға қарсы белсенділік танытады деген мәліметтер кездеседі. Алайда, отандық флорада кең таралған бұл өсімдіктің химиялық құрамы мен флавоноидтар профилі заманауи фармацевтика тұрғысынан әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Фитотерапияның дамуын ескере отырып, шығыстық текесақалдың химиялық құрамын жүйелі түрде талдау өте маңызды. Сонымен қатар, бұл нәтижелер аталған өсімдік шикізаты негізінде тиімділігі жоғары, қауіпсіз отандық фитопрепараттар мен сұйық экстрактілерді жасаудың, оларды стандарттаудың және фармакологиялық әлеуетін одан әрі бағалаудың ғылыми-тәжірибелік негізі болып табылады.
Мақсаты. Шығыстық текесақал (*Dodartia orientalis* L.) шөбінің жерүсті бөлігінен флавоноидтарды бөліп алуға тиімді концентрациядағы экстрагентті таңдау, алынған экстрактан флавоноидтарға талдау жүргізу үшін ИҚ-спектроскопия және ЖЭСХ әдістерін қолдану.
Әдістер. Зерттеу барысында әртүрлі концентрациядағы этанол ерітінділері қолданылып, флавоноидтарды бөліп алуға арналған экстрагент ретінде 70% этанолдың жарамдылығы бағаланды. Экстрактідегі флавоноидтардың жалпы мөлшерін сандық бағалау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясының талаптарына сәйкес ИҚ-спектроскопия және ЖЭСХ әдістерімен орындалды.
Нәтижелер. ИҚ-спектроскопия шығыстық текесақал сығындысында флавоноидтарға тән функционалдық топтардың бар екенін және гиперозидті СҮ-мен бірдей екенін көрсетті. ЖЭСХ әдісімен гиперозид (0,963%), рутин (0,412%) және дигидрокверцетин (0,341%) сәйкестендірілді. Үш флавоноидтың жиынтық мөлшері абсолютті құрғақ шикізатқа шаққанда 1,716% құрады.
Талқылаулар. Алынған нәтижелер шығыстық текесақал шөбінің құрамындағы флавоноидтардың сандық сипаттамаларын айқын көрсетті. Өсімдік шикізатында жоғары антиоксиданттық белсенділікке ие негізгі фенолды қосылыстар - рутин, гиперозид және дигидрокверцетин бары анықталды.
Қорытынды. Алынған нәтижелер шығыстық текесақал дәрілік шөбінің шикізат базасын кеңейту үшін негіз болып табылады

Түйін сөздер: шығыстық текесақал, *Dodartia orientalis*, химиялық талдау, экстракция, флавоноидтар, ИҚ-спектроскопия, биологиялық белсенді заттар, Мемлекеттік фармакопея, ЖЭСХ.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ФЛАВОНОИДОВ В ЛЕКАРСТВЕННОМ РАСТИТЕЛЬНОМ СЫРЬЕ ДОДАРЦИИ ВОСТОЧНОЙ (*DODARTIA ORIENTALIS*)

Мұхидин Ж.Н. [1], К.К.Орынбасарова[2], Г.С.Рахманова[2], Б.И.Турсубекова[1]
[1]Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М.Ауезова, г.Шымкент, Республика Казахстан
[2]АО «Южно-Казахстанская медицинская академия», г. Шымкент, Республика Казахстан

Введение. Статья посвящена актуальной проблеме создания эффективных фитопрепаратов на основе доступного растительного сырья для отечественной фармацевтической науки и промышленности. Согласно литературным данным, данное растение богато биологически активными соединениями и обладает противовоспалительной, антимикробной, а также антиаллергической активностью. Однако химический состав и профиль флавоноидов этого растения, широко распространенного в отечественной флоре, все еще требуют глубокого изучения с точки зрения современной фармацевтики. Учитывая развитие фитотерапии, систематический анализ химического состава додарции восточной имеет важное значение. Кроме того, полученные результаты служат научно-практической основой для разработки, стандартизации и дальнейшей

оценки фармакологического потенциала высокоэффективных и безопасных отечественных фитопрепаратов и жидких экстрактов на основе данного растительного сырья.
Цель. Подбор экстрагента с оптимальной концентрацией для выделения флавоноидов из надземной части травы додарции восточной (*Dodartia orientalis* L.), исследование флавоноидного состава полученного экстракта с методами ИК-спектроскопии и ВЭЖХ.
Методы. В ходе исследования использовались растворы этанола различных концентраций и была оценена пригодность 70% этанола в качестве экстрагента для извлечения флавоноидов. Количественная оценка общего содержания флавоноидов в экстрактах выполнялась методами ИК-спектроскопии и ВЭЖХ в соответствии с требованиями Государственной фармакопеи Республики Казахстан.
Результаты. ИК-спектроскопия показала наличие функциональных групп, характерных для флавоноидов, в экстракте додарции восточного и подтвердила их идентичность стандартному образцу гиперозида. Методом ВЭЖХ были идентифицированы гиперозид (0,963%), рутин (0,412%) и дигидрокверцетин (0,341%). Суммарное содержание трех флавоноидов в пересчете на абсолютно сухое сырье составило 1,716%.
Обсуждение. Полученные результаты четко продемонстрировали количественные характеристики флавоноидов в траве додарции восточной. В растительном сырье установлено наличие основных фенольных соединений, обладающих высокой антиоксидантной активностью-рутина, гиперозида и дигидрокверцетина.
Заключение. Полученные результаты служат основой для расширения сырьевой базы лекарственной травы додарции восточной.
Ключевые слова: додарция восточная, *Dodartia orientalis*, химический анализ, экстракция, флавоноиды, ИК-спектроскопия, биологически активные вещества, Государственная фармакопея, ВЭЖХ.

IDENTIFICATION AND QUANTITATIVE DETERMINATION OF FLAVONOIDS IN *DODARTIA ORIENTALIS* HERB

MukhidinZh.N. [1], Orynbasarova K.K. [2], RakhmanovaG.S. [2], TursubekovaB.I. [1]
[1]M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Republic of Kazakhstan
[2]JSC «South Kazakhstan Medical Academy», Shymkent, Republic of Kazakhstan

Introduction. The article is devoted to the urgent issue of developing effective phytopreparations based on accessible plant raw materials for domestic pharmaceutical science and industry. According to literature data, the plant is rich in biologically active compounds and exhibits anti-inflammatory, antimicrobial, and anti-allergic activities. However, the chemical composition and flavonoid profile of this plant, which is widespread in the local flora, still require in-depth study from the perspective of modern pharmacy. Given the development of phytotherapy, a systematic analysis of the chemical composition of *Dodartia orientalis* is of great importance. Furthermore, these results serve as a scientific and practical basis for the development, standardization, and further evaluation of the pharmacological potential of highly effective and safe domestic phytopreparations and liquid extracts derived from this herbal raw material.
Aim. Select an extracting agent with an optimal concentration for isolating flavonoids from the aerial parts of *Dodartia orientalis* L. and using the result extract for IR spectroscopy and HPLC methods for analyzing flavonoids.
Methods. In the course of the study, ethanol solutions of various concentrations were used, and the suitability of 70% ethanol as an extractant for the isolation of flavonoids was evaluated. Quantitative evaluation of the total flavonoid content in the extracts was performed using IR spectroscopy and HPLC methods in accordance with the requirements of the State Pharmacopoeia of the Republic of Kazakhstan.
Results. FT-IR spectroscopy revealed the presence of functional groups characteristic of flavonoids in the extract of Dodartia orientalis. Hyperoside (0,963%), rutin (0,412%), and dihydroquercetin (0,341%) were identified using HPLC. The total content of the three flavonoids was 1,716% based on absolutely dry raw material.
Discussion. IR-spectroscopy revealed the presence of functional groups characteristic of flavonoids in the extract of *Dodartia orientalis* and showed identity to the hyperoside reference standard. The main phenolic compounds with high antioxidant activity - rutin, hyperosid, and dihydroquercetin - were identified in the plant material.
Conclusion. The results obtained serve as a foundation for expanding the raw material base of the medicinal herb *Dodartia orientalis*.
Keywords: *Dodartia orientalis*, chemical analysis, extraction, flavonoids, IR-spectroscopy, biologically active substances, State Pharmacopoeia, HPLC.

Кіріспе

Отандық фармацевтика өндірісін дамытудың негізгі бағыттарының бірі - қолжетімді өсімдік шикізаты негізінде тиімді, қауіпсіз және бәсекеге қабілетті фитопрепараттарды жасау болып табылады. Өсімдіктер құрамындағы полифенолды қосылыстар, атап айтқанда флавоноидтар, өзінің айқын антиоксиданттық, қабынуға қарсы және бактерияға қарсы белсенділігімен заманауи медицина мен фармацияда алар үлесі көп. Өсімдік текті фитопрепараттардың фармакологиялық белсенділігі олардың

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

құрамындағы биологиялық белсенді заттарға, әсіресе флавоноидтарға тығыз байланысты [1]. Бірнеше in vitro зерттеулері флавоноидтардың тотығу стресінің деңгейін төмендетуге, қабынуға қарсы медиаторлардың бөлінуін азайтуға, апоптоздың алдын алуға және басқа да пайдалы әсерлер көрсетуге қабілетті екенін растады [2]. Бұдан бөлек, флавоноидтардың көптеген биологиялық әсерлері олардың жасушалық сигналдық жолдарды реттеу (модуляциялау) қабілетімен байланысты. Жануарларға жүргізілген зерттеулер де флавоноидтардың қабынуға қарсы, ісікке қарсы, нейропротективті және денсаулыққа пайдалы басқа да қасиеттерін дәлелдеді. Ең бастысы, бірнеше рандомизацияланған бақыланатын зерттеулер (РБЗ) флавоноидтарды тұтыну зат алмасуға және жүрек-қан тамырлары жүйесінің саулығына оң әсер ететінін көрсетті [3]. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан флорасында кездесетін, бірақ химиялық құрамы мен фармакологиялық қасиеті жүйелі түрде толық зерттелмеген шығыстық текесақал (*Dodartia orientalis*) өсімдігін кешенді зерттеу жоғары өзектілікке ие. Шығыстық текесақал Иранннан басқа, бұл түр Түрікменстанда, Ауғанстанда, Кавказда, Орталық Азияда, Моңғолияда, Өзбекстанда, Батыс Сібірде және Польшада тіркелген [4].

Ғылыми мақалаларға сүйенетін болсақ шығыстық текесақалдың құрамында сапониндер, алкалоидтар (0,1%.), С дәрумені, кумариндер, карденолидтер (0,6%), флавоноид (0,86%) және гиперозид кездесетіні жайында айтылған [5].

Қытайлық ғалымдар өсімдіктің жер үсті бөлігінен жаңа флавоноидты гликозид - трицин-7-О-(β-глюкуронид-6″-бутил эфирін), сондай-ақ бұрыннан белгілі он қосылысты, соның ішінде бес флавоноидты, үш тритерпеноидты, бір иридоидты гликозидті және бір фитостеролды бөліп алды [6].

Dodartia orientalis L. өсімдігі дәстүрлі медицинада тері ауруларын, қабыну процестерін емдеуде және гепатопротекторлық құрал ретінде кеңінен қолданылады [7]. Заманауи фармакологиялық зерттеулер оның құрамындағы флавоноидтар мен фенолды қосылыстардың жоғары антиоксиданттық, микробқа қарсы және цитотоксикалық белсенділік көрсететінін дәлелдейді [8].

Ең көп зерттелген заманауи бағыттардың бірі - шығыстық текесақал (*Dodartia orientalis*) эфир майының антибактериалды белсенділігі. Fei Wang жариялаған жұмыста *D. orientalis* эфир майы *Staphylococcus aureus, Escherichia coli* және *Salmonella enteritidis* бактерияларына қарсы айқын белсенділік танытқанын жазған. Авторлар антибактериалды эффектіні микроорганизмдердің жасушалық құрылымдарының зақымдануымен және биопленкалардың түзілуін бәсеңдетумен байланыстырады. Алынған нәтижелер өсімдік эфир майын тамақ өнеркәсібінде табиғи консервант ретінде және микробқа қарсы құралдарды әзірлеуге арналған потенциалды табиғи компонент ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [9].

Шығыстық текесақалдың жерүсті бөліктеріндегі флавоноидтардың сапалық профилі мен олардың жиынтық мөлшерін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясының (ҚР МФ) заманауи талаптарына сай сандық тұрғыдан бағалау мәселесі әлі де болса ғылыми тұрғыдан белгісіз және ашық қалып отыр.

Материалдар мен әдістер

Өсімдік шикізаты. Зерттеу нысаны ретінде шығыстық текесақал (*Dodartia orientalis*) өсімдігі 2026 жылдың мамыр-шілде айларында, гүлдеу кезеңінде Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Боралдай ауылынан жиналған. Мемлекеттік фармакопея талаптарына сай көлеңкеде кептірілген жерүсті бөліктері (шөбі) қолданылды. Тәжірибе алдында шикізат ұсақталып, өлшемі 1–2 мм-ге дейін Вилитек фирмасының FDS модельді ұнтақтағыш-диірменінде ұнтақталды.

Экстракт алу кезеңі. Оңтайлы концентрацияны таңдау барысында экстрагент ретінде 40% этил спирті 70% этил спирті және 90% этил спирті қолданылды. 3 г ұсақталған шикізатты 250 мл колбаға салып, 60 мл экстрагент құйылып, колба тығынмен жабылды және 1

сағат тұндырылуға қалдырылды. Колба кері тоңазытқышпен жалғанып, 2 сағат ақырын қыздырылды. 2 сағаттан кейін колба кері тоңазытқыштан ажыратылып, салқындатуға жіберілді. Колбаның ішіндегісі 200 мл құрғақ колбаға құрғақ қағаз фильтр арқылы сүзілді. 25 мл фильтратты су моншасында алдын-ала тұрақты салмаққа дейін кептіріліп, өлшенген фарфор табақшасында құрғақ болғанша буландырады. Құрғақ қалдық кептіргіш шкафта (102,5±2,5^{0}С) тұрақты салмаққа дейін кептірілді, одан кейін эксикаторда 30 минут салқындатылып, салмағы өлшенді. Абсолютті құрғақ шикізатқа есептегенде экстрактивті заттардың пайыздық мөлшері келесі формула бойынша есептелді:

$$X = \frac{m \times 200 \times 100}{m_1 \times (100 - W)}$$

мұндағы,

m – құрғақ қалдық массасы, г;

m_1 – шикізат массасы, г;

W – шикізатты кептіргендегі масса шығыны, %.

ИҚ-спектроскопия әдісімен шығыстық текесақал шөбі құрамындағы биологиялық белсенді заттарды зерттеу.

Зерттелінетін үлгінің ИҚ-спектрлері 400-ден 4000 см$^{-1}$-ге дейінгі аймақта «Люмекс» фирмасының (Ресей) «Инфралюм ФТ-08» маркалы ИҚ Фурье спектрометрде калий бромидімен зерттелінетін және стандартты үлгілерді пресстеп, таблетка жасау арқылы және сұйық ерітінді түрінде түсірілді.

Үлгіні дайындау. Шығыстық текесақал шөбінен алынған экстрактты буландыру және кептіру арқылы ұнтақ үлгілері алынды. Престелген таблеткаларды дайындау үшін стандартты субстанцияның 1 мг мөлшерін және алынған экстракттың құрғақ қалдығын 1:300 қатынаста калий бромиді кристалдарымен араластырып, агат келіде кристалдық жылтыры жоғалғанша ұнтақталды. Біртекті ұнтақ алынған соң пресс формаға енгізіп, зертханалық пресс көмегімен диаметрі 13 мм болатын микротаблеткалар дайындалды.

ЖЭСХ әдісімен шығыстық текесақал шөбіндегі флавоноидтардың сандық мөлшерін анықтау.

Флавоноидтар үшін әдетте үлгінің құрамына байланысты кері фазалық ЖЭСХ әдісі қолданылады [10]. ЖЭСХ әдісі Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопеясының 1 томындағы 2.2.29 мақаласы бойынша жүргізілді.

Хроматографиялау шарттары. Хроматографиялық зерттеу ЖЭСХ құрылғысында («Agilent Technologies», АҚШ, моделі 1260 Infinity) изократтық режимде жүргізілді. Өлшемдері 5мкм, 4,6х250мм болатын C_{18} бағанасы қолданылды. Бағана температурасы – 25°С. Элюент ағынының берілу жылдамдығы - 1,0 мл/мин, енгізілетін сынама көлемі - 5,0 мкл. Жылжымалы фаза ретінде 0,1% ортофосфор қышқылы мен ацетонитрил (70:30) қолданылды.

Жылжымалы фазаны таңдау.

30 мл ацетонитрилге pH 3,5-ке дейін ортофосфор қышқылымен қышқылданған судан 70 мл қосылды, қоспаны саңылауларының өлшемі 0,45 мкм болатын фильтрдің [11] көмегімен фильтрленді.

Гиперозидтің стандартты үлгі (СҮ) ерітіндісін дайындау. Алдын ала 130-135°С температурада 3 сағат кептірілген гиперозидтің СҮ-ін шамамен 0,05 г (дәл өлшем) өлшеп алып, көлемі 50 см^3 өлшеуіш колбаға салып, су моншасында 40 мл 70% спиртте ерітілді. Ерігеннен кейін бөлме температурасына дейін салқындатылып, көлемі сол еріткішпен белгіге дейін жеткізіліп араластырылды. Дайын болған ерітінді саңылауларының өлшемі 0,45 мкм болатын мембраналы фильтр арқылы фильтрленді.

Рутиннің стандартты үлгі (СҮ) ерітіндісін дайындау. Алдын ала 130-135°С температурада 3 сағат кептірілген рутиннің СҮ-ін шамамен 0,05 г (дәл өлшем) өлшеп алып, көлемі 50 см^3 өлшеуіш колбаға салып, су моншасында 40 мл 70% спиртте ерітілді. Ерігеннен кейін бөлме температурасына дейін салқындатылып, көлемі сол еріткішпен белгіге дейін жеткізіліп араластырылды. Дайын болған ерітінді саңылауларының өлшемі 0,45 мкм болатын мембраналы фильтр арқылы фильтрленді.

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

Дигидрокверцетиннің стандартты үлгі (СҮ) ерітіндісін дайындау. Алдын ала 130-135°С температурада 3 сағат кептірілген дигидрокверцетиннің СҮ-ін шамамен 0,05 г (дәл өлшем) өлшеп алып, көлемі 50 $см^3$ өлшеуіш колбаға салып, су моншасында 40 мл 70% спиртте ерітілді. Ерігеннен кейін бөлме температурасына дейін салқындатылып, көлемі сол еріткішпен белгіге дейін жеткізіліп араластырылды. Дайын болған ерітінді саңылауларының өлшемі 0,45 мкм болатын мембраналы фильтр арқылы фильтрленді.

Сыналатын ерітіндіні дайындау. Аналитикалық таразыда 5,0 г майдаланған шығыстық текесақал шөбін өлшеп, сыйымдылығы 300 мл доғал түпті колбаға салынды. Үстіне 50 мл 70% этанол ерітіндісі құйылды, 2 сағат бойы магниттік араластырғыш көмегімен қарқынды араластыра отырып, 70-80°С температурада кері тоңазытқышпен жалғанды. Бөлме температурасында салқындатылып, сүзілді. Қалған бөлігіне 25 мл 70% этанол қосылып, 2 рет қайта экстракцияланды. Бөлме температурасында салқындатылып, сүзілді. Сүзінділер біріктіріліп, 100 мл өлшегіш колбада 70% этанолмен белгісіне дейін жеткізілді. Алынған ерітіндіні 6000-8000 айн/мин жылдамдықпен 30 минут центрифугада (SIGMA 2-16P, Германия) центрифугаланды. Центрифуга стаканындағы тұнба үсті сұйықтығы мембраналы фильтрден өткізілді.

Құрғақ шикізатқа шаққандағы зерттелетін үлгінің сандық мөлшерінің құрамы пайызбен төмендегі формула бойынша есептелді:

$$X = \frac{S_1 \times m_0 \times 100 \times (100 - W_0) \times P}{S_0 \times 50 \times m_1 \times (100 - W_1)} \times 100\%$$

мұндағы,

S_1 – зерттелетін ерітінді шыңының аймағы;

S_0 – СҮ ерітінді шыңының аймағы;

m_1 – шикізат массасы, г;

m_0 – СҮ массасы, г;

W_1 – ДӨШ-ның кептіргендегі масса шығыны, %;

W_0 – СҮ-нің кептіргендегі масса шығыны, %;

Р – СҮ-нің құрамындағы таза заттың массалық үлесі, %.

Нәтижелері

Экстракт алу кезіндегі оңтайлы концентрациядағы экстрагентті таңдау (кесте 1).


Кесте 1 – Шығыстық текесақал шөбіндегі экстрактивті заттардың құрамы

Экстрагент	Шикізат пен экстрагент қатынасы	Экстракция уақыты, мин	Құрғақ қалдық мөлшері	Экстрактивті заттардың құрамы, %
Этил спирті 40%	1:20	90	0,2413	16,906±0,01%
Этил спирті 70%	**1:20**	**90**	**0,2527**	**17,705±0,01%**
Этил спирті 90%	1:20	90	0,1871	13,109±0,01%


Шығыстық текесақал шөбіндегі экстрактивті заттардың көп мөлшері 70% этил спиртін қолдану кезінде байқалды.

ИҚ-спектроскопия әдісімен шығыстық текесақал шөбі құрамындағы биологиялық белсенді заттарды зерттеу нәтижесі.

Алынған жартылай түссіз таблеткалар спектрометрдің кюветалық бөліміне орналастырып, ИҚ-спектрлері түсірілді *(сурет 1, 2).* Шығыстық текесақал шөбінен алынған экстракттың фракция №10 сұйық түріндегі ерітіндісі және сұйық ертінді түріндегі гиперозидтің ИҚ-спектрлері ИҚ-Фурье спектрометрдің НПВО қондырмасы көмегімен түсірілді *(сурет 3,4).*



Сурет 1 – Шығыстық текесақал шөбінен алынған құрғақ экстрактың ИҚ-спектрі (Kbr-пен таблетка түрінде)




Сурет 2 – Шығыстық текесақал шөбі мен гиперозидтің стандартты үлгісінің ИҚ спектрлері
1 – Гиперозидтің стандартты үлгісінің ИҚ-спектрі (Kbr-пен таблетка түрінде);
2 – Шығыстық текесақал шөбінен алынған құрғақ экстрактың ИҚ-спектрі (Kbr-пен таблетка түрінде)

Зерттеу нәтижесінде 1384.60, 1365.91, 1173.21 $см^{-1}$ жұту аймақтары фенолдық (C-O-H) тобына тән. Инфрақызыл спектрінде гидроксил топтарына (-OH) тән жұтылу жолақтары 1585.62, 1536.57 $см^{-1}$ сіңірудің болуы экстрактта полиендерге, 1659.85 алкендерге және дикарбон қосылыстарына тән жұптасқан қос байланыстардың (C=C) болуын көрсетеді. 1608.58 $см^{-1}$ аймағында жұтылу тербелісі карбонил тобының (C=O) бар екендігін, ал 1258.40, 1240.04 $см^{-1}$ жолақтары циклді эфир тобын көрсетеді. 2908.45, 2870.97 $см^{-1}$ жұтылу жолақтары алифатты көміртектерге тән. Бұл алынған жұтылу жолақтары флавоноидтарға тән. Нәтижесі 2-кестеде көрсетілген.

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)




Сурет 3 – Шығыстық текесақал шөбінен алынған сұйық экстракттың ИҚ- спектрі



Сурет 4 – Сұйық ерітінді түрінде түсірілген гиперозид стандартты үлгісінің ИҚ-спектрі

Өзі екендігін анықтау барысында шығыстық текесақал шөбінен алынған сұйық экстракттың ИҚ-спектрі мен сұйық ерітінді түрінде түсірілген гиперозид стандартты үлгісінің ИҚ-спектрлерінің ұқсас екендігі 5-суретте көрсетілді.



Сурет 5 – Шығыстық текесақал шөбінен алынған сұйық экстракттың және сұйық ерітінді түрінде түсірілген гиперозид стандартты үлгісінің ИҚ-спектрлері

1 – Шығыстық текесақал шөбінен алынған сұйық экстракттың ИҚ-спектрі;

2 – Сұйық ерітінді түрінде түсірілген гиперозид стандартты үлгісінің ИҚ-спектрі.

Кесте 2 - Шығыстық текесақал шөбі және гиперозид стандартты үлгісі ИҚ спектрлерінің сипаттамасы


Функционалды топтар	Жолақтар мен минимумдар		Сәйкес функционалдық топтың жиілік диапазоны, $см^{-1}$
	Шығыстық текесақал шөбі	Гиперозид стандартты үлгісі	
1	2	3	4
Фенолдық (С-О-Н)	1384.60 1365.91 1173.21	1365.02 1206.06 1173.16	1230-1140 1430-1310
Гидроксил тобы (-ОН)	1585.62 1536.57	1575.33 1558.23	1600-1520
Карбонил тобы (С=О)	1608.58	1608.04	1660-1580
Эфир тобы (С-О-С)	1258.40 1240.44	1259.13 1249.16	1260-1240
С=С валентті тербелістер	1659.85	1666.08	1680-1620
Алифатты көміртектер (-CH_2)	2908.45 2870.97	2933.47 2903.44	2940-2900 2870-2845
С-Н валентті тербелістер	3490.33	3466.16	3080-3030

Зерттеу жүргізу кезіндегі шығыстық текесақал шөбінен алынған ИҚ-спектрлер гиперозид стандартты үлгісінің ИҚ-спектрлеріне ұқсас.


ЖЭСХ әдісімен шығыстық текесақал шөбіндегі флавоноидтардың сандық мөлшерін анықтау нәтижесі.

Сыналатын ерітіндінің және тиісті стандартты ерітінділердің ЖЭСХ-хроматограммалары түсірілді. Детектрлеу 360 нм толқын ұзындығында жүргізілді *(сурет 6-9)*.


ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)




Сурет 6 - Шығыстық текесақал шөбінің хроматограммасы



Сурет 7 – Гиперозидтің СҮ ерітіндісінің хроматограммасы



Сурет 8 – Рутиннің СҮ ерітіндісінің хроматограммасы



Сурет 9 – Дигидрокверцетиннің СҮ ерітіндісінің хроматограммасы

Шығыстық текесақал шөбіндегі флавоноидтардың мөлшері 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 - Шығыстық текесақал шөбіндегі флавоноидтардың сандық мөлшерінің нәтижелері

№	Атауы	Уақыты, мин	Сандық мөлшері, %
1	Гиперозид	9,656±0,01	0,963
2	Рутин	7,939±0,003	0,412
3	Дигидрокверцетин	8,799±0,008	0,341

ЖЭСХ әдісімен шығыстық текесақал шөбіндегі флавоноидтарға сандық талдау жүргізілді. Гиперозидтің стандартты үлгісін еріту кезінде оның негізгі шыңы t_R=9,656 минут өтуінде байқалды. Зерттелетін экстрактың хроматограммасы гиперозидтің бар екенін көрсетті.

Рутиннің стандартты ерітіндісіндегі негізгі заттың ұсталу уақыты-t_R=7,939 минут. Сыналатын үлгінің хроматограммасы ұсталу уақытына сәйкес рутиннің бар екенін расталады.

Хроматографияға арналған дигидрокверцетиннің стандартты ерітіндісіндегі негізгі шыңы t_R=8,799 минутта байқалды. Сыналатын ерітіндінің хроматограммасы дигидрокверцетиннің бар екенін көрсетті. Хроматографиялық зерттеу деректері өсімдік шикізатындағы басым белсенді зат гиперозид екенін көрсетті.

Талқылау. Алынған нәтижелер шығыстық текесақал шөбінің құрамындағы фенолды қосылыстардың өзіндік сапалық және сандық сипаттамаларын айқын көрсетті. Өсімдік шикізатында жоғары антиоксиданттық белсенділікке ие негізгі фенолды қосылыстар - рутин, гиперозид және дигидрокверцетин бары анықталды.

Жоғарыда көрсетілген сандық анықтамалар *Dodartia orientalis* өсімдігінің флавоноидтық қосылыстарға бай екенін көрсеткен бұрынғы фитохимиялық зерттеулермен сәйкес келеді. Әдебиеттерде *Dodartia orientalis*-тің 70 пайыздық этанолды экстрактынан 10 қосылыс, соның ішінде 5 флавоноид бөлініп алынғаны хабарланған [6]. Осы зерттеуде 70 пайыздық этанолды экстракты пайдаланылды және рутин, дигидрокверцетин мен гиперозидті анықтау үшін оны ЖЭСХ көмегімен хроматографиялық талдау қолданылды. Осылайша, алынған деректер *Dodartia orientalis* өсімдігінің флавоноидтық қосылыстары туралы бұрынғы фитохимиялық мәліметтерді толықтырады.

Y. Xu жүргізген фитохимиялық зерттеу мен бұл жұмыстың ұқсастығы - екі жағдайда да *Dodartia orientalis*-тің спиртті экстракты зерттеліп, табиғи флавоноидтық қосылыстар анықталды. Айырмашылықтар зерттеудің мақсаты мен аналитикалық әдісінде жатыр. Зерттеудің осы жұмыстан айырмашылығы - шығыстық текесақалдан қытай зерттеушілері негізінен жекелеген қосылыстарды бөліп, олардың құрылысын спектрлік әдістермен зерттеген болса, бұл жұмыста 70% этанолды сығындыдағы флавоноидтар кешені ЖЭХС әдісімен зерттелді. Гиперозид, рутин және дигидрокверцетин стандартты үлгілермен салыстыру арқылы сәйкестендіріліп, экстракциялауға тиімді экстрагент таңдалуы да рөл ойнады.

Зерттеу барысында алынған деректерді *Scrophulariaceae* тұқымдасының өзге өкілі - *Scrophularia striata* бойынша жарияланған деректермен салыстыру барысында экстрагент таңдауының фенолдық және флавоноидтық қосылыстардың шығымына белгілі бір дәрежеде әсер ететіндігі анықталды. Mahboubi және оның әріптестері [12] *Scrophularia striata* шөбінің әртүрлі экстрактілерін зерттей келе, 70%-дық этанолдық экстрактта жалпы фенолдық қосылыстар мөлшері ең жоғары - 79,7 мг галл қышқылының эквиваленті/г (ГҚЭ/г), ал этилацетатты экстрактта жалпы флавоноидтар мөлшері ең жоғары - 27,5 мг кверцетин эквиваленті/г (КЭ/г) екендігін (этанолды экстрактта - 9,8 мг КЭ/г) көрсетті. Біздің зерттеуімізде де 70%-дық этанол экстрагент ретінде таңдалып, ЖЭСХ әдісі арқылы *Dodartia orientalis* L. шөбінен гиперозид, рутин және дигидрокверцетин нақты идентификацияланды. Бұл деректер 70%-дық этанолдың аталған тұқымдас өсімдіктерінен полифенолдық және флавоноидтық қосылыстарды тиімді бөліп алуға мүмкіндік беретін әмбебап еріткіш екенін дәлелдейді.

Алынған нәтижелердің ғылыми маңызы – *Dodartia orientalis*-тің флавоноидтық

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

профилін анықтауға қажетті сандық деректерді алуда жатыр. Гиперозидтің салыстырмалы түрде жоғары мөлшері оны шығыстық текесақалды сипаттау кезінде перспективалы маркерлік компонент ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Рутин мен дигидрокверцетиннің болуы өсімдіктің флавоноидтық кешенінің әртүрлілігін дәлелдейді. Бұл деректер әртүрлі аймақтардан жиналған өсімдіктер құрамының құбылмалылығын бағалауға және флавоноидтық фракциялардың биологиялық белсенділігін зерттеуге негіз бола алады.

Қорытынды. *Dodartia orientalis* L. шөбінің фитохимиялық құрамы ИҚ-спектроскопия және ЖЭСХ әдістерімен зерттелді. ИҚ-спектроскопиялық талдау нәтижесінде экстракт құрамында фенолдық және флавоноидты құрылымдарға тән функционалдық топтардың бар екені байқалды. Аталған функционалдық топтардың анықталуы экстрактта фенолдық және флавоноидты табиғатты қосылыстар бар екенін жанама түрде растайды. ЖЭСХ талдауы шығыстық текесақал шөбінің сығындысында рутин, дигидрокверцетин және гиперозид бар екенін көрсетті. Сандық анықтау нәтижесі бойынша гиперозид 0,963%, рутин 0,412% және дигидрокверцетин 0,341% құрады. Аталған үш флавоноидтың жиынтық мөлшері 1,716% құрады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Музычкина Р. А., Корулькин Д. Ю., Абилов Ж. А. *Качественный и количественный анализ основных биологически активных веществ в растительном сырье.* 2011;288 с.

2 Juan C. A. et al. *The chemistry of reactive oxygen species (ROS) revisited: outlining their role in biological macromolecules (DNA, lipids and proteins) and induced pathologies //International journal of molecular sciences.* 2021;22(9): 4642. DOI:10.3390/ijms22094642

3 Liao G. et al. *Beneficial effects of flavonoids on animal models of atherosclerosis: A systematic review and meta-analysis //Iscience.* 2023;26(11). DOI:10.1016/j.isci.2023.108337

4 Meighani F. et al. *Dodartia orientalis reproduction under temperature, salinity, and burial constraints //Journal of Crop Protection.* 2025;14(2):145-159. DOI:10.48311/jcp.2025.76136.0

5 Sharipova V. *Features of the structure of vegetative organs Dodartia orientalis L. (Scrophulariaceae Juss.) from different ecological conditions / BIO Web of Conferences.* 2020;24. DOI: https://doi.org/10.1051/bioconf/20202400078

6 Xu Y. et al. *A new flavonoid glycoside from Dodartia orientalis and antitumor activity evaluation of its constituents //Chemistry of Natural Compounds.* 2016;52(5):798-801. DOI:10.1007/s10600-016-1781-6

7 Mamadalieva, N. Z., Akramov, D. K., Ovidi, E., Tiezzi, A., & Azimova, S. S. *Aromatic Medicinal Plants of the Lamiaceae Family from Uzbekistan: Ethnopharmacology, Essential Oils Composition, and Biological Activities. // Medicines*. 2017;4(1),article 8. DOI:10.3390/medicines4010008

8 Mamedov, N., Gardner, Z., & Craker, L. E. *Medicinal plants used in Central Asia for treatment of diabetes. Journal of Herbs, Spices & Medicinal Plants.* 2005;11(1-2):191–222. DOI:10.1300/J044v11n01_07

9 Fei Wang et al. *Dodartia orientalis L. essential oil exerts antibacterial activity by mechanisms of disrupting cell structure and resisting biofilm. Industrial Crops and Products.* 2017;109:358-366. DOI:10.1016/j.indcrop.2017.08.058

10 Зимина Л. Н., Куркин В. А., Рыжов В. М. *Исследование флавоноидного состава травы зверобоя пятнистого методом высокоэффективной жидкостной хроматографии // Медицинский альманах.* 2012;2(21):227 - 229.

11 Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопеясы, Том 1. –Алматы: баспа үйі «Жібек жолы». 2008:79-83 с.

12 Mahboubi M, Kazempour N, Boland Nazar AR. *Total phenolic, total flavonoids, antioxidant and antimicrobial activities of scrophularia striata boiss extracts. Jundishapur J Nat Pharm Prod.* 2013;8(1):15-9. DOI:10.5812/jjnpp.7621

REFERENCES

1 Muzychkina, R. A., Korulkin, D. Yu., & Abilov, Zh. A. *Qualitative and quantitative analysis of main biologically active substances in plant raw materials*. 2011. 288 p.

2 Juan C. A. et al. *The chemistry of reactive oxygen species (ROS) revisited: outlining their role in biological macromolecules (DNA, lipids and proteins) and induced pathologies //International journal of molecular sciences.* 2021;22(9): 4642. DOI:10.3390/ijms22094642

3 Liao G. et al. *Beneficial effects of flavonoids on animal models of atherosclerosis: A systematic review and meta-analysis //Iscience.* 2023;26(11). DOI:10.1016/j.isci.2023.108337

4 Meighani F. et al. *Dodartia orientalis reproduction under temperature, salinity, and burial constraints //Journal of Crop Protection.* 2025;14(2):145-159. DOI:10.48311/jcp.2025.76136.0
5 Sharipova V. *Features of the structure of vegetative organs Dodartia orientalis L. (Scrophulariaceae Juss.) from different ecological conditions / BIO Web of Conferences.* 2020;24. DOI: https://doi.org/10.1051/bioconf/20202400078
6 Xu Y. et al. *A new flavonoid glycoside from Dodartia orientalis and antitumor activity evaluation of its constituents //Chemistry of Natural Compounds.* 2016;52(5):798-801. DOI:10.1007/s10600-016-1781-6
7 Mamadalieva, N. Z., Akramov, D. K., Ovidi, E., Tiezzi, A., & Azimova, S. S. *Aromatic Medicinal Plants of the Lamiaceae Family from Uzbekistan: Ethnopharmacology, Essential Oils Composition, and Biological Activities. // Medicines*. 2017;4(1),article 8. DOI:10.3390/medicines4010008
8 Mamedov, N., Gardner, Z., & Craker, L. E. *Medicinal plants used in Central Asia for treatment of diabetes. Journal of Herbs, Spices & Medicinal Plants.* 2005;11(1-2):191–222. DOI:10.1300/J044v11n01_07
9 Fei Wang et al. *Dodartia orientalis L. essential oil exerts antibacterial activity by mechanisms of disrupting cell structure and resisting biofilm. Industrial Crops and Products.* 2017;109:358-366. DOI:10.1016/j.indcrop.2017.08.058
10 Zimina, L. N., Kurkin, V. A., & Ryzhov, V. M. *Study of the flavonoid composition of Hypericum maculatum herb by high-performance liquid chromatography. Medical Almanac*. 2012;21(2):227–229.
11 Kazakstan Respublikasynyn memlekettik farmakopeiasy, Tom 1, - Almaty: baspa үii «Zhibek zholy», 2008:79-83 p.
12 Mahboubi M, Kazempour N, Boland Nazar AR. *Total phenolic, total flavonoids, antioxidant and antimicrobial activities of scrophularia striata boiss extracts. Jundishapur J Nat Pharm Prod.* 2013;8(1):15-9. DOI:10.5812/jjnpp.7621

Авторлардың үлесі:
Орынбасарова К.К. - зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, мақсаттар мен міндеттерді қою, Боралдай ауылына (*Dodartia orientalis*) өсімдік шикізатын жинауды ұйымдастыру, алынған деректерді интерпретациялауға қатысу және қолжазбаны дайындау.
Мұхидин Ж.Н. - биологиялық белсенді заттардың құрамын анықтау бойынша фитохимиялық зерттеулер мен зертханалық талдаулар жүргізу, эксперименттік деректерді өңдеу.
Турсубекова Б.И. — зерттеудің әдістемелік қамтамасыз етілуіне қатысу, аналитикалық әдістерді таңдау және негіздеу, нәтижелерді статистикалық өңдеу және ғылыми тұрғыда түсіндіру.
Рахманова Г.С. - зерттеу нәтижелерін жинақтау, ғылыми мақаланы рәсімдеу, мәтінді сыни редакциялау және жариялауға дайындау.
Мүдделер қақтығысы: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.
Қаржыландыру және демеушілік қолдау: Зерттеу жұмысы сыртқы қаржыландырусыз орындалды.
Бұл қолжазба бұрын жарияланбаған, басқа басылымдарда қарастырылмаған және ешбір журналға бір уақытта ұсынылмаған.

Вклад авторов:
Орынбасарова К.К. - разработка концепции исследования, постановка цели и задач, организация сбора растительного сырья (*Dodartia orientalis*) в районе Боралдай, участие в интерпретации полученных данных и подготовке рукописи.
Мұхидин Ж.Н - проведение фитохимических исследований и лабораторных анализов по определению состава биологически активных веществ, обработка экспериментальных данных.
Турсубекова Б.И. - участие в методическом обеспечении исследования, подбор и обоснование аналитических методов, статистическая обработка результатов и их научная интерпретация.
Рахманова Г.С. - обобщение результатов исследования, оформление научной статьи, критическое редактирование текста и подготовка к публикации.
Конфликт интересов: не заявлен.
Финансовая и спонсорская поддержка: не проводилось
Данный материал не был заявлен ранее, для публикации в других изданиях и не находится на рассмотрении другими издательствами.

Author contribution:
Orynbasarova K.K. - conceptualization of the study, formulation of aims and objectives, organization of plant material collection (*Dodartia orientalis*) in the Boraldai area, participation in data interpretation, and manuscript preparation.
Mukhidin Zh.N. - conducting phytochemical studies and laboratory analyses to determine the composition of biologically active substances (flavonoids, phenolic acids, essential oils), and processing of experimental data.
Tursubekova B.I. - contribution to methodological support of the study, selection and justification of analytical methods, statistical data analysis, and scientific interpretation of results.
Rakhmanova G.S. - generalization of research results, manuscript formatting, critical revision of the text, and preparation for publication.

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

Conflict of Interest
The authors declare no conflict of interest.
Funding
This research received no external funding.
Publication Statement
This manuscript has not been previously published, is not under consideration for publication elsewhere, and has not been submitted to any other journal.

Авторлар туралы мәліметтер:
Орынбасарова Күлпан Кенжебаевна: фарм.ғ.к., профессор, Фармация ғылыми зерттеу орталығының басшысы, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы. e-mail: kulpan_ok@mail.ru, +77017537260, ORCID идентификаторы: https://orcid.org/0000-0002-2610-9261
Мұхидин Жаңылсын Нұридінқызы: магистрант, «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» бағдарламасы, М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы. e-mail: zhanylmukhidin@gmail.com, +777161282707. ORCID идентификаторы: https://orcid.org/0009-0001-5374-384X
Турсубекова Баян Изтелуовна: доцент, химия және фармацевтикалық инженерия кафедрасының меңгерушісі, М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы. e-mail: btursubekova@inbox.ru , ORCID идентификаторы: https://orcid.org/0009-0001-6164-7233
Рахманова Гулнара Саттархановна: жаратылыстану ғылымдарының магистрі, Фармация ғылыми зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы. e-mail: rakhmanova.gulnara.prc@mail.ru , ORCID идентификаторы: https://orcid.org/0009-0007-4814-415X
Хат-хабарға жауапты автор: Мұхидин Жаңылсын Нұридінқызы
E-mail: zhanylmukhidin@gmail.com

Сведения об авторах:
Орынбасарова Күлпан Кенжебаевна: к.фарм.н, профессора, руководитель НИЦФ, Южно-Казахстанская медицинская академия, г. Шымкент, Республика Казахстан. e-mail: kulpan_ok@mail.ru , +77017537260, ORCID идентификатор: https://orcid.org/0000-0002-2610-9261
Мұхидин Жаңылсын Нұридінқызы: магистрант, образовательная программа «Технология фармацевтического производства» Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М.Ауезова, г. Шымкент, Республика Казахстан. e-mail: zhanylmukhidin@gmail.com, +777161282707. ORCID идентификатор: https://orcid.org/0009-0001-5374-384X
Турсубекова Баян Изтелуовна: доцент, заведующая кафедры химии и фармацевтической инженерии, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М.Ауезова, г. Шымкент, Республика Казахстан. e-mail: btursubekova@inbox.ru , ORCID идентификатор: https://orcid.org/0009-0001-6164-7233
Рахманова Гулнара Саттархановна: магистр естественных наук, научный сотрудник НИЦФ, Южно-Казахстанская медицинская академия, г. Шымкент, Республика Казахстан. e-mail: rakhmanova.gulnara.prc@mail.ru , ORCID идентификатор: https://orcid.org/0009-0007-4814-415X
Автор для корреспонденции: Мұхидин Жаңылсын Нұридінқызы
E-mail: zhanylmukhidin@gmail.com

Information about the Authors
Orynbasarova Kulpan Kenzhebaevna — Candidate of Pharmaceutical Sciences (PhD), Professor, Head of the Research Center for Pharmacy, South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan. E-mail: kulpan_ok@mail.ru, +7 701 753 7260, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2610-9261
Mukhidin Zhanylsyn Nuridinkyzy — Masters student, educational program «Pharmaceutical production technology», M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Republic of Kazakhstan. E-mail: zhanylmukhidin@gmail.com, +777161282707. ORCID идентификаторы: https://orcid.org/0009-0001-5374-384X
Tursubekova Bayan Izteluovna — Associate Professor, Head of the Department of Chemistry and Pharmaceutical Engineering, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Republic of Kazakhstan. E-mail: btursubekova@inbox.ru . ORCID: https://orcid.org/0009-0001-6164-7233
Rakhmanova Gulnara Sattarkhanovna — Master of Natural Sciences, Researcher at the Research Center for Pharmacy, South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan. E-mail: rakhmanova.gulnara.prc@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0009-0007-4814-415X
Corresponding Author: Mukhidin Zhanylsyn Nuridinkyzy
E-mail: zhanylmukhidin@gmail.com

Получено: 19 августа 2026 г.
Принято: 05 октября 2026 г.
Опубликовано онлайн: 30 октября 2026 г.
УДК: 615.322
МРНТИ: 31.23.39
DOI: 10.53511/pharmkaz.2026.5.16

Тип статьи: *обзорная научная статья*

ПОЛУЧЕНИЕ ПЕПТИДОВ ИЗ ЛЕКАРСТВЕННЫХ РАСТЕНИЙ И ПЕРСПЕКТИВЫ ИХ ПРИМЕНЕНИЯ В ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОЙ КОСМЕТОЛОГИИ (НАРРАТИВНЫЙ ОБЗОР)

Таласбай Қ.С. [1], Устенова Г.О. [1], Сатмбекова Д.К. [2], Сарсенова Л.К. [2]
[1] НАО «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д.Асфендиярова», Алматы, Казахстан
[2] НАО «Казахский национальный университет имени аль-Фараби», Алматы, Казахстан

Введение. Косметический рынок Казахстана характеризуется высокой зависимостью от импортной продукции, доля которой превышает 98%. В этих условиях поиск доступного и перспективного отечественного сырья для разработки косметических средств приобретает особую актуальность. Значительный интерес представляют лекарственные растения, поскольку содержащийся в них комплекс биологически активных веществ может обеспечивать широкий спектр полезных для кожи эффектов. Одним из перспективных, но недостаточно изученных компонентов растительного происхождения являются биоактивные пептиды.
Целью данного обзора является анализ растительных источников пептидов, их биологических свойств, механизмов действия и перспектив использования в косметологии.
Методы. Проведен нарративный обзор публикаций, представленных в PubMed, Scopus, Google Scholar и CyberLeninka, посвященных растительным пептидам, способам их получения, биологической активности и применению в косметологии. Результаты сопоставляли качественно, с учетом характера экспериментальных данных.
Результаты и обсуждение. Анализ литературы показывает, что растительные пептиды обладают значительным потенциалом в качестве функциональных компонентов косметических средств. Вместе с тем имеющиеся сведения о составе, свойствах, механизмах действия и практическом применении таких соединений в косметологии остаются ограниченными и фрагментарными. Одной из ключевых проблем является недостаточная изученность взаимосвязи между структурой пептидов и их биологической активностью, а также сложность получения стабильных и стандартизированных пептидных фракций из растительного сырья.
Выводы. Дальнейшее развитие данного направления требует совершенствования методов выделения и очистки пептидов, изучения их стабильности и биологической активности, а также разработки подходов к стандартизации растительных пептидных компонентов в составе косметических формул.
Ключевые слова: растительные пептиды, косметология, лекарственные растения, биоактивные соединения, антиоксидантная активность.

ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДЕН ПЕПТИДТЕР АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ КОСМЕТОЛОГИЯДА ҚОЛДАНУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ (НАРРАТИВТІК ШОЛУ)

Таласбай Қ.С. [1], Устенова Г.О. [1], Сатмбекова Д.К. [2], Сарсенова Л.К. [2]
[1]С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

Кіріспе. Қазақстанның косметика нарығы импорттық өнімдерге айтарлықтай тәуелділігімен сипатталады, олардың нарықтағы үлесі 98%-дан асады. Осы жағдайда косметикалық өнімдерді әзірлеу үшін қолжетімді әрі перспективалы отандық шикізат көздерін іздеу ерекше өзектілікке ие. Дәрілік өсімдіктер құрамындағы биологиялық белсенді заттардың алуан түрлілігіне байланысты үлкен қызығушылық тудырады. Олардың құрамындағы қосылыстар теріге пайдалы әсерлердің кең спектрін қамтамасыз етуі мүмкін. Өсімдік текті қосылыстардың ішінде биоактивті пептидтер косметологияда қолдану әлеуеті жоғары, алайда жеткілікті зерттелмеген табиғи компоненттердің бірі болып табылады.
Мақсаты. Шолудың мақсаты - пептидтердің өсімдік көздерін, олардың биологиялық қасиеттері мен әсер ету механизмдерін, сондай-ақ косметологияда қолдану перспективаларын талдау.

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

Әдістері. PubMed, Scopus, Google Scholar және CyberLeninka дерекқорларындағы өсімдік текті пептидтерге, оларды алу тәсілдеріне, биологиялық белсенділігіне және косметологияда қолданылуына қатысты жарияланымдарға нарративтік шолу жүргізілді. Нәтижелер эксперименттік деректердің сипатын ескере отырып, сапалық тұрғыдан талданды.
248
Нәтижелері және талқылау. Әдебиеттерді талдау өсімдік текті пептидтердің косметикалық өнімдердің функционалдық ингредиенттері ретінде елеулі әлеуетке ие екенін көрсетті. Алайда олардың құрамы, қасиеттері, әсер ету механизмдері және косметологиядағы практикалық қолданылуы туралы қазіргі кездегі ғылыми деректер әлі де шектеулі әрі жүйеленбеген. Негізгі мәселелердің бірі – пептидтердің құрылымы мен биологиялық белсенділігі арасындағы өзара байланыстың жеткіліксіз зерттелуі, сондай-ақ өсімдік шикізатынан тұрақты әрі стандартталған пептидтік фракцияларды алу қиындығы.
Қорытынды. Бұл бағытты одан әрі дамыту пептидтерді бөліп алу және тазарту әдістерін жетілдіруді, олардың тұрақтылығы мен биологиялық белсенділігін кешенді бағалауды, сондай-ақ косметикалық формулалар құрамындағы өсімдік текті пептидтік ингредиенттерді стандарттау тәсілдерін әзірлеуді талап етеді. Осы бағыттағы зерттеулерді тереңдету өсімдік текті пептидтерді тиімді пайдалануға және олардың косметикалық индустрияда кеңінен қолданылуына мүмкіндік береді.
Түйінді сөздер: өсімдік пептидтері, косметология, дәрілік өсімдіктер, биоактивті қосылыстар, антиоксиданттық белсенділік.

OBTAINING PEPTIDES FROM MEDICINAL PLANTS AND PROSPECTS FOR THEIR USE IN PHARMACEUTICAL COSMETOLOGY (NARRATIVE REVIEW)

Talasbay K.S. [1], Ustenova G.O. [1], Satmbekova D.K. [2], Sarsenova L.K. 2
[1]Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Introduction. The cosmetic market in Kazakhstan is highly dependent on imported products, which account for more than 98% of the market. Under these circumstances, the search for accessible and promising locally sourced materials for the development of cosmetic products is of particular importance. Medicinal plants have attracted considerable interest due to their rich composition of biologically active compounds, which may provide a wide range of beneficial effects on the skin. Among plant-derived compounds, bioactive peptides represent a promising yet insufficiently studied group of natural ingredients with potential applications in cosmetology.
This review aims to analyze plant sources of peptides, their biological properties and mechanisms of action, as well as their potential applications in cosmetology.
Methods. A narrative review of publications available through PubMed, Scopus, Google Scholar, and CyberLeninka was conducted, focusing on plant-derived peptides, their production methods, biological activity, and potential applications in cosmetology. Findings were qualitatively compared with attention to the nature of the experimental evidence.
Results and Discussion. The literature analysis indicates that plant-derived peptides have considerable potential as functional ingredients in cosmetic products. However, the available evidence regarding their composition, properties, mechanisms of action, and practical applications in cosmetology remains limited and fragmented. One of the major challenges is the insufficient understanding of the relationship between peptide structure and biological activity, as well as the difficulties associated with obtaining stable and standardized peptide fractions from plant materials.
Conclusions. Further development of this field requires improvements in peptide isolation and purification methods, comprehensive evaluation of their stability and biological activity, and the development of approaches for standardizing plant-derived peptide ingredients in cosmetic formulations. Advancing research in these areas may contribute to the more effective utilization of plant-derived peptides and support their broader application in the cosmetic industry.
Keywords: plant peptides, cosmetology, medicinal plants, bioactive compounds, antioxidant activity.

Введение

Косметический рынок Казахстана характеризуется высокой зависимостью от импортной продукции, которая составляет более 98% от общего объема рынка. В 2023 году объем импортных поставок превысил внутреннее производство в 17,5 раз, с отрицательным сальдо торгового баланса в 116,2 тыс. тонн. Основным поставщиком является Россия, на долю которой приходится более 57% импорта, а основными экспортерами казахстанской продукции является Россия, более 66% [1].
Клиникалық тәжірибеде кеңінен қолданылатын стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттардың бірі – ибупрофен. Ибупрофенді алғаш рет 1962 жылы Ұлыбританияда ғалымдар С. Адамс пен Д. Николсон синтездеп алды [10].

Ибупрофен – стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік зат. Ол ауыруды басатын, қабынуға қарсы және қызу түсіретін әсерге ие [11].

Ибупрофеннің қолданылуы [12]: бас және тіс ауруы, бас сақинасы; етеккір кезіндегі ауырсынулар; невралгия; арқа-жота тұсы аурулары; бұлшықет және ревматикалық ауырсынулар. Ыстықты түсіретін әсері орталық жүйке жүйесіндегі арахидон қышқылы каскадында циклооксигеназа-1 және циклооксигеназа-2 ферменттерін тежеуге негізделген. Бұл простагландиндер синтезінің төмендеуіне, олардың жұлын-ми сұйықтығындағы концентрациясының азаюына, терморетеу орталығының қозуының бәсеңдеуіне және дене температурасының қалыпқа келуіне әкеледі [13].

Ибупрофеннің қысқа мерзімді қолданудағы көтерімділігі бойынша елеулі дәлелдемелік база қалыптасқан. Францияда жүргізілген көпорталықты рандомизацияланған PAIN зерттеуіне 8677 ересек пациент қатысып, ацетилсалицил қышқылы, парацетамол және ибупрофеннің қысқа мерзімді анальгезиялық қолданудағы көтерімділігі салыстырылды. Зерттеуде ибупрофен тәулігіне 1200 мг-ға дейінгі дозада парацетамолмен салыстырмалы көтерімділік көрсетіп, ацетилсалицил қышқылына қарағанда жағымсыз әсерлердің төменірек жиілігімен сипатталды [14].

Ибупрофеннің жедел ауырсыну синдромдарындағы анальгезиялық тиімділігі Cochrane жүйелі шолуларында да расталған. Derry және әріптестері жүргізген жүйелі шолуда ересектердегі жедел операциядан кейінгі ауырсынуды емдеуде ибупрофеннің 200 және 400 мг бір реттік пероральды дозаларының тиімділігі бағаланған. 400 мг дозада ибупрофен плацебомен салыстырғанда клиникалық тұрғыдан маңызды ауырсынуды басудың жоғары ықтималдығын көрсетті. Шолуға енгізілген зерттеулердің едәуір бөлігі стоматологиялық хирургиялық араласулардан кейінгі ауырсынуды қамтыған [15].

Ибупрофеннің тиімділігі әртүрлі жедел ауырсыну жағдайларында, соның ішінде кернеулі бас ауруы мен мигрень кезінде де зерттелген. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бас ауруларын алғашқы медициналық-санитариялық көмек деңгейінде басқаруға арналған ұсынымдарында ибупрофен 400 – 800 мг дозада жедел мигрень ұстамдарын емдеуге қолданылатын анальгетиктердің бірі ретінде көрсетілген [16]. Сонымен қатар, Еуропалық

неврологиялық қоғамдар федерациясының (EFNS) мигреньді дәрілік емдеу жөніндегі нұсқаулығында ибупрофен жедел мигрень ұстамдарын емдеуде қолданылатын NSAID препараттарының бірі ретінде қарастырылып, 200 – 800 мг дозасы үшін А деңгейіндегі ұсыныс берілген [17].

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімі деректері негізінде құрамында ибупрофен бар тіркелген дәрілік препараттардың құрылымын және шекті бөлшек сауда бағаларын сипаттамалық талдау.

Зерттеу нысаны ретінде Қазақстан Республикасының дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімінде тіркелген құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттар алынды. Зерттеу бірлігі ретінде дәрілік препараттың тіркеу позициясы қабылданды. Тіркеу позициясы сауда атауының, дәрілік түрінің, дозасының және қаптамасының бірегей үйлесімі ретінде анықталды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуге Қазақстан Республикасының Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімінде тіркелген, құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттар енгізілді. Тіркеу позициясы бойынша сауда атауы, дәрілік түрі, дозасы, қаптамасы, өндіруші елі, өндіруші туралы толық мәліметтері бар препараттар ғана талдауға енгізілді. Қайталанатын тіркеу жазбалары, тіркеуі тоқтатылған немесе зерттеу көрсеткіштері бойынша толық емес мәліметтері бар препараттар талдауға енгізілген жоқ.

Зерттеу тек жалпыға қолжетімді жинақталған деректерге негізделді және адамдарды, жануарларды немесе жеке медициналық деректерді қамтымады; осыған байланысты жергілікті этикалық комитеттің мақұлдауын алу талап етілмеді.

Деректер (қаралған күні 16.02.2026, https://register.ndda.kz/#/reestr) ресми сайтынан алынды. Іздеу стероидты емес қабынуға қарсы препараттар тобы бойынша Анатомиялық-терапиялық-химиялық (АТХ) жіктеу жүйесіне сәйкес жүргізілді. Зерттеуге құрамында ибупрофен бар тіркеу позициялары енгізілді. Әрбір тіркеу позициясы сауда атауы, дәрілік түрі, дозасы және қаптамасы бойынша жеке есепке алынды. Ибупрофенді басқа әсер етуші заттармен біріктіретін препараттар жеке топ ретінде қарастырылды. Қарама-қайшы мәліметтер Мемлекеттік тізілімдегі тіркеу деректері бойынша нақтыланды. Дәрілік түрлер тіркеу жазбасында көрсетілген атауларына сәйкес жіктелді.

Деректерді өңдеу Microsoft Excel 2021 бағдарламасында жүргізілді. Үлес тіркеу позициялары санының олардың жалпы санына қатынасы ретінде есептеліп, пайызбен көрсетілді.

Сандық көрсеткіштер медиана (Me) және квартильаралық ауқым (IQR) түрінде ұсынылды. Квартильдерді есептеу үшін бастапқы деректер өсу ретімен орналастырылды. Бірінші квартиль (Q1) реттелген қатардың төменгі жартысының медианасы ретінде, ал үшінші квартиль (Q3) жоғарғы жартысының медианасы ретінде анықталды. Квартильаралық ауқым үшінші және бірінші квартильдердің айырмасы ретінде есептелді (IQR=Q3-Q1). Алынған мәндер ондық бөлшектен кейін бір таңбаға дейін дөңгелектенді, ал дөңгелектеу барлық есептеулер аяқталғаннан кейін жүргізілді.

Деректерді өңдеу және қайталанатын жазбаларды сәйкестендіру. Деректерді өңдеу барысында қайталанатын жазбаларды сәйкестендіру тіркеу позициясы бойынша сауда атауы, халықаралық патенттелмеген атауы (ХПА), дәрілік түрі, дозасы, өндірушісі және тіркеу куәлігінің нөмері бойынша жүргізілді. Негізгі сипаттамалары толық сәйкес келген жазбалар қайталанатын жазбалар ретінде қарастырылып, талдауға бір рет қана енгізілді. Жекелеген мәліметтер арасында сәйкессіздік болған жағдайда тіркеу нөмірі және дәрілік заттардың ресми мемлекеттік тізіліміндегі деректер бойынша қосымша салыстыру жүргізілді. Қарама-қайшы ақпарат анықталған жағдайда ресми мемлекеттік тізілімдегі өзекті мәліметтерге басымдық берілді, ал ескірген, тіркеуі тоқтатылған немесе өзектілігін жоғалтқан жазбалар талдаудан шығарылды.


Нәтижелер және талқылау

Қазақстан Республикасы дәрілік заттардың мемлекеттік тізіліміндегі (қаралған күні 16.02.2026, https://register.ndda.kz/#/reestr)

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)


деректері бойынша, 6891 тіркеу позициясымен дәрілік препарат тіркелген. Тіркелген препараттардың ішінде стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік препараттар 314 тіркеу позициясын (≈4,6%), стероидты қабынуға қарсы дәрілік препараттар 96 тіркеу позициясын (≈1,4%) құрайды (сурет 1).

Бұл көрсеткіш стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік препараттардың клиникалық тәжірибеде кеңінен қолданылатынын, сондай-ақ олардың ауырсыну, қабыну және қызба синдромдарын емдеудегі маңыздылығын айқындайды [1]. Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік препараттардың дәрілік нысандары мен құрамының алуан түрлілігі олардың әртүрлі медициналық салаларда қолданылуына мүмкіндік береді.



Сурет 1 –Қазақстан Республикасы дәрілік заттар мемлекеттік тізіміне тіркелген дәрілік препараттар (https://register.ndda.kz/#/reestr)

Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік препараттарға тиесілі 314 тіркеу позициясы бар. Соның ішінде 69 тіркеу позициясы (≈22%) құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттар (сурет 2).



Сурет 2 – Қазақстан Республикасы дәрілік заттар Мемлекеттік тізіміндегі халықаралық патенттелмеген атауы бойынша стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік препараттар (https://register.ndda.kz/#/reestr)

Талдау барысында құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттар ассортиментінде 69 тіркеу позициясы ұсынылғаны анықталды, талданған тіркеу позицияларының ішінде: 11 тіркеу позициясы (16%) – отандық өндіріске; 58 тіркеу позициясы (84%) – шетелдік өндіріске тиесілі (1 кесте). Өндіруші ел туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізіліміндегі ресми тіркеу деректеріне сәйкес анықталды. Өндірушінің атауы, өндіріс орны және тіркеу куәлігінің иесі бойынша мәліметтер Мемлекеттік тізілімде көрсетілген ақпарат негізінде пайдаланылды. Өндірушілердің географиялық құрылымын талдау нәтижесінде құрамында ибупрофен бар тіркеу позицияларының 84% шетелдік, ал 16% отандық өндірушілерге тиесілі екені анықталды. Бұл нәтиже Қазақстан фармацевтикалық нарығын зерттеген Талгаева Е.В. және авторлар ұжымы зерттеуімен салыстыруға мүмкіндік береді, онда да ибупрофен препараттарының өндіруші елдері мен нарықтағы ассортименті негізгі талдау көрсеткіштері ретінде қарастырылған [18]. Алайда Украина нарығында жүргізілген зерттеуде ибупрофен және парацетамол препараттарының арасында отандық өндірістің үлесі 73% жеткені анықталған [19]. Қазақстан мен Украина арасындағы бұл айырмашылық ұлттық фармацевтикалық өндірістің даму деңгейіне, импорттық және отандық өндірушілердің тіркелген ассортиментіне байланысты болуы мүмкін. Осылайша, алынған нәтижелер ибупрофен препараттарының өндірушілер құрылымы тіркелген дәрілік препараттар ерекшеліктеріне қарай айтарлықтай өзгеруі мүмкін екенін көрсетеді.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасының дәрілік заттар Мемлекеттік тізіміндегі құрамында ибупрофен бар препараттардың өндіруші елдер бойынша үлесі (https://register.ndda.kz/#/reestr)

Өндіруші елдер	**Препараттар саны**	
	Препараттар саны, бірл	**Үлес салмағы, %**
Үндістан	12	17,4
Польша	12	17,4
Қазақстан	11	15,9
Беларусь	6	8,7
Ұлыбритания	5	7,2
Германия	5	7,2
Испания	3	4,3
Түркия	3	4,3
Италия	3	4,3
Ресей	2	2,9
Хорватия	2	2,9
Болгария	1	1,4
Греция	1	1,4
Солтүстік Македония Республикасы	1	1,4
Нидерланд	1	1,4
Украина	1	1,4
Барлығы	**69**	**100**


Талдау нәтижелері көрсеткендей, құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттардың басым бөлігі шетелдік өндірушілерге тиесілі. Бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасының дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу құрылымын сипаттайды және сату көлемін немесе тұтыну деңгейін көрсетпейді. Шетелдік өндірушілердің жоғары үлесі халықаралық фармацевтикалық компаниялардың тіркелген ассортиментте кеңінен ұсынылуымен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар отандық өндірушілердің тіркелген препараттарының болуы Қазақстан Республикасында ибупрофен препараттарының жергілікті өндірісі жүзеге асырылатынын көрсетеді.

Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік препараттар бойынша Анатомиялық-терапиялық-химиялық (АТХ) жіктеу жүйесіне сәйкес талдау жүргізілді (сурет 3). Соның

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

ішінде ең көп көлемді M01AE - пропион қышқылының туындылары (ибупрофен, напроксен, кетопрофен, декскетопрофен) (41,7 %) тобы алып тұр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Анатомиялық-терапиялық-химиялық (АТХ) жіктеу жүйесіне сәйкес стероидты емес қабынуға қарсы препараттар негізінен M01A – «Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы стероидты емес препараттар» тобына жатады [20].



Сурет 3 – Қазақстан Республикасының дәрілік заттар Мемлекеттік тізіміне тіркелген стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың АТХ тобы бойынша талдау (https://register.ndda.kz/#/reestr)

1 кестеде көрсетілген деректерге сәйкес, құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттар ассортиментіне 16 өндіруші елдің өнімдері ұсынылған. Ең жоғары үлесті келесі елдер құрайды: Үндістан және Польша бойынша әрқайсысы 12 тіркеу позициясы (17,4%), Қазақстан бойынша 11 тіркеу позициясы (15,9%).

Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік препараттар ішінде құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттардың енгізу жолы бойынша жіктеу 2 кестеде көрсетілген. Пероральды дәрілік түрлер арасында суспензиялар басым болды - 36,2% (25 тіркеу позициясы), одан кейін таблеткалар - 31,9% (22 тіркеу позициясы). Дәрілік препараттар енгізу жолына сәйкес пероральды, ректальды, сыртқа қолдануға арналған болып топтастырылды.

Кесте 2 - Дәрілік заттарды енгізу жолы бойынша жіктеу (https://register.ndda.kz/#/reestr)

Енгізу жолы бойынша	Дәрілік форма	Саны	Пайыздық үлесі, %
Пероральды	Гранула	1	1,4
	Таблетка	22	31,9
	Капсула	10	14,5
	Суспензия	25	36,2
Ректальды	Суппозиторийлер	4	5,8
Сыртқа қолдануға арналған	Гель	3	4,3
	Крем	1	1,4
Парентеральды	Ерітінділер	3	4,3

Таблетка түріндегі дәрілік препараттардың басым үлесі ибупрофеннің клиникалық тәжірибеде кеңінен қолданылатын пероральды дәрілік нысаны болуымен және мемлекеттік

тізілімде осы дәрілік нысандағы препараттардың кеңінен ұсынылуымен байланысты. Сонымен қатар суспензиялар мен ректальды суппозиторийлердің болуы препараттың әртүрлі жас топтарында қолданылуына мүмкіндік береді. Алайда бұл зерттеу нақты қолдану жиілігін немесе тұтыну көлемін бағаламайды, сондықтан дәрілік формалардың клиникалық қолданылуы туралы қорытынды жасауға негіз болмайды.

Қазақстан Республикасы Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімінде құрамында ибупрофен бар 69 тіркеу позициясы анықталды. Бұл позициялар бірнеше сауда атауларын қамтиды, олардың кейбіреуі әртүрлі дозаларда және қаптама көлемінде тіркелген (https://register.ndda.kz/#/reestr, 16.02.2026 ж.).

Бөлшек сауда бағаларын талдау таблетка түріндегі дәрілік препараттар бойынша жүргізілді. Құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттардың бекітілген шекті бөлшек бағаларын талдау барысында баға айырмашылығы едәуір жоғары екенін көрсетті. Талдау пероральды дәрілік түрлердің ішінде таблеткалар бойынша жүргізілді (кесте 3). Есепке алу бірлігі ретінде Қазақстан Республикасының Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізіліміндегі препараттың тіркеу позициясы қабылданды. Тіркеу позициясы дәрілік препараттың сауда атауы, дәрілік түрі, дозасы және қаптама сипаттамасының бірегей үйлесімі ретінде қарастырылды. Талдауға шекті бөлшек сауда бағасы ресми нормативтік құжатта көрсетілген препараттар ғана енгізілді [https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100024229].

Бағасы көрсетілмеген немесе талдау жүргізілген күнге дейін шекті бөлшек сауда бағасы белгіленбеген дәрілік препараттар зерттеуге енгізілген жоқ.

Кесте 3 – Құрамында ибупрофен бар препараттардың бөлшек сауда бойынша шекті бағалары (қаралған күні 05.01.2026 https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100024229)

№	Атауы	Регистрациялық номер	Мемлекет	Өндіруші	Шекті бағасы, тг
1	Бруфен® Ретард, таблетки, 800 мг, №20	РК-ЛС-5№024664	Греция	ФАМАР А.В.Е.	3841,1
2	Ибупрофен-Тева, таблетки, 400 мг, №50	РК-ЛС-5№014622	Германия	Меркле ГмбХ	3638,8
3	МИГ® 400, таблетки, 400 мг, №20	РК-ЛС-5№010633	Германия	Берлин - Хеми АГ (Менарини Групп)	1822,6
4	Ибуфлекс 400, таблетки, 400 мг, №20	РК-ЛС-5№025665	Беларусь	Рубикон	1492,8
5	Неофен Форте, таблетки, 400 мг, №10	РК-ЛС-5№022163	Хорватия	БЕЛУПО, лекарства и косметика д.д.	1308,8
6	Ибупрофен-Тева, таблетки, 400 мг, №20	РК-ЛС-5№014622	Германия	Меркле ГмбХ	1287,1
7	Супрафен, таблетки, 400 мг, №30	РК-ЛС-5№025962	Түркия	Атабай Илач Фабрика А.С.	1223,0
8	МИГ® 400, таблетки, 400 мг, №10	РК-ЛС-5№010633	Германия	Берлин - Хеми АГ (Менарини Групп)	984,0
9	Ибуфлекс, таблетки, 400 мг, №10	РК-ЛС-5№025665	Беларусь	Рубикон	978,4
10	Ибукем, таблетки, 400 мг, №10	РК-ЛС-5№024477	Үндістан	Алкем Лабораториз Лтд	767,2
11	Ибукем, таблетки, 200 мг, №10	РК-ЛС-5№024475	Үндістан	Алкем Лабораториз Лтд	600,1
12	Нью Не-бол, таблетки, 400 мг, №10	РК-ЛС-5№121759	Үндістан	Линкольн Фармасеутикалс Лтд	513,1
13	Ибупрофен, таблетки, 200 мг, №50	РК-ЛС-5№017841	Беларусь	Белмедпрепараты	350,8

Шекті бөлшек сауда бағаларының өндірушісіне, дозасына, қаптамадағы айырмашылығы дәрілік препараттың таблеткалар санына және дәрілік түріне

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

байланысты [https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100024229]. Сонымен бірге, осы зерттеуде дәріханалардағы препараттардың нақты сату бағалары бағаланған жоқ. Зерттеу Қазақстан Республикасында бекітілген шекті бөлшек сауда бағалары негізінде жүргізілді. Сондықтан алынған нәтижелер бекітілген шекті бөлшек сауда бағаларының айырмашылығын сипаттайды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тізіліміндегі құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттардың 69 тіркеу позициясын құрағаны анықталды. Бұл деректер Талгаева Е.В. және авторлар ұжымы жүргізген зерттеу нәтижелерімен салыстырмалы, онда Қазақстанның фармацевтикалық нарығында құрамында ибупрофен бар 51 дәрілік препараттың атауы анықталған және олардың дәрілік түрлері, өндіруші елдері мен бағалық сипаттамалары зерттелген [18]. Зерттеулер арасындағы тіркеу позицияларының сандық айырмашылығы деректерді жинау кезеңдерінің, тіркеу мәртебесінің және есепке алу бірліктерінің ерекшеліктерімен байланысты болуы мүмкін. Осыған байланысты қазіргі зерттеу нәтижелері Қазақстандағы ибупрофен препараттары ассортиментінің уақыт өте өзгеріп отыратынын көрсететін алдыңғы зерттеу деректерімен толықтырылады.

Зерттеудің шектеулері. Осы зерттеу Қазақстан Республикасы Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімінің және шекті бөлшек сауда бағалары жөніндегі ресми деректердің негізінде жүргізілді. Тізілім деректері уақыт өте өзгеруі мүмкін. Бағалық талдау шекті бөлшек сауда бағасы бекітілген 13 тіркеу позициясымен шектелді. Өндіруші мен тіркеу куәлігінің иесі арасындағы айырмашылықтар, сондай-ақ препараттардың дозалары мен қаптама көлемдерінің әркелкілігі нәтижелерді салыстыруды шектейді. Зерттеуде дәрілік препараттардың нақты сатылым көлемі, дәріханалардағы нақты бағалары, халықтың табыс деңгейі, препараттардың нақты қолжетімділігі, тұтыну құрылымы және клиникалық қолданылу ерекшеліктері бағаланған жоқ. Сондықтан алынған нәтижелер мемлекеттік тізілімде тіркелген препараттардың құрылымын ғана сипаттайды және олардың сатылымы мен тұтынылуы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді.

Кесте 4 – Ибупрофен таблеткаларының шекті бөлшек сауда бағаларын талдау (қаралған күні 05.01.2026 https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100024229)

№	Препарат атауы	Дозасы	Қаптамадағы таблетка саны	Шекті бөлшек сауда бағасы, тг	1 таблетканың бағасы, тг	400 мг эквивалентті дозаның бағасы, тг
1	Бруфен® Ретард	800 мг	20	3841,1	192,1	96,0
2	Ибупрофен-Тева	400 мг	50	3638,8	72,8	72,8
3	МИГ® 400	400 мг	20	1822,6	91,1	91,1
4	Ибуфлекс 400	400 мг	20	1492,8	74,6	74,6
5	Неофен Форте	400 мг	10	1308,8	130,9	130,9
6	Ибупрофен-Тева	400 мг	20	1287,1	64,3	64,3
7	Супрафен	400 мг	30	1223,0	40,8	40,8
8	МИГ® 400	400 мг	10	984,0	98,4	98,4
9	Ибуфлекс	400 мг	10	978,4	97,8	97,8
10	Ибукем	400 мг	10	767,2	76,7	76,7
11	Ибукем	200 мг	10	600,1	60,0	120,0
12	Нью Не-бол	400 мг	10	513,1	51,3	51,3
13	Ибупрофен	200 мг	50	350,8	7,0	14,0

Дереккөз: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100024229] деректері бойынша авторлардың есептеулері.

Тікелей қаптама бағалары әртүрлі дозадағы және әртүрлі қаптама көлеміндегі препараттардың бекітілген шекті бөлшек сауда бағаларының деңгейін толық сипаттамайды. Осыған байланысты препараттардың бағалық көрсеткіштері ретінде бір таблетканың бағасы және 400 мг эквивалентті дозаның құны есептелді. Бұл тәсіл әртүрлі дозада және қаптама көлемінде ұсынылған препараттардың бағаларын бірдей өлшем бірлігі бойынша талдауға мүмкіндік береді (кесте 4).

Кесте 5 - Бірдей дозадағы және бірдей қаптама көлеміндегі ибупрофен таблеткалары үшін 400 мг эквивалентті доза құнының сипаттамалық статистикасы (қаралған күні 05.01.2026 https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100024229)

Дозасы	Қаптамадағы таблетка саны	n	Миниму м, тг	Q1	Медиана, тг	Q3	Максиму м, тг	Квартильаралық аралық (Q3–Q1), тг
400 мг	10	5	51,3	76,7	97,8	98,4	130,9	98,4-76,7
400 мг	20	3	64,4	69,5	74,6	82,9	91,1	82,9-69,5
400 мг	30	1	40,8	-	-	--	40,8	-
400 мг	50	1	72,8	-	-	-	72,8	-
200 мг	10	1	120,0	-	-	-	120,0	-
200 мг	50	1	14,0	-	-	-	14,0	-
800 мг	20	1	96,0	-	-	-	96,0	-

Дереккөз: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100024229] деректері бойынша авторлардың есептеулері.

Бірдей дозадағы және бірдей қаптама көлеміндегі препараттар үшін 400 мг эквивалентті доза құнының сипаттамалық статистикалық талдауы жүргізілді (5-кесте). 400 мг дозадағы 10 таблеткадан тұратын қаптамалар үшін медианалық құн 97,8 теңгені (Q3–Q1: 98,4-76,7 теңге), ал 20 таблеткадан тұратын қаптамалар үшін 74,6 теңгені (Q3–Q1: 82,9-69,5 теңге) құрады. Қалған дозалар мен қаптама көлемдері бойынша тек бір ғана тіркеу позициясы анықталғандықтан, медиана мен квартильаралық аралық есептелмеді.

Шекті бөлшек сауда бағалары бойынша талдау әрбір тіркеу позициясы үшін жеке жүргізілді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының дәрілік заттардың мемлекеттік тізілімі бойынша құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттардың кең құрылымы ұсынылғанын көрсетеді. Тізілімде әртүрлі дәрілік түрлердің, өндірушілердің, оның ішінде отандық және шетелдік компаниялардың препараттарының тіркелуі зерттелген дәрілік препараттар құрылымының әртүрлілігін сипаттайды.

Зерттеу нәтижелері бойынша дәрілік препараттардың құрылымында пероральды енгізуге арналған препараттардың басым екені анықталды (кесте 2). Зерттеу барысында құрамында ибупрофен бар препараттардың енгізу жолдары бойынша құрылымында пероральді дәрілік түрлердің басым екені анықталды, олардың ішінде суспензиялар (36,2%), таблеткалар (31,9%) және капсулалар (14,5%) жетекші орын алды. Бұл нәтижелер Украина фармацевтикалық нарығын зерттеген авторлардың деректерімен жалпы алғанда сәйкес келеді: олардың зерттеуінде ибупрофен препараттары әртүрлі дәрілік түрлерде ұсынылған, оның ішінде балаларға арналған препараттар арасында суспензиялар мен суппозиторийлер, ал ересектерге арналған препараттар арасында таблеткалар мен капсулалар басым болған [19]. Аталған нәтижелер ибупрофеннің әртүрлі жас топтары мен клиникалық қажеттіліктерге бейімделген пероральді дәрілік түрлерінің кең таралғанын көрсетеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тізілімінде шетелдік өндірушілердің үлесі жоғары екенін көрсетті. Сонымен қатар, отандық фармацевтикалық өндірушілерде құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттарды өндіруді дамыту және тіркелген препараттар ассортиментінде ұсынылған препараттарды қамтамасыз ету жолға қойылғаны анықталды (кесте 1,3).

Әдебиет деректеріне сәйкес, ибупрофен қабынуға қарсы стероидты емес дәрілік препараттар арасында кеңінен қолданылатын белсенді заттардың бірі болып табылады [18].

Жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасының Дәрілік заттардың мемлекеттік тізілімі ибупрофен препараттарының ассортиментін, өндірушілер құрылымын және дәрілік түрлердің таралуын

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

кешенді талдауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының Дәрілік заттардың мемлекеттік тізілімін сипаттамалық талдау, отандық өндірісті дамыту және халықты сапалы дәрілік препараттармен қамтамасыз ету бағытындағы кейінгі ғылыми зерттеулерде қолданылуы мүмкін.

Қорытынды. Мемлекеттік тізілімде құрамында ибупрофен бар 69 тіркеу позициясымен дәрілік препарат тіркелген, бұл стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік препараттардың жалпы санының 22% құрайды. Оның ішінде 84% шетелдік өнімдерге, ал 16% отандық өндіріске тиесілі екені анықталды. Өндіруші елдер арасында Үндістан (17,4%), Польша (17,4%) және Қазақстан (15,9%) жетекші орын алады.

Зерттеу барысында құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттар енгізу жолы бойынша жіктелді. Пероральды енгізуге арналған препараттардың ішінде суспензиялар 36,2% (25 тіркеу позициясы), таблеткалар 31,9% (22 тіркеу позициясы), ал капсулалар 14,5% (10 тіркеу позициясы) үлесті құрады.

Алынған нәтижелер Қазақстан Республикасының Дәрілік заттардың мемлекеттік тізілімі бойынша құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттардың ассортименттік құрылымын талдауға және дәрілік қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруде, сондай-ақ отандық өндірісті дамытуда тіркелген препараттардың ассортименттік құрылымын сипаттамалық зерттеуге мүмкіндік береді. Жүргізілген талдау Қазақстан Республикасында тіркелген құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттардың шекті бөлшек сауда бағаларын талдауға мүмкіндік берді. Бағалық талдау бекітілген шекті бөлшек сауда бағалары негізінде жүргізілді. Дәріхана ұйымдарындағы дәрілік препараттардың нақты бөлшек сауда бағалары осы зерттеу аясында қарастырылған жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Хасаева ЕИ, Деулина ЛЕ. Нестероидные противовоспалительные препараты. *StudNet.* 2022;2(5):3256-3264. https://cyberleninka.ru/article/n/nesteroidnye-protivovospalitelnye-preparaty (дата обращения: 27.03.2026).

2 Fullerton JN, Gilroy DW. Resolution of inflammation: a new therapeutic frontier. *Nature Reviews Drug Discovery*. 2016;15(8):551–567. doi: 10.1038/nrd.2016.39. https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/27020098/

3 Abbasi M, Mousavi MJ, Jamalzehi S, Alimohammadi R, Bezvan MH, Mohammadi H, Aslani S. Strategies toward rheumatoid arthritis therapy; the old and the new. *J Cell Physiol*. 2019;234(7):10018–10031. doi:10.1002/jcp.27860. https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/30536757/

4 Oray M, Abu Samra K, Ebrahimiadib N, Meese H, Foster CS. Long-term side effects of glucocorticoids. *Expert Opinion on Drug Safety*. 2016;15(4):457–465. doi: 10.1517/14740338.2016.1140743. https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/26789102/

5 Stiller CO, Hjemdahl P. Lessons from 20 years with COX-2 inhibitors: Importance of dose-response considerations and fair play in comparative trials. *J Intern Med*. 2022;292(4):557-574. doi: 10.1111/joim.13505. https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/35585779/

6 Cashman JN. The mechanisms of action of NSAIDs in analgesia. *Drugs*. 1996;52(Suppl 5):13–23. doi: 10.2165/00003495-199600525-00004. https://link.springer.com/article/10.2165/00003495-199600525-00004

7 Aronoff DM, Neilson EG. Antipyretics: mechanisms of action and clinical use in fever suppression. *American Journal of Medicine*. 2001;111(4):304–315. doi: 10.1016/S0002-9343(01)00834-8. https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0002934301008348

8 McGettigan P, Henry D. Use of non-steroidal anti-inflammatory drugs that elevate cardiovascular risk: an examination of sales and essential medicines lists in low-, middle-, and high-income countries. *PLoS Medicine*. 2013;10(2):e1001388. doi: 10.1371/journal.pmed.1001388. https://journals.plos.org/plosmedicine/article?id=10.1371/journal.pmed.1001388

9 Леонова МВ. Применение нестероидных противовоспалительных препаратов и ибупрофена при заболевании COVID-19: систематический обзор. *Consilium Medicum*. 2020;22(12):31-36. https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-nesteroidnyh-protivovospalitelnyh-preparatov-i-ibuprofena-pri-zabolevanii-covid-19-sistematicheskiy-obzor

10 Молчанов Д. Ибупрофен как традиционный анальгетик. *Медична газета «Здоров'я України». Неврология. Психиатрия. Психотерапия*. 2015;23(1):2-3. https://timestar.kz/43957.html (дата обращения: 02.11.2025 г).

11 ТОО «ВИВА ФАРМ». Официальный сайт. ВИВА ФАРМ. Дата неизвестна [цитировано 02 нояб. 2025 г.]. Доступно по адресу: https://vivapharm.kz

12 Ибупрофен: инструкция по применению. ВИВА ФАРМ. Дата неизвестна [цитировано 02 нояб. 2025 г.]. Доступно по адресу: https://vivapharm.kz/item?id=1

13 Азизова Р, Шерова З, Валиева Т. Изучение антипиретической и анальгетической эффективности и переносимости нестероидных противовоспалительных средств. *Актуальные проблемы педиатрической фармакологии*. 2023;1(1):29-31. https://inlibrary.uz/index.php/problems-pediatric-pharmacology/article/view/18853/19562

14 Moore N, Van Ganse E, Le Parc JM, Wall R, Schneid H, Farhan M, Verriere F, Pelen F. The PAIN study: paracetamol, aspirin and ibuprofen new tolerability study. A large-scale randomized clinical trial comparing the tolerability of aspirin, ibuprofen and paracetamol for short-term analgesia. *Clinical Drug Investigation*. 1999;18(2):89-98. https://www.researchgate.net/publication/238225654_The_PAIN_Study_Paracetamol_Aspirin_and_Ibuprofen_New_Tolerability_Study_A_Large-Scale_Randomised_Clinical_Trial_Comparing_the_Tolerability_of_Aspirin_Ibuprofen_and_Paracetamol_for_Short-Term_Analgesia

15 Derry C, Derry S, Moore RA, McQuay HJ. Single dose oral ibuprofen for acute postoperative pain in adults. *Cochrane Database of Systematic Reviews*. 2009;(3):CD001548. doi: 10.1002/14651858.CD001548.pub2. https://pmc.ncbi.nlm.nih.gov/articles/PMC6485441/

16 World Health Organization. Aids for management of common headache disorders in primary care. Всемирная организация здравоохранения. 2007 [цитировано 10 нояб. 2025 г.]. Доступно по адресу: www.who.int/entity/mental_health/neurology/who_ehf_aids_headache.pdf

17 Evers S, Afra J, Frese A, Goadsby PJ, Linde M, May A, Sándor PS; European Federation of Neurological Societies. EFNS guideline on the drug treatment of migraine--revised report of an EFNS task force. *Eur J Neurol*. 2009;16(9):968-81. doi: 10.1111/j.1468-1331.2009.02748.x. https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/19708964/

18 Талгаева ЕВ, Рустамова СФ, Укалиева АГ. Сравнительный анализ фармацевтического рынка Казахстана лекарственных средств, содержащих ибупрофен. *Вестник Казахского Национального медицинского университета*. 2018;2:274-277. https://cyberleninka.ru/article/n/sravnitelnyy-analiz-farmatsevticheskogo-rynka-kazahstana-lekarstvennyh-sredstv-soderzhaschih-ibuprofen

19 Баліцька ОП, Злагода ВС, Григорук ЮМ, Поліщук ЮМ, Гайдай ОД. Огляд фармацевтичного ринку парацетамолу та ібупрофену для лікування гострих респіраторних інфекцій в Україні. *Social Pharmacy in Health Care*. 2022;8(3):83-91. doi:10.24959/sphhcj.22.245. https://scholar.google.com.sg/citations?view_op=view_citation&hl=en&user=3DDZZgoAAAAJ&citation_for_view=3DDZZgoAAAAJ:UebtZRa9Y70C

20 Всемирная организация здравоохранения. Методология ATC/DDD [Интернет]. Женева: Всемирная организация здравоохранения; 2026 [цитировано 07 авг. 2026 г.]. Доступно по адресу: https://www.who.int/tools/atc-ddd-toolkit/methodology

REFERENCES

1 Hasaeva EI, Deulina LE. Nesteroidnye protivovospalitel'nye preparaty. *StudNet*. 2022;2(5):3256-3264. https://cyberleninka.ru/article/n/nesteroidnye-protivovospalitelnye-preparaty (date of request: 27.03.2026).

2 Fullerton JN, Gilroy DW. Resolution of inflammation: a new therapeutic frontier. *Nature Reviews Drug Discovery*. 2016;15(8):551–567. doi: 10.1038/nrd.2016.39. https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/27020098/

3 Abbasi M, Mousavi MJ, Jamalzehi S, Alimohammadi R, Bezvan MH, Mohammadi H, Aslani S. Strategies toward rheumatoid arthritis therapy; the old and the new. *J Cell Physiol*. 2019;234(7):10018–10031. doi:10.1002/jcp.27860. https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/30536757/

4 Oray M, Abu Samra K, Ebrahimiadib N, Meese H, Foster CS. Long-term side effects of glucocorticoids. *Expert Opinion on Drug Safety*. 2016;15(4):457–465. doi: 10.1517/14740338.2016.1140743. https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/26789102/

5 Stiller CO, Hjemdahl P. Lessons from 20 years with COX-2 inhibitors: Importance of dose-response considerations and fair play in comparative trials. *J Intern Med*. 2022;292(4):557-574. doi: 10.1111/joim.13505. https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/35585779/

6 Cashman JN. The mechanisms of action of NSAIDs in analgesia. *Drugs*. 1996;52(5):13–23. doi: 10.2165/00003495-199600525-00004. https://link.springer.com/article/10.2165/00003495-199600525-00004

7 Aronoff DM, Neilson EG. Antipyretics: mechanisms of action and clinical use in fever suppression. *American Journal of Medicine*. 2001;111(4):304–315. doi: 10.1016/S0002-9343(01)00834-8. https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0002934301008348

8 McGettigan P, Henry D. Use of non-steroidal anti-inflammatory drugs that elevate cardiovascular risk: an examination of sales and essential medicines lists in low-, middle-, and high-income countries. *PLoS Medicine*. 2013;10(2):e1001388. doi: 10.1371/journal.pmed.1001388. https://journals.plos.org/plosmedicine/article?id=10.1371/journal.pmed.1001388

9 Leonova MV. Primenenie nesteroidnyh protivovospalitel'nyh preparatov i ibuprofena pri zabolevanii COVID-19: sistematicheskij obzor. *Consilium Medicum*. 2020;22(12):31-36. https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-nesteroidnyh-protivovospalitelnyh-preparatov-i-ibuprofena-pri-zabolevanii-covid-19-sistematicheskiy-obzor

10 Molchanov D. Ibuprofen kak tradicionnyj anal'getik. *Medichna gazeta Zdorov'ja Ukraïni*. 2015;23(1):2-3. https://timestar.kz/43957.html (data obrashhenija: 02.11.2025 g).

11 Viva Farm LLP. Official website [Internet]. [cited 2025 Nov 2]. Available from: https://vivapharm.kz

12 Ibuprofen: instructions for use [Internet]. [cited 2025 Nov 2]. Available from: https://vivapharm.kz/item?id=1

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

13 Azizova R, Sherova Z, Valieva T. Izuchenie antipireticheskoj i anal'geticheskoj jeffektivnosti i perenosimosti nesteroidnyh protivovospalitel'nyh sredstv. *Aktual'nye problemy pediatricheskoj farmakologii*. 2023;1(1):29-31. https://inlibrary.uz/index.php/problems-pediatric-pharmacology/article/view/18853/19562

14 Moore N, Van Ganse E, Le Parc JM, Wall R, Schneid H, Farhan M, Verriere F, Pelen F. The PAIN study: paracetamol, aspirin and ibuprofen new tolerability study. A large-scale randomized clinical trial comparing the tolerability of aspirin, ibuprofen and paracetamol for short-term analgesia. *Clinical Drug Investigation*. 1999;18(2):89-98. https://www.researchgate.net/publication/238225654_The_PAIN_Study_Paracetamol_Aspirin_and_Ibuprofen_New_Tolerability_Study_A_Large-Scale_Randomised_Clinical_Trial_Comparing_the_Tolerability_of_Aspirin_Ibuprofen_and_Paracetamol_for_Short-Term_Analgesia

15 Derry C, Derry S, Moore RA, McQuay HJ. Single dose oral ibuprofen for acute postoperative pain in adults. *Cochrane Database of Systematic Reviews*. 2009;(3):CD001548. doi: 10.1002/14651858.CD001548.pub2. https://pmc.ncbi.nlm.nih.gov/articles/PMC6485441/

16 World Health Organization. Aids for management of common headache disorders in primary care [Internet]. Geneva: World Health Organization; 2007 [cited 2025 Nov 10]. Available from: www.who.int/entity/mental_health/neurology/who_ehf_aids_headache.pdf\

17 Evers S, Afra J, Frese A, Goadsby PJ, Linde M, May A, Sándor PS; European Federation of Neurological Societies. EFNS guideline on the drug treatment of migraine--revised report of an EFNS task force. *Eur J Neurol*. 2009;16(9):968-81. doi: 10.1111/j.1468-1331.2009.02748.x. https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/19708964/

18 Talgayeva EV, Rustamova SF, Ukalieva AG. Sravnitel'nyi analiz farmatsevticheskogo rynka Kazakhstana lekarstvennykh sredstv, soderzhashchikh ibuprofen. *Vestnik Kazakhskogo Natsional'nogo meditsinskogo universiteta*. 2018;2:274-277. Available from: https://cyberleninka.ru/article/n/sravnitelnyy-analiz-farmatsevticheskogo-rynka-kazahstana-lekarstvennyh-sredstv-soderzhaschih-ibuprofen

19 Balitska OP, Zlahoda VS, Hryhoruk YuM, Polishchuk YuM, Haidai OD. Ohliad farmatsevtychnoho rynku paratsetamolu ta ibuprofenu dlia likuvannia hostrykh respiratornykh infektsii v Ukraini. *Social Pharmacy in Health Care*. 2022;8(3):83-91. doi:10.24959/sphhcj.22.245. Available from: https://scholar.google.com.sg/citations?view_op=view_citation&hl=en&user=3DDZZgoAAAAJ&citation_for_view=3DDZZgoAAAAJ:UebtZRa9Y70C

20 World Health Organization. The ATC/DDD methodology [Internet]. Geneva: World Health Organization; 2026 [cited 2026 Aug 7]. Available from: https://www.who.int/tools/atc-ddd-toolkit/methodology

Авторлардың үлесі:
Андасова Аружан Ғаниқызы – зерттеудің бастамашысы және негізгі орындаушысы. Құрамында ибупрофен бар дәрілік препараттар бойынша әдеби талдау жүргізді, Қазақстан Республикасында тіркелген құрамында ибупрофен бар препараттар құрылымына талдау жасады, дәрілік заттардың құрылымы, өндіруші елдері, шекті бөлшек сауда бағалары бойынша мәліметтерді жинақтап, нәтижелерді талдады. Негізгі мәтінін дайындады және рәсімдеді.
Тлеубаева Меруерт Ильясовна – зерттеу тұжырымдамасын жасады, зерттеу дизайнын нақтылап, нәтижелерді интерпретациялауға кеңес берді, мақаланың ғылыми мазмұнын редакциялап, қорытынды нұсқасын тексерді.
Ешенкулова Гаухар Ильясовна – зерттеу нәтижелерін өңдеуге және талдауға қатысты, статистикалық мәліметтерді жүйелеуге қатысып, мақаланың ғылыми және техникалық рәсімделуін тексерді, сондай-ақ қорытынды нұсқасын редакциялады.
Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.
Бұл материал басқа басылымдарда жариялау үшін бұрын мәлімделмеген және басқа басылымдардың қарауына ұсынылмаған. Осы жұмысты жүргізу кезінде сыртқы ұйымдармен медициналық өкілдіктердің қаржыландыруы жасалған жоқ. Қаржыландыру жүргізілмеді.
Деректердің қолжетімділігі туралы мәлімдеме. Бастапқы деректер жалпыға қолжетімді дереккөздерден алынды. Есептеулер үшін пайдаланылған өңделген кесте қосымша материалдарда ұсынылған.

Вклад авторов:
Андасова Аружан Ғаниқызы – инициатор и основной исполнитель исследования. Провела анализ литературных источников по лекарственным препаратам, содержащим ибупрофен, выполнила анализ структуры зарегистрированных в Республике Казахстан препаратов, содержащих ибупрофен, собрала данные по структуре лекарственных средств, странам-производителям и предельным розничным ценам и проанализировала полученные результаты. Подготовила и оформила основной текст статьи.
Тлеубаева Меруерт Ильясовна – разработала концепцию исследования, уточнила дизайн исследования, консультировала по вопросам интерпретации результатов, осуществила научное редактирование содержания статьи и проверила ее окончательную версию.
Ешенкулова Гаухар Ильясовна – принимала участие в обработке и анализе результатов исследования, систематизации статистических данных, проверке научного и технического оформления статьи, а также редактировании окончательной версии.
Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Данный материал ранее не был заявлен для публикации в других изданиях и не находится на рассмотрении в других журналах. При выполнении данной работы финансирование со стороны внешних организаций и медицинских представителей не осуществлялось. Финансирование исследования отсутствовало.
Заявление о доступности данных. Исходные данные были извлечены из общедоступных источников. Обработанная табица, использованная для расчетов, представлена в дополнительных материалах.

Author Contributions:
Andassova Aruzhan Ganikyzy initiated the study and served as the principal investigator. Conducted a literature analysis on medicinal products containing ibuprofen, analyzed the structure of ibuprofen-containing medicinal products registered in the Republic of Kazakhstan, collected data on the structure of medicinal products, countries of manufacture, and maximum retail prices, and analyzed the obtained results. Prepared and formatted the main text of the manuscript.
Tleubayeva Meruert Ilyasovna developed the study concept, refined the study design, provided guidance on the interpretation of the results, scientifically edited the content of the manuscript, and reviewed the final version.
Yeshenkulova Gauhar Ilyasovna contributed to the processing and analysis of the study results, systematization of statistical data, verification of the scientific and technical formatting of the manuscript, and editing of the final version.
The authors declare no conflict of interest.
This material has not been previously published or submitted for publication in other journals. No funding from external organizations or medical representatives was received during this study. The study received no financial support.
Data Availability Statement. The source data were obtained from publicly available sources. The processed table used for the calculations is provided in the supplementary materials.

Авторлар туралы мәліметтер
Андасова Аружан Ғаниқызы, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, 7М07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығының 2 курс магистранты, Алматы, Қазақстан, arukaandasova02@gmail.com , ORCID: https://orcid.org/0009-0001-8489-6304
Тлеубаева Меруерт Ильясовна, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы, PhD, қауымдастырылған профессор, Алматы, Қазақстан, моб. тел. +77072740360, e-mail: tleubayeva.m@kaznmu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0002-4494https://orcid.org/0000-0003-0002-4494
Ешенкулова Гаухар Ильясовна, Astana IT университетінің профессоры, PhD, экономика ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан, yeshenkulova.gaukhar@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2460-5499

Сведения об авторах
Андасова Аружан Ганикызы, КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова, магистрант 2 года обучения по специальности 7М07201 «Технология фармацевтического производства», Алматы, Казахстан, arukaandasova02@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0009-0001-8489-6304
Тлеубаева Меруерт Ильясовна, КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова, кафедра организации, управления и экономики фармации и клинической фармации, PhD, ассоциированный профессор, Алматы, Казахстан, моб. тел. +77072740360, e-mail: tleubayeva.m@kaznmu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0002-4494https://orcid.org/0000-0003-0002-4494
Ешенкулова Гаухар Ильясовна, профессор университета Astana IT, PhD, кандидат экономических наук, Астана, Казахстан, yeshenkulova.gaukhar@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2460-5499

Information about authors:
Andassova Aruzhan Ganikyzy, Asfendiyarov Kazakh National Medical University, 2nd-year Master's student in the specialty 7M07201 “Technology of Pharmaceutical Production”, Almaty, Kazakhstan, arukaandasova02@gmail.com , ORCID: https://orcid.org/0009-0001-8489-6304
Tleubayeva Meruert Ilyasovna, Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Department of Organization, Management and Economics of Pharmacy and Clinical Pharmacy, PhD, Associate Professor, Almaty city, Kazakhstan, Phone +77072740360, e-mail: tleubayeva.m@kaznmu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0002-4494
Yeshenkulova Gauhar Ilyasovna, Professor of Astana IT University, PhD, Candidate of Economic Sciences, Astana, Kazakhstan, yeshenkulova.gaukhar@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2460-5499

*Жауапты автор: Андасова А.Ғ. E-mail: *arukaandasova02@gmail.com*
*Корреспондент автор: Андасова А.Ғ. E-mail: *arukaandasova02@gmail.com*
*Corresponding author: Andassova A.G. E-mail: *arukaandasova02@gmail.com*

ISSN 3006-0818 / ISSN 2310-6115 (online)

Получено: 09 сентября 2026 г.
Принято: 01 октября 2026 г.
Опубликовано онлайн: 30 октября 2026 г.
УДК: 615.37:339.13(574)
DOI: 10.53511/pharmkaz.2026.5.21

***Тип статьи**: оригинальная научная статья*

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВА РАЗВИТИЯ РЫНКА ИММУНОБИОЛОГИЧЕСКИХ ПРЕПАРАТОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Бекмухан Д.С.[1]*, Абекова А.О.[2], Амирханова А.Ш.[1], Устенова Г.О.[1], Ахметсадыков Н.Н.[2]

[1] НАО «Казахский Национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова», Алматы, 050012, Казахстан

[2] ТОО НПП «Антиген», с. Абай, Карасайский район, Алматинская область, 040905, Казахстан

Автор для корреспонденции: Бекмухан Дана Сәкенқызы, e-mail: daniebb17@gmail.com

Введение. В работе представлена комплексная оценка рынка иммунобиологических препаратов (ИБП) в Республике Казахстан, выполненная на основе данных Государственного реестра лекарственных средств и медицинских изделий РК (по состоянию на 17.05.2026 г., n=97 позиций) и сопоставленная с регистрационным контуром ЕАЭС (n=153). Научная новизна исследования определяется применением риск-ориентированного подхода к интерпретации импортозависимости с учетом клинико-логистической значимости отдельных АТХ-сегментов (V01, J06, J07), а также интеграцией экономических показателей рынка и SWOT-анализа в единую аналитическую модель.

Материалы и методы: сплошная выборка из Государственного реестра ЛС РК; данные ИАС «Талдау» Бюро национальной статистики (2011–2024 гг.); открытые данные ТОО «СК-Фармация» о государственных закупках; единый регистрационный реестр Евразийской экономической комиссии. Применены методы контент-анализа, сравнительного, структурного и SWOT-анализа, риск-ориентированной оценки сегментов.

Результаты. Доля иммунобиологических препаратов составляет 1,7 % от общего числа зарегистрированных в РК ЛС. В структуре ИБП преобладают вакцины (73,2 %), при этом доля аллергенов (4,1 %) существенно уступает соответствующему показателю ЕАЭС (41,8 %), что свидетельствует о структурном дефиците диагностических и десенсибилизирующих средств. Импортозависимость составляет 94,8 % (5 отечественных позиций из 97). Сегмент иммуноглобулинов и сывороток (J06) полностью обеспечивается за счет импорта. Доля отечественных лекарственных средств в общем фармацевтическом рынке РК - 15,1 % (2024 г.), а в государственных закупках - около 32 %.

Обсуждение. Полученные данные подтверждают высокую импортозависимость сегмента иммунобиологических препаратов в Республике Казахстан. Доля отечественных ИБП составляет 5,2 %, что существенно ниже показателя фармацевтического рынка в целом. Сопоставление с регистрационным контуром ЕАЭС выявило наиболее выраженное структурное различие в сегменте аллергенов V01, тогда как доля J06 была сопоставимой, несмотря на полную импортозависимость данного сегмента в Казахстане. Полученные результаты обосновывают необходимость дифференцированного развития отечественного производства и регистрационного ассортимента ИБП.

Заключение. Рынок ИБП Республики Казахстан характеризуется высокой структурной импортозависимостью и преимущественно профилактической направленностью. Наиболее уязвимым сегментом является J06 - иммуноглобулины и сыворотки. Сформулированы конкретные рекомендации по локализации производства, развитию контрактного производства, формированию государственного резерва и расширению регистрации аллергодиагностических средств.

Ключевые слова: фармацевтический рынок, иммунобиологические препараты, вакцины, иммуноглобулины, ассортиментный анализ, импортозависимость, SWOT-анализ, ЕАЭС, Республика Казахстан.

CURRENT STATE AND DEVELOPMENT PROSPECTS OF THE MARKET FOR IMMUNOBIOLOGICAL PREPARATIONS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Bekmukhan D.S.[1]*, Abekova A.O.[2], Amirkhanova A.Sh.[1], Ustenova G.O.[1], Akhmetsadykov N.N.[2]

[1] Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, 050012, Kazakhstan

[2] Antigen Scientific and Production LLP, 4 Azerbayev St., Abay Village, Karasay District, Almaty Region, 040905, Kazakhstan

Corresponding author: Bekmukhan Dana, e-mail: daniebb17@gmail.com

Introduction. The article presents a comprehensive assessment of the immunobiological preparations (IBP) market in the Republic of Kazakhstan, based on data from the State Register of Medicines and Medical Devices of Kazakhstan (as of 17 May 2026, n=97 positions) and compared with the EAEU registration framework (n=153). The scientific novelty consists in applying a risk-oriented approach to interpreting import dependence, accounting for the clinical and logistical significance of ATC segments (V01, J06, J07), and in integrating market economic indicators and SWOT analysis into a unified analytical model.

Materials and methods: continuous sampling from the State Register; data from the "Taldau" IAS of the Bureau of National Statistics (2011–2024); open data of LLP "SK-Pharmacy" on public procurement; unified registration data of the Eurasian Economic Commission. Methods of content analysis, comparative, structural and SWOT analysis, and risk-oriented segment assessment were applied.

Discussion. The data confirm the high dependence on imports in the immunobiological preparations segment in the Republic of Kazakhstan. The share of domestically produced IBP is 5.2%, which is significantly lower than the figure for the pharmaceutical market as a whole. A comparison with the EAEU registration profile revealed the most pronounced structural difference in the V01 allergen segment, whereas the share of J06 was comparable, despite this segment's complete dependence on imports in Kazakhstan. The results obtained justify the need for a differentiated approach to the development of domestic production and the registration portfolio of immunobiological preparations.

